

**"Алматы агломерациясын аумақтық дамытудың өңіраралық схемасын бекіту туралы"  
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 24 мамырдағы № 302 қаулысына  
өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 13 тамыздағы № 514 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Алматы агломерациясын аумақтық дамытудың өңіраралық схемасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 24 мамырдағы № 302 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2016 жыл, № 32-33, 183-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Алматы агломерациясын аумақтық дамытудың өңіраралық схемасы осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдар осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*А. Мамин*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2020 жылғы 13 тамыздағы  
№ 514 қаулысына  
қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2016 жылғы 24 мамырдағы  
№ 302 қаулысымен  
бекітілген

**Алматы агломерациясын аумақтық дамытудың өңіраралық схемасы**

Осы Алматы агломерациясын аумақтық дамытудың өңіраралық схемасы (бұдан әрі – Алматы агломерациясының өңіраралық схемасы) Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің 2012 жылғы 14 желтоқсандағы "Қазақстан – 2050" Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты" атты Қазақстан халқына Жолдауын, "Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастырудың бас схемасының негізгі ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 30 желтоқсандағы № 1434 (бұдан әрі – Бас схеманың негізгі ережелері) қаулысын ескере отырып өзектілендірілді.

Алматы агломерациясының өңіраралық схемасы Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы заңнамасына, аумақты ұйымдастырудың экологиялық, әлеуметтік-экономикалық мәселелерін реттейтін нормативтік құқықтық және нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкес өзектілендірілді.

Алматы агломерациясының өңіраралық схемасы аумақты дамыту перспективаларын және оның инфрақұрылымға ұзақ мерзімді қажеттілігін айқындайтын қала құрылысы стратегиясы болып табылады. Алматы агломерациясының өңіраралық схемасы ережелерін іске асыру кезектілігі, қаржыландыру көздері және көлемі бюджеттік мүмкіндіктер ескеріле отырып, аумақтарды дамыту бағдарламалары деңгейінде айқындалады.

Алматы агломерациясының өңіраралық схемасының негізгі міндеттері:

1) агломерацияны дамытудың оңтайлы бағыттарын қалыптастыру мақсатында аумақтың шекарасына кіретін әкімшілік-аумақтық бірліктердің мүдделерін ескере отырып, жобаланатын аумақтың ұтымды жоспарлы ұйымдастырылуын айқындау;

2) аумақты функционалдық аймақтарға бөлу, халықты қоныстандыру және өндірістік күштерді орналастыру жүйесін жетілдіру, инженерлік, көліктік, әлеуметтік және рекреациялық инфрақұрылымды дамыту, аумақтарды қауіпті техногендік және табиғи процестерден қорғау, аумақтың экологиялық ахуалын жақсарту және қоршаған ортаны қорғау жөнінде негізді ұсыныстар кешенін әзірлеу.

Өзектілендірілген Алматы агломерациясының өңіраралық схемасы Алматы агломерациясы аумағын аралық (2025 жыл), есептік (2035 жыл) және болжамды (2050 жыл) жобалау мерзімдеріне арналған қала құрылысын перспективалы дамытудың жобалық ұсыныстарын қамтиды. Алматы агломерациясының өңіраралық схемасының негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштері осы Алматы агломерациясының өңіраралық схемасына 1-қосымшада келтірілген.

Алматы агломерациясын ұзақ мерзімді дамытудың жобалық ұсыныстары осы Алматы агломерациясының өңіраралық схемасына 2 – 14-қосымшаларда келтірілген.

Алматы агломерациясы елді мекендерінің тізбесі осы Алматы агломерациясының өңіраралық схемасына 15-қосымшада келтірілген.

## **1. Аумақты аймақтарға бөлу, қала құрылысына игеру және дамыту Аумақты қала құрылысына игеру және дамыту**

Алматы агломерациясы Алматы облысының бес әкімшілік ауданы: Еңбекшіқазақ, Жамбыл, Іле, Қарасай, Талғар аудандарының және Қапшағай қалалық әкімшілігі аумағының бөліктерінен тұрады. Осы аумақтардың бәрі агломерация орталығы (өзегі) – Алматы қаласының айналасында шоғырланған және Алматы агломерациясының аймағына кіреді.

Алматы облысы аумағының халық ең тығыз қоныстанған бөлігі, сауда-қаржылық және ғылыми-білім беру мекемелерінің көпшілігі Алматы агломерациясында орналасқан және аса қарқынды агломерациялық байланыстары бар.

Алматы облысының Қапшағай, Қаскелең, Талғар, Есік, Ұзынағаш сияқты ірі елді мекендері Алматы агломерациясы орталығының, Алматы қаласының контрмагниттері және серіктестері болып табылады әрі қарқынды агломерациялық процестер аймағында орналасқан.

Алматы агломерациясының шекарасы:

Агломерацияның оңтүстік шекарасы Жамбыл ауданының Қарғалы ауылдық округінің оңтүстік-батыс шекарасынан өтеді, одан әрі батыс бағытта Қарасай ауданының оңтүстік шекарасынан өтеді және Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі (бұдан әрі – Іле Алатауы МҰТП) аумағының солтүстік бөлігін қамтиды.

Агломерацияның батыс шекарасы Сорбұлақ көлінің солтүстігінен басталып, Іле ауданы аумағының оңтүстік бөлігінен өтеді, одан әрі Жамбыл ауданының Мыңбаев, Таран, Қарасу ауылдық округтерінің батыс шекаралары бойымен өтеді.

Солтүстіктен Алматы агломерациясының шекарасы Қапшағай су қоймасының оңтүстік жағалауымен өтеді, Шеңгелді ауылдық округінің оңтүстік-батыс бөлігін қамтиды және батыс жағынан қайтадан су қоймасының жағалауына шығады, Іле ауданының Жетіген ауылдық округінің батыс шекарасымен және Сорбұлақ көлінің солтүстігінен айналып өтеді.

Шығыс жағындағы шекарасы Іле Алатауы МҰТП солтүстік-шығыс бөлігінен басталып, одан әрі солтүстік бағытта және Көктөбе, Түрген, Қаракемер, Бәйдібек би, Ақши ауылдық округтерінің шығыс шекаралары бойымен Еңбекшіқазақ ауданы аумағының бір бөлігін қамтиды.

Алматы агломерациясының шекарасындағы серіктес қалалары бар неғұрлым урбандалған және тығыз қоныстандырылған аймақ Іле Алатауы шегінің бойында ендік бағытта қалыптасты.

Халықтың қоныстануының меридианды бағытының солтүстік бөлігі "Алматы – Қапшағай" автомобиль тасжолы бойында қалыптасты, онда Өтеген батыр және Жетіген ауылдарында ірі көліктік-логистикалық орталықтар орналасқан. Автомобиль тасжолының шығыс жағынан, Қапшағай су қоймасының батыс жағалауында демалыс аймағы дамыған Қапшағай қаласы орналасқан.

Алматы агломерациясының шекарасында орналасқан барлық елді мекендердің еңбек, экономикалық және мәдени-тұрмыстық сипаттағы тұрақты байланыстары бар.

Агломерация аймағына Алматы облысының 189 елді мекені және Алматы қаласы кіреді. Агломерация жерінің жалпы ауданы 939,5 мың га құрайды.

Алматы агломерациясы осы шекараларда жеке әкімшілік бірлікке бөлінбейді, қалыптасқан әкімшілік бөлініс пен аумақтарды басқару бұзылмайды. Бұл ретте Алматы қаласының аумағы Алматы қаласы әкімдігінің қарамағында, ал Алматы

агломерациясына кіретін аудандардың жерлері Алматы облысы әкімдігінің қарамағында болады.

"Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 2-тармағының 6-1) тармақшасына сәйкес аумақтың қала құрылысын игерудің және дамытудың тиісті нормалары мен қағидаларын белгілей отырып, Алматы агломерациясының аумағы ерекше реттелетін сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі мен қала құрылысы регламентациясының аумақтық объектілеріне жатады.

Республикада да, Алматы агломерациясында да аумақтық даму және қала құрылысын игеру ауыл шаруашылығы, рекреациялық, табиғат қорғау, өнеркәсіп және құрылыс қызметін жүргізудің орындылығын айқындауға сәйкес аумақты нысаналы мақсаты және шаруашылық пайдалану бойынша функционалдық аймақтарға бөлуге қатаң сәйкестікте жүргізілуге тиіс.

Алматы агломерациясының құрамына кіретін елді мекендердің аумақтарын дамыту мен қала құрылысын игеруді жоспарлы реттеу үшін Алматы қаласы мен Алматы облысының елді мекендерінің бас жоспарлары әзірленді және бекітілді.

## **Жоспарланатын аумақты аймақтарға бөлу**

Белгіленген аймақтарды пайдалану мақсаттары мен режимдерін анықтай отырып, аумақты мақсаты бойынша бөлу функционалдық аймақтарға бөлу деп аталады.

Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастырудың бас схемасында (Бас схеманың негізгі ережелерінің 5-бөлімі) функционалдық аймақтар 4 негізгі топқа бөлінді:

- 1) шаруашылыққа және қала құрылысына қарқынды игеру және табиғи ортаны барынша жол берілетін жасанды түрлендіру аймақтары;
- 2) қоршаған табиғи ортаны экстенсивті игеру аймақтары;
- 3) шаруашылыққа игеру шектелетін және қоршаған ортасы барынша сақталатын аймақтар;
- 4) шаруашылық қызметтің ерекше регламенттері бар аймақтар.

Жоғарыда аталған әрбір аймақтың құрамында тиісті кіші аймақтар болады.

Негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштерде көрсетілген алаңдарды анықтау үшін Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 1-бабының 1-тармағына сәйкес аумақтың жобалық жер теңгерімі орындалды.

### **1.1 Шаруашылыққа және қала құрылысына қарқынды игеру және табиғи ортаны барынша жол берілетін жасанды түрлендіру аймақтары**

Қоныстандырудың кіші аймағы

Алматы агломерациясының аумағы ерекше қала құрылысын реттеу аймағында орналасқан, ол үшін "Сейсмикалық аймақтарда құрылыс салу" 2.03-30-2017 Қазақстан

Республикасының қағидалар жинағына (бұдан әрі – ҚР ҚЖ), "Қала құрылысы. Қалалық және ауылдық елді мекендерді жоспарлау және құрылыстарын салу" 3.01-01-2013 Қазақстан Республикасының Құрылыс нормаларына (бұдан әрі – ҚР ҚН) сәйкес сәулет-қала құрылысы қызметі мақсаттарына арналған жоспарлық шектеулер мен регламенттер белгіленді.

Алматы агломерациясы жоспарлау орталықтары: Қаскелең, Қапшағай, Талғар, Есік қалаларын, Ұзынағаш, Жетіген, Өтеген батыр ауылдарын қамтитын Жетісу урбандалған аймағына жатады.

Қоныстандыру аймағы республикалық және облыстық маңызы бар автожолдардың негізгі жоспарлы осьтерінің бойындағы қала маңы аймағы мен теміржол тармақтары бар Алматы қаласының ықпал ету аймағының оңтүстік орталық бөлігін алып жатыр және Алматы қаласының аумағы мен Алматы қаласынан 25 – 30 км радиуста қарқынды қоныстандыру аймағынан тұрады. Бұдан басқа, "солтүстік-оңтүстік" жоспарлау осінің бойында индустриялық-өнеркәсіптік және рекреациялық даму бағыттарына байланысты қоныстандыру қалыптасты.

Алматы қаласының дамуын аумақтық шектеу, оның ішінде серіктес қалалар мен контрмагнит-қалаларды дамыту есебінен агломерациядағы қоныстандырудың кіші аймақтарының аумағын дамытудың негізгі қағидаты болып табылады. Жұмыс істеп тұрған қалалық және ауылдық елді мекендер қоныстандыру аймағының құрамдас элементтері болып табылады. Бар құрылысты реконструкциялау мен перспективалы құрылысты, әлеуметтік және мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету объектілерін, экологиялық таза коммуналдық-өндірістік объектілерді, ауылдық қоныстандыру аймағы шегінде қосымша шаруашылық аумақтарды орналастыруды көздеу қажет. Бұл ретте санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сай келмейтін, сейсмикалық төзімді емес тозығы жеткен үйлер алып жатқан аумақтарды реконструкциялау есебінен елді мекеннің аумақтарын тиімді пайдалану көзделеді.

Болжамды 2050 жылы Алматы қаласын есепке алғанда, қалалардың жалпы ауданы 95684,0 га, ауылдық елді мекендердің жалпы ауданы 99359,0 га құрамақ.

Өндірістік және логистикалық кіші аймақтар

Агломерация аумағындағы өндірістік және логистикалық аймақтар Алматы қаласынан шығарылатын өнеркәсіптік және қоймалық кәсіпорындарды көшіруге арналған, өйткені олардың орналасуы қалыптасқан құрылыс салу жағдайында санитариялық-эпидемиологиялық және экологиялық талаптарға сай келмейді.

Өнеркәсіптік өсу қарқынын арттыру үшін мынадай бірнеше өнеркәсіптік кластерді дамыту көзделеді:

Алатау ауданының "Алматы" индустриялық аймағы (490 га);

Медеу ауданындағы "Инновациялық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағы" мемлекеттік инновациялық кластері (362 га);

ҮАААЖ-мен жол айрығындағы Қапшағай тасжолы бойындағы "Береке" индустриялық аймағы (535 га);

"Арна" индустриялық аймағы (1 303 га);

Алматы облысы Талғар ауданы Жаңалық ауылындағы "Қайрат" индустриялық аймағы (198 га);

ҮАААЖ-мен жол айрығындағы Қапшағай тасжолы бойындағы "Боралдай" (602 га) индустриялық аймағы;

Алматы облысы Іле ауданы Байсерке ауылындағы "Даму-Алматы" (210 га) жеке меншік индустриялық паркі;

Алматы облысы Қарасай ауданы Боралдай ауылындағы "Даму-Ақсеңгір" (22 га) жеке меншік индустриялық паркі;

Талғар ауданы Жаңалық ауылындағы "Даму-Қайрат" (142 га) жеке меншік индустриялық паркі.

Инновациялық технологиялар парктері мен өнеркәсіптік аймақтарды орналастыруға арналған перспективалы аумақтардың ауданы 3864,0 га құрайды.

Көліктік-коммуникациялық дәліздердің кіші аймағы

Автомобиль жолдарының кіші аймағы

Қалыптасқан көліктік-коммуникациялық дәліздер Алматы агломерациясын кеңістікте дамытудың жоспарлы осьтерінің өтуін айқындап берді.

Негізгі көліктік дәліздер бойынша 25 километрлік аймақ (қоныстандыру үшін біршама қолайлы аумақ) шекарасында Алматы агломерациясының елді мекендерінің тірек желісімен және перспективалы көлік қаңқасымен өзара байланысты қоныстандыру "дәліздері", қала құрылысындағы құндылығы жоғары аймақтар айқындалды.

Алматы агломерациясының өңіраралық схемасында магистральдық автожолдардың өтуі үшін дәліздер резервтелген, олардың ені көлік ағындарының есептік қарқындылығына қарай "Қала құрылысы. Қалалық және ауылдық елді мекендерді жоспарлау және құрылыстарын салу" 3.01-01-2013 ҚР ҚН сәйкес қабылданды. Қызыл желілердегі негізгі автокөлік легі үшін шудан қорғау құрылғыларын қолдануды ескере отырып, төмендегідей қабылданды:

1) "Алматы – Өскемен" автожолы мына учаскеде:

ҮАААЖ – Қапшағай – "Жаңа Іле" – 226,5 м;

ҮАААЖ – 150 м;

2) "Батыс Еуропа – Батыс Қытай" автожолы – 130 м;

3) Жаңа Құлжа трассасы мына учаскелерде:

Алматы қаласының шекарасы – ҮАААЖ – 125 м;

ҮАААЖ – агломерация шекарасы – 140 м;

4) Первомай алаңының батыс жағынан және Қапшағай қаласының айналма автожолы, мына учаскелерде:

"Орта жартылай шеңбер" 132-ден 330,5 м дейін;

5) Жоғары Талғар трассасы мына учаскелерде:

ҮАААЖ –Талғар қаласы –Есік қаласы – 50 м;

Есік қаласы – Құлжа трассасы – 150 м;

6) "Алматы – Бішкек" автожолы мына учаскеде:

ҮАААЖ – Ұзынағаш ауылы – 140 м;

7) Алматыдан қосымша шығу (Батыс Еуропа – Батыс Қытай автожолы) мына учаскеде:

ҮАААЖ – Ұзынағаш ауылы – 330,5 м;

8) жергілікті маңызы бар "Алматы – Қорғас" автожолы (Жетіген – Қорғас теміржол магистралінің бойымен) – 50 м;

10) "Алматы – Нұр-Сұлтан" автожолы мына учаскелерде:

ҮАААЖ –Ақши ауылы – 140 м.

Жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдары жерлерінің жобалық алаңдары "Автомобиль жолдары үшін жер кесіп беру нормалары" 3.03-02-2013 ҚР ҚН сәйкес белгіленді.

Теміржолдардың кіші аймағы

Алматы облысы трансшекаралық өңір болып табылады, өйткені батыста Қытай Халық Республикасымен шектеседі.

Алматы агломерациясы шегінде "Батыс Еуропа – Батыс Қытай" халықаралық транзиттік дәлізі (аттас автомобиль жолымен қатар өтетін "Жетіген – Қорғас" теміржол тармағы) өтеді. Агломерация шегіндегі "Қорғас – Жетіген – Ақсеңгір" теміржол учаскесінің ұзындығы 135 км құрайды.

Алматы агломерациясының өңіраралық схемасының жобасында:

"Жетіген – Қазыбек бек" бағытындағы айналма теміржол желісін;

"Алматы-1 – Жетіген – Қорғас" учаскесінде электрлендірілген екінші жол;

"Жетіген – Қосқұдық" бағытындағы теміржол желісін (перспективада электрлендіріп) салу ұсынылады.

"Темір жолдарға арналған жер кесіп берудің нормалары" 3.03-116-2014 ҚР ҚН сәйкес теміржол құрылыстарының сақталуын, орнықтылығын, беріктігін және жылжымалы құрамның қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз ету мақсатында жергілікті атқарушы органдар теміржолдарды беру белдеуіне кірмейтін теміржолдардың бақыланатын аймақтарын белгілейді:

- елді мекендердің шегінен тыс – теміржол жолағынан екі жаққа 50 метр қашықтықта;

- елді мекендерде – теміржол жолағынан екі жаққа 20 метр қашықтықта.

Энергетика тораптарының кіші аймағы

Энергетика тораптарының аймақтарына энергетикалық инфрақұрылым, оның ішінде электр станциялары, электр беру желілері, қосалқы станциялар, үлестіру пункттері және басқа да электр желісі шаруашылығы орналасқан аумақтар жатады.

Кернеуі 35 кВ және одан жоғары электр беру желілерінің ұзындығы 3150 км, болжамды 2050 жылы – 3710 км құрайды.

Энергетика тораптары аумағына санитариялық қағидаларда көзделген қорғау аймақтары жатқызылды:

220 кВ кернеулі әуе желісі (бұдан әрі – ӘЖ) үшін – 20 м;

500 кВ кернеулі ӘЖ үшін – 30 м;

750 кВ кернеулі ӘЖ үшін – 40 м;

1150 кВ кернеулі ӘЖ үшін – 55 м.

Сумен жабдықтау және кәріз желілері мен көздерінің кіші аймақтары

Алматы агломерациясының жобаланатын су құбыры желілері мен су таратқыштарының жалпы ұзындығы 6061,2 км құрайды.

Алматы агломерациясының жобаланатын кәріз желілерінің жалпы ұзындығы 1792,4 км құрайды.

Құрылыс салынбаған аумақтардан өтетін су таратқыштардың санитариялық-қорғаныш белдеулерінің енін шеткі су таратқыштардан бастап қабылдау керек: құрғақ жерге салғанда – диаметрі 1000 мм дейін болғанда кемінде 10 м және диаметрі үлкен болғанда кемінде 20 м; ылғалды жерде – диаметріне қарамай кемінде 50 м.

## 1.2 Табиғи ортаны экстенсивті игеру аймақтары

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің құрамында ауыл шаруашылығы алқаптары мен ауыл шаруашылығының жұмыс істеуі үшін қажетті шаруашылық ішіндегі жолдар, коммуникациялар, тұйық су қоймалары, мелиорациялық желілер, құрылыстар мен ғимараттар орналасқан жерлер, сондай-ақ өзге де алқаптар (сортаңдар, құмдар, тақырлар және ауыл шаруашылығы алқаптарының массивіндегі басқа да алқаптар) бөлінеді.

Ауыл шаруашылығы өндірісін басым дамыту аймағы Алматы төңірегіндегі көлемді аумақтарды алып жатыр және бірқатар кіші аймақтарға бөлінеді:

егін шаруашылығы (егістіктер);

мал шаруашылығы (жайылымдар);

өсімдік шаруашылығы (бақтар, жүзімдіктер және өзге екепелер);

ұжымдық бақтар мен саяжайлар.

Неғұрлым құнарлы, суармалы, егістікке пайдалы жерлер және бау-бақша аймақтары Алматы агломерациясының тау бөктері мен таулы бөліктерінде орналасқан.

Егіншілік (егістік) аймағын дамыту ауыл шаруашылығы дақылдарын суару мақсатында аумақты суландырумен тығыз байланысты. Жерді суару үшін шағын



өзендер арнасындағы көптеген гидротехникалық құрылыстар, оның ішінде су жиналатын тоғандар және арық жүйесі пайдаланылады.

Егістік ауыл шаруашылығы алқаптарының құрамындағы жерлердің 20 % алады.

Мал шаруашылығы (жайылымдар) кіші аймағы, негізінен, егін шаруашылығы кіші аймағының ендік периметрі бойында орналасқан, өзендер бойындағы шалғындар, тау бөктері мен таулы аймақтар, егін шаруашылығына жарамсыздау жерлер (жер бедері ойлы-қырлы төңірек, шөлейт жерлер және т.б.), агломерацияның оңтүстік-батыс, солтүстік және солтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан ауқымды жайылымдар аумағы жиі пайдаланылады.

Жайылымдық жерлер ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің 74 % алады.

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 97-бабының 4-тармағына сәйкес көп жылдық екпелер жеміс-жидек, техникалық және дәрі-дәрмек өнімдерінің түсімін алуға, сондай-ақ аумақты сәндеп безендіруге арналған.

Алматы агломерациясының аумағындағы бағбандық кіші аймағы көп жылдық екпеге жатады, олар шамалы аумақты алып жатыр және негізінен агломерацияның тау бөктеріндегі және таулы бөлігінде, теңіз деңгейінен 950 – 1250 метр биік деңгейде шоғырланған.

Алматы агломерациясының өңіраралық схемасы жобасында алма дақылдарын селекциялау және интродукциялау саласындағы озық ғылыми жетістіктер негізінде арнайы селекциялық-генетикалық стационарларда Алматы апортының сортын жаңғырту жөніндегі жұмыстарды жүргізу мүмкіндігі үшін осы аумақты қорғау және қайта жаңғырту көзделеді.

Ауыл шаруашылығы алқаптарының құрамында бау-бақша аймағы 1,5 % құрайды.

Ұжымдық бақтар мен саяжайлардың кіші аймағы, негізінен, Алматы, Талғар, Есік, Қаскелең қалалары, Түрген ауылы және басқа ірі ауылдар төңірегіндегі шағын аумақтарды алып жатыр. Агломерацияның солтүстік бөлігіндегі республикалық маңызы бар "Алматы – Өскемен" автожолының бойында (шығыс және батыс жағы) ұжымдық бақтар мен саяжайлар Байсерке және Жаңалық ауылдары арасында орналасқан.

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 102-бабының 1, 3-тармақтарына сәйкес жеке қосалқы шаруашылық жүргізу, бағбандық, саяжай құрылысы мен бақша өсіру үшін жер учаскелері ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерден, ауылдық елді мекендердің жерінен және босалқы жерден беріледі.

Жерлердің мелиоративтік жағдайының нашарлауына алып келетін жер суару және құрғату жүйесінің айтарлықтай тозуына және істен шығуына байланысты суарылатын жерді толық пайдаланбау және егістік жерлердің тозуы ауыл шаруашылығын мақсатындағы жерлердің негізгі проблемалары болып табылады.

Ауыл шаруашылығының тиімділігі жерді мелиорациялау және суландыру бойынша өткізілетін іс-шараларға тікелей байланысты болады. Осыған орай суарылатын

жерлердің сапалық жай-күйін қалпында ұстау жөніндегі мемлекеттік саясат кешенді түрде және ауыл шаруашылығындағы басқа іс-шаралармен тығыз өзара байланыста әзірленіп, жүргізілуге тиіс.

Топырақтың қарашірік күйін қалпына келтіру және сақтау үшін органикалық тыңайтқыштарды себу, дақылдардың бірнеше түрін егу және шөптер еге отырып ауыспалы егістікті енгізу, топыраққа органикалық қалдықтарды барынша қайтару және топырақтың биологиялық белсенділігін сақтау қажет. Сонымен қатар, атмосфералық ылғалды барынша пайдалану, қар жинақтау және ылғалды ұстап қалу жөніндегі іс-шараларды жүргізу қажет.

Алматы агломерациясының ауыл шаруашылығы жерлерінде топырақтың одан әрі тозуының алдын алу үшін эрозияға қарсы агротехникалық іс-шараларды қолдану, беткі қабаттың еңісіне қарай ылдифа көлденеңінен өңдеу жүргізу, терең қопсыту, дақылдарды жолақпен егу, егін қорғайтын орман алқаптарын жасау, органикалық және минералды тыңайтқыштарды көп себу қажет.

Деградациялық процестердің алдын алу, жасыл екпелерді сақтау және көбейту үшін бүкіл аумақта бейімделген-ландшафттық тәсілді енгізу шартымен Алматы қаласының егіндік және табиғи алқаптарының көлемін өзгеріссіз қалдыру ұсынылады.

Мал шаруашылығы жайылымын дамыту перспективасына байланысты Жамбыл, Іле, Талғар және Еңбекшіқазақ аудандарының босалқы жерлер санатынан аралық (2025 жыл) және есептік (2035 жыл) жобалау мерзімдеріне қарай ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге ауыстыру немесе шалғайдағы жайылымдар ретінде пайдалану қажет.

Жайылымдық жерлерде дефляцияға қарсы іс-шаралар жүргізу қажет. Жайылымдарда шамадан тыс мал жаю мен жайылымның тапталуына жол берілмеуі қажет. Жайылымдардағы дефляциямен күрестің негізгі шаралары мал жаюды қатаң нормалау (әсіресе көктем кезінде), өсімдіктерді жою мен топырақ құрылымын тозаңға айналдыруға жол бермеу, шөп (эспарцет, еркекшөп, жоңышқа) егу болып табылады.

Бас схеманың негізгі ережелеріне сәйкес аталған кіші аймақта ауыл шаруашылығы жерлерінің барлық түрлерін бейіндік салаларды дамытумен байланысы жоқ мақсаттарға алып қоюды шектеу ұсынылған. Мұнда шаруашылықтың негізгі түрлерін дамыту жағдайларына кері әсер етуші өндірістік қызметтің барлық түрлеріне (атмосфераны ластау, селдер, топырақтың тозуы және тұздануы) барынша шектеу қойылады. Пайдалану режимі топырақ қабатының бұзылуына, жерасты суларының ластануына жол бермейді. Топырақты мелиорациялау немесе суландыру іс-шаралары көзделген.

Алматы агломерациясының шекарасында ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер 475878,7 га құрайды. Есептік жобалау мерзімінде тыңайған жерлер мен босалқы жерлерді ауыл шаруашылығы айналымына тарту есебінен ауыл шаруашылығы жерлерінің ауданын 482 986,3 га дейін өсіру көзделеді.

2050 жылға қарай ауыл шаруашылығы жерлерінің болжамды ауданы 484 000 га, Алматы агломерациясының жалпы ауданының 52 % құрайды.

### **1.3 Шаруашылыққа игеру шектелетін және табиғи ортасы барынша сақталатын аймақтар**

Шаруашылыққа игеру шектелетін және табиғи ортасы барынша сақталатын аймақтарға мынадай кіші аймақтар жатады:

ұзақ уақыт демалу, санаторийлік-курорттық қызмет ареалын қамтитын рекреациялық басымдықпен пайдаланылатын аумақтар;

қорықтардың, қаумалдардың, табиғат ескерткіштерінің аумақтарын қамтитын ерекше қорғалатын табиғи аумақтар;

тарихи ескерткіштер мен құрылыстар орналасқан аумақтар;  
саябақ аймақтары.

Осы аумақтарды сауатты және ұтымды шаруашылық пайдалану үшін бірнеше негізгі қағидаларды сақтау қажет:

өнеркәсіптік немесе ауыл шаруашылығы өндірісін дамытуға және орналастыруға жол бермейтін режим белгілеу,

табиғи ресурстарды табиғи ландшафт пен мәдени әлеуетті барынша сақтайтын тәсілдермен пайдалану.

Ұзақ уақыт демалу, санаторийлік-курорттық қызмет ареалын қамтитын басым рекреациялық пайдалану аумақтары

Таулы табиғи-ландшафттық рекреациялық кіші аймақ

Іле Алатауы – Тянь-Шаньның солтүстік-батысындағы тау жотасы 43° с.е. бойымен 360 км созылып жатыр. Негізгі биіктігі – 4000 – 4600 м, биік нүктесі – Талғар шыңы (4973 – 4979 м). Жотаның биіктігі 4500 м асатын 22 шыңы бар.

Негізінен, мұздан пайда болған көптеген көлдері бар. Іле Алатауындағы ең ірі және белгілі көлдер Үлкен Алматы көлі және Есік көлі болып табылады. Биік таулы бедер басым.

Іле Алатауы мұздығынан Талғар, Түрген, Шілік және Қаскелең сияқты көптеген өзендер бастау алады, оларға Шамалған, Ақсай, Үлкен және Кіші Алматы қосылады.

Аталған кіші аймақтың аумағында Іле Алатауы МҰТП орналасқан, оның қала құрылысы және шаруашылық мақсатында игерілуі "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 45-бабына сәйкес жүзеге асырылуға тиіс.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар

"Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 41 және 42-баптарына сәйкес және заңда қатаң белгіленген тәртіппен осы аумақтарда кез келген ғылыми және экологиялық-ағартушылық қызмет жүзеге асырылады, ерекше

құнды табиғи кешендерді қорғау және сақтау жөніндегі іс-шаралар, сондай-ақ қорғалатын аумақты басқару жоспарларында көзделген қалпына келтіру іс-шаралары жүргізіледі.

Алматы агломерациясының аумағында Алматы мемлекеттік табиғи қорығы, Іле Алатауы МҰТП, "Медеу мемлекеттік өңірлік табиғат паркі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – "Медеу" мемлекеттік өңірлік табиғат паркі) орналасқан.

Сондай-ақ Іле Алатауының бірегей ландшафты мен кешендері, табиғи тоғайлар, Альпі шалғындары мен көлдері, сирек кездесетін, жойылып бара жатқан флорасы мен фаунасының түрлері қорғаудың табиғи объектілері болып табылады.

Саябақ ландшафт пен қоршаған аумақтарды интеграциялау өңірлік маңызы бар табиғи парктер аумағын кеңістікте ұйымдастырудың ерекшелігі болып табылады. Саябақтың шекарасы жойылып барады және саябақтың құрамына қандай ландшафтар кіретінін, ал қайсысы қоршап тұрғанын анықтау қиын. Сондықтан жобалау кезінде тек саябақты ғана емес, сонымен қатар оның айналасындағы аумақтарды визуалды түрде қабылдау ерекшеліктерін ескеру қажет.

Алматы апорт алмасының сортын шығару үшін базалық негіз болған қалдық жабайы жеміс бақтарының аймағын ерекше қорғалатын аумақтарға қосу ұсынылады. Бұл аймақ Іле Алатауының бөктерінде теңіз деңгейінен 950-1450 м белгілері арасындағы биіктікте өтетін жолақта орналасқан.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды (бұдан әрі – ЕҚТА) барынша сақтау және дамыту – аумақтарды, оның ішінде Алматы агломерациясының қала құрылысын игеру кезінде шешілетін міндеттердің ең маңыздысы.

Алматы агломерациясының аумағында 2025 жылға қарай 28853 га және 2035 жылға қарай 164956 га ЕҚТА-ны бір санаттан екіншісіне ауыстыру көзделген.

Тарихи ескерткіштер және құрылыстар орналасқан аумақтар

Алматы агломерациясының аумағында көптеген мәдениет және тарих ескерткіштері орналасқан.

Іле Алатауы таулары баурайының бойымен шығыс және батыс бағытында Қаскелең қаласы, Үшқоңыр және Ұзынағаш ауылдары ауданына шығатын "Алтын Аймақ Жетісу" этномәдени ландшафт белдеуі аймағы орналасқан. Этномәдени белдеудің солтүстік тармағы меридианды этномәдени ландшафттық саябағы бар Үлкен Алматы өзенінің сағасына шығып, Үлкен Алматы арнасының бойымен өтеді.

Ескерткіштер көп шоғырланған жерлерде негізгі композициялық осі Жібек жолы трассасының бойында болатын этномәдени ландшафттық белдеуді дамыту көзделген.

Бұл кіші аймақ табиғат және мәдениет ескерткіштерін қорғауды, қалалық және өнеркәсіптік құрылысты шектеуді көздейді, мұнда тарихи ескерткіштер мен құрылыстардың эстетикалық келбетін бұзуы мүмкін іс-шараларды жүргізуге болмайды.

Парк аймақтары

Алматы агломерациясының аумағында Есік мемлекеттік дендрологиялық паркін, Іле Алатауы МҰТП, "Медеу" мемлекеттік өңірлік табиғат паркін қоса алғанда, парк аймақтарына ЕҚТА регламенті қолданылады.

Өңірдің экологиялық ахуалын, микроклиматын жақсарту, биологиялық әралуандылығын арттыру үшін Алматы қаласының айналасында жасыл белдеу жасау ұсынылады. Сондай-ақ агломерация аумағын көгалдандырудың бірыңғай жүйесінде агломерация аумағында ағатын шағын өзендер алқаптарының аумақтарын көгалдандыру маңызды рөл атқарады. Алматы агломерациясының өңіраралық схемасы жобасында рекреациялық мақсаттағы кеңістікті қалыптастыру үшін жасыл алқаптар, плантациялық ағаш егу, екпе ағаш жолақтары (мысалы, ҰАААЖ бойымен, ені 200 м-ден 500 м-ге дейін), санитариялық-қорғау аймақтары, таудағы және жазықтағы табиғи өсетін орман алқаптары, өзендердің көгалдандырылған алқаптары, ботаникалық бақтар, питомниктер, саябақтар және қоршаған ортаны қорғау, климатты реттеу, ландшафттың эстетикалық сапасын жақсарту функцияларын орындайтын басқа да аумақтар сияқты жасыл аймақтарды ұлғайту көзделген.

2018 жылдың басында орман қорының жерлері: Еңбекшіқазақ ауданында – 82,7 га, Жамбыл ауданында – 7,0 га, Талғар ауданында – 17,9 га, Іле ауданында – 9121,0 га, Қарасай ауданында – 44 га, Қапшағай қалалық әкімшілігінде – 787,0 га болды.

Орман қоры жерлерін орман шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттарға арналған басқа санаттағы жерге ауыстыруды Қазақстан Республикасының Үкіметі жүзеге асырады.

Сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттық мақсаттар; аңшылық шаруашылығы мұқтаждары; жанама орман пайдалану үшін мемлекеттік орман қоры жерлерінен құрылыс объектілеріне учаскелерді беру Қазақстан Республикасының орман заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

#### **1.4. Шаруашылық қызметтің ерекше регламенттері бар аймақтар**

Бұл санатқа мыналар кіреді:

1) тарихи-мәдени мұра объектілерін (тарих және мәдениет ескерткіштері) қорғау аймақтары;

2) үнемі радиометриялық бақылауды қажет ететін, радиоактивті ластану болуы мүмкін аумақтар;

3) ірі өнеркәсіптік және ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының санитариялық-қорғау аймақтары;

4) бақтар, батпақтар, пайдалы қазбалар кен орындары;

5) геологиялық ортасы бұзылған аумақтар;

6) төтенше жағдай туындау қаупі бар объектілер (магистральдық газ және/немесе мұнай құбырлары және басқа объектілер) өтетін аумақтар;

7) су қорғау аймақтары.

Магистральдық газ құбырларының кіші аймағы

2018 жылғы 1 қаңтарда Алматы облысының аумағындағы магистральдық газ құбырының ұзындығы 422 км құрайды, оның ішінде 123 км агломерация аумағынан өтеді. Трансконтинентальдық газ құбыры Іле, Талғар және Еңбекшіқазақ аудандарын ендік бағытта кесіп өтіп, Сорбұлақ және Қапшағай су қоймасының оңтүстігінен өтеді.

Алматы агломерациясы аумағының оңтүстік бөлігінде "Бұхара газды ауданы – Ташкент – Бішкек – Алматы" газ құбыры өтіп, Алматының батысындағы "Орбита" автоматтандырылған газ үлестіру станциясында аяқталады. Тармақтар саны – 2. Құбырлардың диаметрі – 1020 және 530 мм. Газ құбырының қуаты – жылына 8 млрд. м<sup>3</sup>.

Алматы агломерациясы аумағында магистральдық газ құбырларының санитариялық-қорғаныш аймақтарының ауданы 65500 га құрайды.

#### Су қорының аумақтары

Алматы агломерациясының аумағындағы су қорғау аймақтары және су объектілеріне арналған белдеулер қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес белгіленді.

Алматы облысы әкімдігінің 2009 жылғы 12 мамырдағы № 93 қаулысымен Қапшағай су қоймасының су қорғау аймақтары мен белдеулері белгіленді:

су қорғау аймағы – 1000 м,

су қорғау белдеуі – абсолюттік биіктіктің (су қоймасын толтырудың шекті белгісінің) 479,0 м көлденең сызығынан 100 м.

Алматы облысы әкімдігінің 2011 жылғы 21 қарашадағы № 246 қаулысымен мынадай су қорғау аймақтары мен белдеулер белгіленді:

Үлкен Алматы өзені:

су қорғау аймағы – 300 метрден 1000 метрге дейін;

су қорғау белдеуі – 35 метрден 100 метрге дейін;

Түрген өзені:

су қорғау аймағы – 550-1700 м;

су қорғау белдеуі – 55-110 м;

Ақсай өзені:

су қорғау аймағы – 500-1000 м;

су қорғау белдеуі – 35-100 м;

Ащыбұлақ өзені:

су қорғау аймағы – 500-550 м;

су қорғау белдеуі – 60-100 м;

Ұзынқарғалы өзені:

су қорғау аймағы – 500-1000 м;

су қорғау белдеуі – 35-100 м;

Шамалған өзені:

су қорғау аймағы – 500-1000 м;

су қорғау белдеуі – 35-100 м;

Белбұлақ өзені:

су қорғау аймағы – 500-700 м;

су қорғау белдеуі – 35-100 м.

"Алматы облысы Талғар ауданының "Akbulak Club Resort" кешені аумағының шегінде су қорғау аймақтары мен белдеулерін, оларды шаруашылықта пайдалану режимін белгілеу туралы" Алматы облысы әкімдігінің 2012 жылғы 27 шілдедегі № 241 қаулысына сәйкес су қорғау белдеуінің ені 35 м, су қорғау аймағының ені 500 м құрайды.

Әзірленген жобалары жоқ су объектілерінің су қорғау аймақтары мен белдеулері "Су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 18 мамырдағы № 19-1/446 бұйрығына сәйкес қабылдануға тиіс:

шағын (ұзындығы 200 км) өзендер үшін су қорғау аймағы – 500 м;

басқа өзендер үшін:

шаруашылыққа пайдалану жағдайлары қарапайым және су жинаудағы экологиялық жағдай қолайлы – 500 м;

шаруашылыққа пайдалану жағдайлары күрделі және су жинаудағы экологиялық жағдай қауырт – 1000 м.

2018 жылдың басындағы жағдай бойынша су қоры жерлерінің көлемі: Еңбекшіқазақ ауданында – 3133,0 га, Жамбыл ауданында – 16,0 га, Қарасай ауданында – 291 га, Талғар ауданында – 1064 га, Іле ауданында – 574,0 га, Қапшағай әкімшілік қаласында – 7512,3 га құрады. Алматы агломерациясының шекарасына кірген Қапшағай су қоймасындағы су айдынының көлемі 33897,7 га құрайды.

Су қорғау аймақтарының шегінде мыналарға:

су объектілерінің және олардың су қорғау аймақтары мен белдеулерінің ластануын және қоқыстануын болдырмайтын құрылыстармен және құрылғылармен қамтамасыз етілмеген жаңа және реконструкцияланған объектілерді пайдалануға беруге;

келісілген және бекітіліген жобалау құжаттамасы негізінде Алматы қаласы мен Алматы облысының жергілікті атқарушы органдары белгілеген тәртіппен келісілген жобалар болмаса, ғимараттарды, құрылыстарды, коммуникацияларды және басқа объектілерді реконструкциялауды жүргізуге, сондай-ақ құрылыс, түбін тереңдету және жарылыс жұмыстарын жүргізуге, пайдалы қазбаларды өндіруге, кабельдерді, құбырларды және басқа коммуникацияларды салуға, бұрғылауға, жер жұмыстары мен өзге де жұмыстарды жүргізуге;

тыңайтқыштарды, пестицидтерді, улы химикаттарды және мұнай өнімдерін сақтауға арналған қоймаларды, техникалық қызмет көрсету пункттерін, көлік құралдары мен ауыл шаруашылығы техникасын жуу орындарын, механикалық шеберханаларды орналастыруға және салуға, тұрмыстық және өнеркәсіптік қалдықтар

үйіндісін, аппаратураға пестицидтерді және улы химикаттарды құюға арналған алаңдарды, авиациялық-химиялық жұмыстарды жүргізуге арналған ұшу-кону жолақтарын ұйымдастыруға, сондай-ақ судың сапасына кері әсер ететін басқа объектілерді орналастыруға;

мал фермалары мен кешендерді, сарқынды суларды жинағыштарды, сарқынды сулармен суарылатын егістік жерлерді, мазарларды, мал қорымын, сондай-ақ жерүсті және жерасты суларының микробтық ластану қауіптілігіне себеп болатын басқа объектілерді орналастыруға;

жүктеме нормасынан асырып мал жаюға, малды суға түсіруге және санитариялық өңдеуге және су қоймасының режимін нашарлататын шаруашылық қызметтің басқа түрлеріне;

су көздеріндегі су кемерінен кемінде екі мың метр қашықтықта ауыл шаруашылығы екпелерін және екпе ағаштарын улы химикаттармен авиаөңдеуге және минералдық тыңайтқыштармен авиақұнарландыру тәсілін қолдануға;

шекті рұқсат етілетін концентрациялары белгіленбеген пестицидтерді қолдануға, тыңайтқыштарды қардың үстіне себуге, сондай-ақ тыңайтқыш ретінде зиянсыздандырылмаған, құрамында көңі бар сарқынды суларды және ауыр хлорлы органикалық улы химикаттарды пайдалануға тыйым салынады.

Аумақты қала құрылысына игеру кезінде табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларға ұшыраған жер учаскелеріне ерекше көңіл бөлу, қорғау іс-шараларын әзірлеу және ұйымдастыру қажет.

Қала құрылысындағы шектеулерді айқындау

Алматы агломерациясы республиканың оңтүстік-шығысындағы сейсмикалық белсенді аймақта орналасқан, ал оның негізгі бөлігінің сейсмикалығы 8 және 9 балды құрайды.

Алматы қаласы мен Алматы агломерациясы аумағындағы 70-тен астам елді мекен әлеуетті сел қаупі бар аймақта орналасқан. Оларды қорғау үшін мелиоративтік-техникалық, агроорманмелиоративтік, гидротехникалық және ұйымдастырушылық-шаруашылық іс-шаралар кешені әзірленді.

Өзендер мен көлдердің тасуы салдарынан су қоймаларының бұзылуына жол бермеу үшін гидротехникалық шаралар жүргізу, өзендер арнасын тазарту, бөгеттер мен басқа су құрылыстарын ағымдағы және күрделі жөндеу қажет.

Алматы агломерациясының басым бөлігін алып жатқан жердің таулы сипатын, сондай-ақ туризм және демалыс объектілерінің болуын ескере отырып, аумақтарды қар көшкінінің әсерінен қорғауға ерекше назар аудару қажет. Ол үшін қауіпті учаскелердің мониторингін және көшкінге қарсы іс-шараларды әзірлеу қажет, көшкінді әдейі жасау және көшкіндерден қорғайтын галереялар тұрғызу қажет.

Алматы агломерациясының аумағында басқа да қауіпті табиғи және геологиялық процестер – шөгінді құбылыстары, жыра-сайлардың пайда болуы, су деңгейінің көтерілуі,



сортаңдану, көшкіндер, эрозия, суффозия болып тұр. Осы құбылыстармен күресу үшін әзірленген шаралар аумақты сатылай жоспарлауды, гидрооқшаулауды және жағаны бекітетін құрылыстарды салуды, фитомелиорацияны, қарқынды физикалық-геологиялық әсерге ұшырайтын жерлерде құрылыс жүргізбеуді, сондай-ақ келеңсіз геологиялық процестер мен құбылыстарды мониторингтеуді қамтиды.

Агломерация аумағындағы табиғи және техногендік процестер мен тәуекелдерді басқару жүйесі мынадай іс-шаралардан тұрады:

қоршаған ортаны мониторингтеу, халықтың тіршілік әрекетіне төнетін қауіпті талдау және төтенше жағдайларды болжау;

қорғау шараларын жүргізудің орындылығы туралы шешімдерді қабылдау;

төтенше жағдайлар қаупін төмендету және ауқымын азайту бойынша алдын алу шараларына бөлінген қаражатты тиімді үлестіру;

төтенше жағдайлар қаупін төмендету және олардың салдарын азайту бойынша алдын алу іс-шараларын жүзеге асыру;

төтенше жағдайлар кезінде апаттан құтқару және қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу.

Тарихи ескерткіштер мен құрылыстар орналасқан аумақтар

Алматы агломерациясының аумағында көптеген мәдениет және тарих ескерткіштері орналасқан, олар негізінен ерте темір дәуірінің қорғандары мен қорымдары.

Тарихи ескерткіштер мен құрылыстар орналасқан аумақтарда олардың бұзылуына жол бермеу үшін жақын орналасқан елді мекендердің бас жоспарларын зерделеп, қажет болған жағдайда ескерткіштердің сақталуын қамтамасыз ететін түзетулер енгізу қажет.

Тарих және мәдениет ескерткіштері орналасқан аймақтарда іске асыру жоспарланған перспективалы инфрақұрылымдық жобаларды және жер қойнауын пайдалану жобаларын қажет болғанда ықтимал түзетулер енгізу үшін зерделеу қажет.

Қолданыстағы ескерткіштердің есебін үнемі жүргізу, республикалық және жергілікті маңызы бар ескерткіштер тізімін мүмкіндігінше кеңейту қажет.

Осылайша, әрбір функционалдық аймақта аумақты пайдаланудың өзіндік айрықша режимі белгіленген, жобалық жоспарды әзірлеу кезінде де, жобалық ұсыныстарды іске асыру кезінде де оны қатаң сақтау қажет.

Аумақтың функционалдық аймақтарға бөлінуі және анықталған қала құрылысы регламенттері Алматы агломерациясын аумақтық дамытудың жобалық ұсыныстарының негізі болды.

**2. Қоныстандыру, өңірлік және өңіраралық маңызы бар өндіргіш күштерді, көліктік, инженерлік, әлеуметтік және рекреациялық инфрақұрылымдарды орналастыру жүйесін кешенді дамыту шаралары**

**Халықты қоныстандыру жүйесін жетілдіру шаралары**

Алматы агломерациясы Қазақстанның қалыптасқан ең ірі қоныстану құрылымдарының бірі болып табылады.

2018 жылдың басында Алматы агломерациясы аумағында 2 787,0 адам тұрды, бұл республика тұрғындарының жалпы санының 15,1 % құрайды. Бұл ретте қала тұрғындары 1 993,9 немесе агломерация халқының жалпы санының 71,5 %, ал ауыл тұрғындары 793,1 мың адам немесе 28,5 % құрады.

Агломерация аудандарындағы халықтың табиғи өсу коэффициенттері Еңбекшіқазақ ауданында 1000 тұрғынға 15,6 адамнан келетін болса, Қарасай ауданында 1000 тұрғынға 25 адамға дейін ауытқиды.

Халықтың жас бойынша құрылымы мынадай көрсеткіштермен сипатталады:

- 1) 16 жасқа дейінгі балалардың үлесі 25,9 % құрады;
- 2) еңбекке қабілетті жастағы халықтың үлес салмағы – 63 %;
- 3) еңбекке қабілетті жастан асқан халықтың үлес салмағы – 11,1 %.

Алматы агломерациясының құрамына 189 елді мекен кіреді, оның ішінде Еңбекшіқазақ ауданының 46 елді мекені, Жамбыл ауданының 14 елді мекені, Іле ауданының 29 елді мекені, Қарасай ауданының 47 елді мекені, Талғар ауданының 47 елді мекені, Қапшағай қаласы әкімшілігінің 5 елді мекені мен Алматы қаласы.

Жалпы Алматы агломерациясының аумағында 5 қала және 5 ауданның 184 ауылдық елді мекені орналасқан. Қарасай және Талғар аудандарының аумақтары агломерация құрамына толығымен кірді.

2025 жылға қарай агломерациялық байланыстарды перспективалы дамыту аймақтарында Алматы агломерациясы бойынша халық санының 3 471,3 мыңға дейін немесе 24,6 % (684,4 мың адамға) өсуі күтілуде. Соның ішінде қала халқы 23,4 % (немесе 467,4 мың адам), ауыл халқы 27,4 % (217,0 мың адам) артады. Халық құрылымындағы қала тұрғындарының үлес салмағы шамалы артады және 2025 жылға қарай 71,5 %, ал ауыл тұрғындарының үлесі – 28,5 % құрайды. Осылайша, 2025 жылға қарай қалалық жерлерде – 2461,2 мың адам, ауылдық жерлерде 1010,1 мың адам тұратын болады.

2035 жылға қарай Алматы агломерациясы халқының саны бастапқы жылмен салыстырғанда 40,1 % немесе 1117,7 мың адамға артады және 3904,7 мың адамды құрайды. Қалалық және ауылдық жерлер бөлінісінде салыстырмалы түрде жоғары өсу агломерация қалаларында 40,2 % (801,3 мың адам) күтілуде және 2795,2 мың адамды құрайды. Бұл ретте ауылдық жерлерде халық саны 39,9 % (316,4 мың адамға) артады және 1109,5 мың адамды құрайды.

Жобалаудың болжамды мерзіміне қарай (2050 жыл) Алматы агломерациясында 4591,8 мың адам немесе ел халқының 17,8 % тұратын болады. Бұл ретте қалалық жерлерде – 3351,9 мың адам, ал ауылдық жерлерде 1239,9 мың адам тұратын болады. Алматы агломерациясы халқының барлық санының өсу қарқыны 2050 жылға қарай 64,8 % (немесе 1804,8 мың адам) құрайды, оның ішінде қалалық жерлерде 68,1 % (немесе 1358,0 мың адам), ал ауылдық жерлерде 56,3 % (немесе 446,8 мың адам) болады.

2050 жылға қарай Алматы агломерациясында урбанизация деңгейі 73 % құрайды. Бұл ретте ауыл тұрғындарының үлесі 2050 жылға қарай 27 % болады.

#### Қарқынды агломерациялық процестер аймағы

Алматы агломерациясының қарқынды агломерациялық процестері аймағына 148 елді мекен, белсенді аймаққа – 30 елді мекен, ал әлсіз агломерациялық процестер аймағына – 10 елді мекен кірді.

2025 жылға қарай қарқынды агломерациялық процестер аймағында халық санының 3364,6 мың адамға немесе 24,5 % (661,4 мың адам) өсуі күтілуде. 2035 жылға қарай қарқынды агломерациялық процестер аймағындағы халық саны 3790,3 мың адамға дейін немесе бастапқы жылмен салыстырғанда 40,2 % артады. 2050 жылға қарай бұл аймақта халық санының 4463,8 мың адамға дейін немесе 2017 жылға қарағанда 65,1 % дейін өсуі күтілуде.

#### Белсенді агломерациялық процестер аймағы

2025 жылға қарай белсенді аймақта халық саны 91,3 мың адамға дейін немесе 2017 жылға қарағанда 27,4 % ұлғаяды. 2035 жылға қарай халық саны бастапқы жылмен салыстырғанда 136,4 % артады және 97,7 мың адамды құрайды. 2050 жылға қарай бұл аймақта халық саны 109,7 мың адамды немесе 2017 жылға қарағанда 153,1 % құрайды.

#### Әлсіз агломерациялық процестер аймағы

Әлсіз агломерациялық байланыстар аймағында 2025 жылға қарай халық саны 15,4 мың адамды құрайды немесе 2017 жылға қарағанда 27,4 %, 2035 жылға қарай 16,6 мың адам немесе 37,2 % артады, 2050 жылға қарай халық саны 51,4 % артады және 18,3 мың адамды құрайды.

Алматы агломерациясы халқы санының артуы табиғи және миграциялық өсімге байланысты. Халықтың көші-қон ағыны артқан және табиғи өсімі жалғасқан жағдайда Алматы қаласы халық санының өсу қарқыны бойынша көшбасшылар қатарында қала береді.

Елдің басқа өңірлерінен халықтың ағылуы қолданыстағы әлеуметтік, инженерлік, көліктік инфрақұрылымның, аумақтың экологиялық жағдайы мен еңбек нарығының мүмкіндіктерін ескерместен, жүйесіз сипатта. Осыған байланысты қазіргі уақытта Алматы қаласының басты проблемалы мәселелері ондағы халықтың аса тығыздығы және шамадан тыс физикалық жүктелуі болып табылады.

Алматы қаласының аумақтық өсуін реттеу және қала маңы аймақтары шегінде халықтың көші-қон легін негізгі жоспарлау осьтерінің бойында ұстап тұру үшін мыналар ұсынылады:

#### 1) солтүстік бағытта:

Қапшағай қаласының және оның Алматы қаласына әлеуетті бағдарланған халықтың басым бөлігін "тартып алуға" қабілетті аумақтық ресурстарының базасында контрмагнит қала құру. Алматы агломерациясын аталған бағытта дамыту мына жағдайларға да негізделген: солтүстікке қарай жақындаған сайын сейсмикалық

қауіптіліктің азаюы (Қапшағай қаласы маңындағы аумақтың сейсмикалық қауіптілігі Алматы қаласына қарағанда 2 балға төмен), таудан қашықтаған сайын аумақ ауасының желдетілуінің жақсаруы, су ресурстарының қоры (жерүсті, жерасты), Қапшағай су қоймасына іргелес аудандарда құнды ауыл шаруашылық және қорықтық аумақтардың болмауы, халықтың су жағасындағы демалысын ұйымдастыру үшін жағдайлардың жақсаруы.

G-4 City төрт серіктес қала құрылысының жобаларын іске асыруды итерациялық тәсіл негізінде жүзеге асыру керек. Бірінші кезеңде инфрақұрылымға салынған қаражатты ескере отырып, Gate City қаласын салу ұсынылады. Жоба іске асырылған жағдайда Gate City қаласының халық саны 2035 жылға қарай 60 мың адамды құрамақ.

Өңірде қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық және экологиялық жағдайға байланысты 2050 жылға қарай қалған серіктес қалаларды құрылған қоныстар негізінде салудың орындылығын қарастыру қажет. Бұл ретте жаңа серіктес қалалардың құрылысы Алматы қаласының азық-түлік белдеуін дамыту қажеттігін ескере отырып, құнды ауыл шаруашылығы алқаптарының қысқаруына, сондай-ақ экологиялық жай-күйінің нашарлауына және инфрақұрылымға жүктемелердің ұлғаюына әкелмеуге тиіс.

Әлеуметтік-экономикалық және экологиялық сипаттамаларды ескере отырып, Жаңа Іле қаласын салудың орындылығын 2050 жылға қарай қарау қажет;

2) оңтүстік бағытта:

рекреациялық мақсаттағыларын қоспағанда, құрылыстың барлық түрлерін шектеу;

3) шығыс және батыс бағыттарда:

батыста Ұзынағаш ауылының базасында Алматы қаласының контрмагнитін қалыптастыру (көліктік-логистикалық функцияларды және ауыл шаруашылығы өнімін өңдеуді дамыту);

шығыста – агломерация ықпал ететін аймақта орналасқан Шелек ауылының (ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу орталығы, көліктік торап) базасында. Бұдан басқа, агломерацияның жалпы көлік жүйесін жаңғыртуды, жүрдек көлік құралдарын пайдалану және қызмет көрсету объектілері қолжетімділігінің перспективалы нормаларын өзгертуді ескере отырып, Шелек ауылы әлеуетті контрмагнит қала болуы мүмкін;

Қаскелең, Талғар серіктес қалаларын/халықтың ішкі көші-қон орталықтарын, Өтеген батыр ауылын (көліктік-логистикалық функциялар және ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу) және Жетіген ауылын (көлік-логистикалық орталығын), Түрген мен Есік қалаларын (рекреация, туризм және ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу орталықтары) дамыту.

Ұсынылып отырған шаралар өзек-қалаға көші-қон легін реттеуге ықпал етеді. Контрмагнит қалалар халықтың көші-қон легін өзіне тартатын болады.

## Өндіргіш күштерді кешенді орналастыру шаралары

2050 жылға дейін Алматы агломерациясының экономикалық өсуінің ұзақ мерзімді перспективалы факторлары мыналар:

- 1) ұтымды географиялық орналасу, маңызды транзиттік-көліктік әлеует, қолайлы табиғи-климаттық жағдайлар;
- 2) қаржылық қызметтер көрсетудің дамыған инфрақұрылымы;
- 3) дамушы инновациялық жүйе және қолда бар инновациялық әлеует;
- 4) халықтың көп шоғырлануы, өнім өткізудің қомақты нарығы;
- 5) еңбек ресурстарының ауқымды нарығы және олардың біліктілігі;
- 6) агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың және ауыл шаруашылығы өнімін өңдеудің жоғары әлеуеті;
- 7) жоғары туристік әлеует болып табылады.

Алматы агломерациясының экономикалық даму перспективалары

### 1) Инновациялық және білім беру орталығы

Агломерация аумағында айтарлықтай инновациялық әлеует жинақталған, адами капитал қалыптастырылған, олар ұзақ мерзімді перспективада одан әрі экономикалық өсу, өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру және халықтың өмір сүру деңгейі мен сапасын арттыруды көздейтін елдің инновациялық әлеуметтік бағдарланған дамуы үшін негіз болып табылады.

Алматы қаласында барлық жоғары білім беру мекемелерінің үштен бірі және ел студенттерінің жалпы санының үштен бірі шоғырланған. Сонымен қатар, перспективада Алматы агломерациясының аумағында олардың филиалдарын орналастыру үшін шетелдік жоғары оқу орындарын тартқан жөн. Жетекші отандық университеттер мен шетелдік жоғары оқу орындарының филиалдары негізінде цифрландыру стратегиясы (E-Learning) шеңберінде оқыту жүйесін құру еңбек нарығында бәсекеге қабілетті мамандар даярлауды сапалы жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді.

Агломерацияның жоғары инновациялық әлеуеті ғылыми-зерттеу институттарының, ғылыми-өндірістік бірлестіктер мен ғылыми-технологиялық және қолданбалы жұмыстары бар басқа да ұйымдардың елеулі үлесіне негізделетін болады (*2017 жылы Алматы қаласына ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындайтын жұмыскерлердің жалпы санының 42 % тиесілі болды*).

"Смарт Алматы" жобасын іске асыру нәтижесінде 2030 жылға қарай Алматы қаласы күнделікті өмір, жұмыс және демалыс үшін қолайлы халықаралық маңызы бар орнықты қала болады деп көзделуде.

Инновациялық кластердің дамуы ("Инновациялық технологиялар паркі" дербес кластерлік қоры) стартаптарды қоса алғанда, инновациялық компанияларды дамыту үшін тапсырыстарды, зияткерлік ресурстарды, озық шетелдік технологияларды,

ынталандыру және инвестицияларды тарту құралдарын шоғырландыру арқылы қолайлы орта қалыптастыруға мүмкіндік туғызады.

"Инновациялық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағына (бұдан әрі – "ИТП" АЭА) қатысушы кәсіпорындарды, Қ.И. Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық университеті және әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті сияқты қаланың ірі ғылыми-білім беру институттарын біріктіру "Инновациялық технологиялар паркі" инновациялық кластерін одан әрі дамыту жолдарының бірі болып табылады.

Инновациялық компанияларды жаппай қалыптастыру мақсатында "Startup Kazakhstan" халықаралық акселерация бағдарламасы іске асырылуда, оның негізгі міндеті экспорттық әлеуеті жоғары әрі ірі технологиялық компанияға дейін даму мүмкіндігі бар жергілікті және шетелдік стартаптарды (ТМД елдерін бағдарға алып) тарту болып табылады.

Startup Kazakhstan іске асыру қорытындысы бойынша 2020 жылға қарай жеке капиталдың қатысуымен жоғары технологиялы және экспортқа бағытталған 50 стартап-компанияны инкубациялау жоспарланып отыр. Жеке капиталдың үлесі шамамен 70 % құрайды деп жоспарлануда. Осы шаралардың нәтижесінде шағын және орта бизнесте 200-ге дейін жоғары білікті жұмыс орны құрылатын болады. Аталған шараларды кешенді іске асыру инвестициялар, "зәкірлі" трансұлттық компаниялар, жоғары технологиялар тарту үшін неғұрлым тартымды жағдайларды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, сондай-ақ стартап-компаниялардың ішкі және сыртқы нарықтарда бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал ететін болады;

## 2) Сауда-логистикалық және қаржы орталығы

Алматы агломерациясы ел арқылы барлық жүк легіне қызмет көрсету мүмкіндігі бар халықаралық тауар биржасын құру әлеуетін іске асырған жағдайда Қазақстанның қаржы және сауда-логистикалық орталығы ретінде одан әрі дамитын болады.

Бұдан басқа, Орталық Азия мен Шығыс Еуропа аймағындағы басқа қаржы орталықтарының арасында Алматы қаласының жағдайы жоғары екенін атап өткен жөн (*2017 жылы Global Financial Cities Index рейтингі бойынша Алматы қаласы Будапешт, Афины және басқаларды басып озып, 11-орынның 5-іншісінде тұр*) және Алматы қаласында негізгі қаржы институттары –банктердің бас кеңселері, ұлттық ауқымдағы инвестициялық компаниялар шоғырланғанын атап өткен жөн;

## 3) Дамыған өнеркәсіптік және агроөнеркәсіптік орталық

Алматы қаласы адами, қаржы ресурстарының, білім беру және ғылыми әлеуеттің жоғары шоғырлануымен және дамыған индустриялық-инновациялық инфрақұрылыммен сипатталады, бұл 2050 жылға қарай өңдеуші өнеркәсіптің жоғары технологиялы секторлары мен агроөнеркәсіптік секторды дамыту арқылы Алматы агломерациясын жалпы қосылған құнның жаһандық тізбегіне қосуды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Перспективада Алматы агломерациясының өнеркәсібін дамыту агломерация шеңберінде индустриялық әлеуетті аумақтық қайта бөлумен әрі индустриялық және арнайы экономикалық аймақтарды, өндірістік және логистикалық кіші аймақтарды басымдықпен қалыптастыра отырып, орталық қаланың да, сыртқы аймақтың да өндірістік мамандануын нақтылаумен сипатталатын болады.

Алматы агломерациясының аймағына кіретін Алматы облысының аудандары Алматы облысының өнеркәсіптік өндірісінің 80 %-ін құрайды.

Бұл ретте аудан орталықтары мен тірек елді мекендерді дамытудың 2050 жылға дейінгі басым бағыттары мынадай болмақ:

Іле ауданы: Өтеген батыр ауылы – пластмасса бұйымдарының, құрылыс материалдарының, тамақ өнімдерінің, былғары өнімдерінің өндірісі; Жетіген ауылы – құрылыс материалдарын және тамақ өнімдерін өндіру;

Қарасай ауданы: Қаскелең қаласы – құрылыс материалдарының, тамақ өнімдерінің өндірісі, балық саласы, сауда; Шамалған станциясы – тамақ өнімдерінің өндірісі;

Жамбыл ауданы: Ұзынағаш ауылы – құрылыс материалдарының, сусындар, тамақ өнімдерінің өндірісі; Мыңбаев ауылы – құрылыс материалдарының, тамақ өнімдерінің өндірісі;

Еңбекшіқазақ ауданы: Есік қаласы – ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу, пластмасса және резеңке бұйымдарының, құрылыс материалдарының, электр таратушы және реттеуші аппаратуралардың, тамақ өнімдерінің өндірісі; Бәйтерек ауылы – құрылыс материалдарының өндірісі; Қаракемер ауылы – сусындар өндірісі;

Талғар ауданы: Талғар қаласы – құрылыс материалдарының, тамақ өнімдерінің өндірісі, жеңіл өнеркәсіп.

Алматы қаласында индустриялық бейінді өзгерту мына бағыттарда жүзеге асырылатын болады:

1) инновациялық технологияларды пайдаланатын, жоғары білікті персоналды тартатын, қоршаған табиғи орта мен халық қоныстанған аумаққа шамадан тыс техногендік жүктеме түсірмейтін кәсіпорындарды дамыту;

2) ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыру және озық технологияларды трансферттеу, ірі инновациялық құрылымдар қалыптастыру жолымен ғылымды қажет ететін және жоғары технологиялы өндірістерді жедел дамыту есебінен өнеркәсіптік кешеннің әлеуеті мен бәсекеге қабілеттілігін нығайту;

3) қолданыстағы өнеркәсіптік аумақтарды орналастырудың және жаңаларын құрудың көліктік-инженерлік осі ретінде қарастырылатын Үлкен Алматы айналма автомобиль жолының бойындағы индустриялық даму;

4) өнеркәсіптік кәсіпорындарды қалада дискреттік орналастырудан оларды арнайы индустриялық аймақтарда барлық қажетті ілеспе инфрақұрылымымен бірге топтастырып шоғырландыруға көшу.

Алматы агломерациясының өнеркәсібін перспективалы дамыту өсу қарқынының оң серпіні бар азық-түлік өнімдерінің өндірісі, құрылыс материалдарының өнеркәсібі, фармацевтикалық өнеркәсіп және т.б. сияқты дәстүрлі салалар мен өндірістерді сақтап қалумен байланысты болады.

Дәстүрлі салаларды перспективалы дамыту

Құрылыс материалдарының өнеркәсібі

Агломерация аумағында аталған саланы одан әрі дамыту үшін мыналар негіз болады:

1) саланың қолданыстағы қуаты;

2) құрылыс материалдарының өндірісіне арналған көлемді минералдық-шикізат базасының болуы.

Агломерация экономикасы үшін саланың маңыздылығы өңірдегі құрылыс жұмыстарының жоғары көлемімен айқындалады. Айталық, 2017 жылы пайдалануға берілген тұрғын үй ғимараттарының барлық республикалық көлемінің 23 % Алматы қаласына және Алматы облысына тиесілі.

Құрылыс материалдары өнеркәсібінің кіші салаларында ең перспективалы салалар мыналар болып табылады:

1) құрылыс тасын өндіру және өңдеу. Құрылыс тасын өндіру және өңдеу жөніндегі кәсіпорындарды орналастыруды Іле, Жамбыл, Талғар аудандарында және Қапшағай қаласында жүзеге асыру қажет. Шикізаттың жиынтық қоры 170 млн. м<sup>3</sup> асады;

2) мәрмәр өндіру және өңдеу. Аталған кіші саланың кәсіпорындарын шикізат қорлары шамамен 6,0 млн. м<sup>3</sup> құрайтын Жамбыл ауданында орналастырған жөн;

3) кірпіш және күйдірілген балшықтан жасалған бұйымдар өндірісі. Саланың кәсіпорындарын Қарасай, Талғар, Іле және Жамбыл аудандарында орналастырған жөн. Санаттардың барлық түрлері бойынша аудандардың кен орындарындағы шикізаттың жиынтық қорлары 24 млн. м<sup>3</sup> құрайды.

Перспективада құрылыс материалдарының өндірісі саласындағы агломерацияның негізгі елді мекендері мынаған маманданатын болады:

1) Алматы қаласы (Алатау ауданындағы индустриялық аймақ) – энергиялық тиімді сәулет қасбеттерін, жұқа қабырғалы жеңіл болат конструкцияларды, бетон, газ блоктарын, темір бетон және тауарлық арматураны, қауіпсіз, энергиялық тиімді шынының, фото басып шығару және басқа шыны өнімі бар шыныпакеттердің, металл конструкцияларының, көпір крандарының, көп деңгейлі паркингтердің өндірісі, күлқождарды, экономенттерді өңдеу;

2) Қапшағай қаласы – сэндвич-панельдер, тротуар және бордюр тақталарын, газ блоктарын, темір-бетон бұйымдарын, автоклавта қатаятын ұяшықты бетоннан жасалған қабырға панельдері мен блоктарын шығаратын өндірістер, сондай-ақ тас өңдеу;



3) Ұзынағаш ауылы (Жамбыл ауданы) – мәрмәр өңдеу, тауарлық бетон және бетоннан жасалған құрылыстық құрама конструкциялар, темір бетон және бетон бұйымдары, кірпіш өндірісі;

4) Өтеген батыр ауылы (Іле ауданы) – кірпіш, құрғақ құрылыс қоспаларының, жылу блоктарының, қабырға жылытқыштар мен жылу оқшаулағыш материалдар өндірісі;

5) Қаскелең қаласы – темірбетон және бетон бұйымдары, сондай-ақ кірпіш өндірісі;

6) Талғар қаласы – құрылыс және пластмасса бұйымдарының қажеттіліктеріне арналған алюминий өндірісі (терезелік пішін және т.б.);

7) Есік қаласы – кірпіш, құрғақ құрылыс қоспалары, жылу блоктары, қабырға жылытқыштар мен жылу оқшаулағыш материалдар өндірісі.

2050 жылға қарай ішкі нарықтағы тұтынушылар және экспорт үшін агломерацияның шеткі аймағында жоғары технологиялы құрылыс материалдары өндірісін дамыту қажет.

#### Жеңіл өнеркәсіп

Алматы агломерациясының аумағында жеңіл өнеркәсіпті дамытудың перспективалы бағыттары мынадай болады:

Қарғалы ауылында (Жамбыл ауданы) жүн көрпе, қой және түйе жүнінен жасалған пледтер өндірісі;

Қапшағай қаласында жүн және кілем бұйымдарының өндірісі;

Іле ауданында арнайы киім өндірісі;

Талғар ауданында ұлттық киім өндірісі.

Бұл ретте перспективада бұрынғысынша Алматы қаласы аяқ киім, мамықтан жасалған киім, арнайы киім және жейделер өндірісі бөлігінде инвестициялық тартымды орталық болып қала береді.

Саланы одан әрі дамыту үшін ұзақ мерзімді перспективада:

аралас сала – бүгінгі күні басқа елдерден импортталатын маталар, иірімжіптер мен фурнитура өндірісін дамытуды;

жеңіл өнеркәсіп өнімдерінің тігін жабдықтары мен технологиясын мерзімді жаңартуды;

сырттан әкелінетіндерден дизайнымен ерекшеленетін және сапасы олардан кем түспейтін бірегей үлгілер жасауды қарастыру қажет.

#### Жиһаз өндірісі

Алматы агломерациясының аумағында ауқымды тұрғын үй құрылысы жүзеге асырылатындықтан, жиһаз саласын дамыту перспективалары Алматы қаласында жиһаз кластерін құрумен байланысты.

Кластер түзуші өндірістер ретінде неғұрлым ірі және перспективалы кәсіпорындарды тарту болжанып отыр.

Бұдан басқа, импортты алмастыру саясатын іске асыру, сондай-ақ Алматы агломерациясының аумағында өңдеуші өнеркәсіпті дамыту мақсатында ағаш-жоңқа

тақтайын, ламинатталған ағаш-жоңқа тақтайын, ағаш-талшықты тақтай және жиһаз өндірісіне арналған құрамдастарды шығару өндірістерін ұйымдастыру перспективасы бар.

Аталған өндірістерді Алматы қаласының индустриялық аймағының, Қарасай, Талғар, Еңбекшіқазақ және Іле аудандарының аумақтарында орналастырған жөн.

Сондай-ақ Алматы құрылыс-техникалық колледжінің базасында кластер түзуші кәсіпорындарды тарта отырып, жабдықталған оқу сыныптарын құру қажет. Жиһаз және ағаш өңдеу өнеркәсібі бойынша білікті кадрларға сұранысты қанағаттандыру үшін мамандарға мемлекеттік және коммерциялық тапсырысты қалыптастыруды көздеу, білім беру базасын күшейту қажет.

#### Машина жасау

Орта мерзімді перспективада Алматы агломерациясының машина жасау орталығы Алатау ауданындағы индустриялық аймақ болады.

Саланы дамытудың перспективалы бағыттары тамақ және жеңіл өнеркәсіпке арналған жабдық өндірісі, ауыл шаруашылығы техникасына арналған қосалқы бөлшектер өндірісі, рекреация қажеттіліктеріне арналған көліктік машина жасау, мұнай өңдеу және мұнай өндіру өнеркәсібіне арналған электр жабдықтары, машиналар мен жабдықтар жасау болады.

Бұдан басқа, агломерация аумағында жаңа теміржол және жолаушылар вагондарының, сондай-ақ автомашиналарға арналған катализаторлар, автомобильдерге арналған өзге де жинақтаушы бөлшектер (металл дөңгелекті дискілер, серіппелер) өндірісін ұйымдастыру сияқты машина жасаудың басқа да маңызды бағыттарын дамыту қажет. Сондай-ақ электр көлігіне арналған жинақтаушылар өндірісі бойынша кәсіпорындарды (электромопедтер, электромобильдер) орналастыру перспективалы болып табылады.

Сондай-ақ жеңіл автокөлік өндірісі бойынша толық циклді зауыт салу және өндірістерді орналастыру үшін компьютерлік техниканың ірі өндірушілерін тарту мүмкіндігін қарастырған жөн.

Трансұлттық компаниялармен "жасыл экономикаға" арналған жабдықтарды (жерде сирек кездесетін металдарды пайдалана отырып, күн панельдерін, гибридті қозғалтқыштарды орнату орталықтары мен құрастыру жөніндегі зауытты, LRT/BRT жобалары үшін қоғамдық көлікті құрастыруды және метрополитенді кеңейтуді, сондай-ақ гибридті қозғалтқышпен жүретін автокөлікті және басқаларды) бірлесіп жасау мүмкіндігін көздеу қажет.

#### Фармацевтика өнеркәсібі

Алматы агломерациясының экономикалық мамандану салаларының бірі перспективада орталығы Алматы қаласының Алатау ауданындағы индустриялық аймақта болатын фармацевтикалық кәсіпорын болып қалады.

Орта мерзімді перспективада жұмыс істеп тұрған өндірістік базалар, еңбек персоналы мен технологиялар базасында Іле ауданында фармацевтикалық өнеркәсіп серпінді дамиды.

Шығарылатын негізгі өнімдер дәрілік препараттардың кең спектрі, медициналық мақсаттағы диагностикалық тестілер, ісікке қарсы препараттар, биокарбонаттық картриджер болады.

#### Химия және мұнай-химия өнеркәсібі

Химия және мұнай-химия өнеркәсібі кәсіпорындары Алатау ауданындағы индустриялық аймақтың аумағында шоғырландырылады. Салада өндірілетін негізгі тауар позициялары полиэтилен құбырлары мен полиэтилен пленкасы, көп компонентті дезинфекциялау және антисептикалық құралдар, тұрмыстық химия және парфюмерлік-косметикалық заттар, сондай-ақ халықтың жеке қорғаныш құралдары болады.

Бұдан басқа, химиялық өнімді дамыту бағыттарының бірі негізінен Заречное ауылында окшауланатын лак-бояу өнімдерін шығаратын жаңа өндірістерді ұйымдастыру болып табылады.

"Қайрат" индустриялық аймағының аумағында тыңайтқыш өндіру перспективалы бағыт болады.

Сондай-ақ Іле ауданындағы "Береке" индустриялық аймағының аумағында мұздануға қарсы сұйықтық (авиахимия) өндірісін орналастырған жөн.

#### Электр жабдығының өндірісі

Алматы агломерациясының аумағында аталған саланы дамыту перспективалары, бірінші кезекте, қолда бар өндірістік базамен байланысты.

Перспективада салада өндірілетін негізгі өнімдер мыналар болады: жоғары вольтты, төмен вольтты және стандартты емес электр техникалық жабдықтардың кең спектрі, оның ішінде жиынтықты тарату құрылғылары және жиынтықты трансформаторлық қосалқы станциялар, кабельді өткізгіш өнімдер, дизельді генераторлар.

Алматы қаласында электронды бөлшектерді, компьютерлер мен перифериялық жабдықтарды, электр өлшеу аспаптарын, электр тарату және реттеу аппаратурасын, крандарды, металлургияға арналған машиналар мен жабдықтарды, моторлы көлік құралдарын, арнайы мақсаттағы машиналарды және т.б. шығаратын компаниялар жұмыс істейді.

#### Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту

##### Азық-түлік белдеуі

Ұзақ мерзімді перспективада агломерацияның агроөнеркәсіптік кешенін дамыту басымдықтарын таңдаудың негізгі өлшемшарты ішкі нарықта импорт алмастыру, ет-сүт бағытындағы мал шаруашылығын, қызылша шаруашылығын, қарқынды бау-бақша және жылыжай шаруашылығын дамытудың кластерлік моделі болып табылады.

Агломерацияның таулы-далалы белдеуіндегі жер ресурстарының құнды түрлерінің болуы өсімдік шаруашылығының дамуына қолайлы болады. Агломерацияның шеткері аймағында бау-бақша шаруашылығы мен жүзім шаруашылығын дамытуға, көкөніс, астық және техникалық дақылдарды баптауға, сүт бағытындағы мал шаруашылығын одан әрі дамытуға барлық алғышарттар бар.

Сонымен қатар, суармалы ауыл шаруашылығы жерлері мен су көздерінің елеулі аудандарының болуы агломерацияның аграрлық секторын дамытудың оң факторы болып табылады.

Перспективада агломерацияның шеткері аймағында азық-түлік белдеуін одан әрі дамыту үшін қолда бар ресурстық әлеуетті пайдалану ұсынылады, оның ішінде:

Қапшағай қалалық әкімшілігі бойынша – көкөніс және бұршақ дақылдарын өңдеу және кептіру бойынша, қарқынды бау-бақша, сүт және ет бағытындағы мал шаруашылығы, құс шаруашылығы саласында инвестициялық жобаларды іске асыру;

Іле ауданы бойынша – жемшөп өндірісі, ет пен сүтті, бұршақты дақылдар мен картопты өңдеу, құс шаруашылығы, шошқа шаруашылығы саласында инвестициялық жобаларды іске асыру;

Қарасай ауданы бойынша – көкөніс өсіру бойынша, тамшылатып суару жүйесін қолдана отырып қарқынды бағбандық саласында, сүт бағытындағы мал шаруашылығын, құс шаруашылығын, өсімдіктер биотехнологиясында инвестициялық жобаларды іске асыру

Жамбыл ауданы бойынша – ірі қара малды бордақылау, сүтті, жидекті және жемістерді өңдеу, құс шаруашылығы, көкөніс өсіру, қарқынды бағбандық бойынша инвестициялық процестерді іске асыру;

Еңбекшіқазақ ауданы бойынша – ет, сүт, көкөніс, бұршақты дақылдарды, жемістерді, қой жүнін өңдеу, шарап өндірісі, ет бағытындағы мал шаруашылығы, қой шаруашылығы, құс шаруашылығы, балық шаруашылығы, қарқынды бағбандық (жемістер, жаңғақтар), тұқым шаруашылығы, гүл өсіру бойынша инвестициялық жобаларды іске асыру.

Ауыл шаруашылығы өнімдеріне өсіп отырған жоғары сұраныс пен елдегі ірі өңірлік тұтыну нарығы – Алматы қаласының аумақтық тұрғыдан жақын болуы айтарлықтай маңызды рөл атқарады.

Өңірде көлікпен қамтамасыз етілу деңгейі жоғары, демек ауыл шаруашылығы өнімінің түпкі бағасындағы көлік шығынының құрамдауышы төмен.

Перспективада Алматы агломерациясы экономикасының ауыл шаруашылығы секторының дамуы одан әрі де Алматы қаласының азық-түлік белдеуін қалыптастыруға, сондай-ақ экспортқа бағдарланған өнім шығаруға бағыттталатын болады.

Алматы агломерациясының шеткері аймағында агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың перспективалы бағыттары мынадай болады:

1) өсімдік шаруашылығы саласында:

мал шаруашылығын дамытуға арналған жемшөп базасының негізін құрайтын ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру;

көпжылдық жеміс-жидек көшеттерін өсіру, оның ішінде "Апорт" сортындағы алма, жидектер мен жүзім өсіруді жандандыру.

"Апорт" сортындағы алма өсіру үшін қолайлы аумақтар – Іле Алатауының етегі, Талғар, Қарасай және Еңбекшіқазақ аудандарының аумақтары.

Жүзім өсіру үшін ең қолайлы табиғи-климаттық жағдайлар Қарасай ауданында, сондай-ақ Талғар қаласынан (Талғар ауданы) басталып Шілік ауылының сыртындағы аумақпен (Еңбекшіқазақ ауданы) аяқталатын аумақта бар. Бұл ретте отандық тауарларды сыртқы нарықтарға ілгерілету мақсатында аталған аумақта сапасы жоғары және өнімділігі жақсы сорттардан өндірілген жүзім халықаралық талаптарға сай келетін шарап пен шарап материалдары өндірісінің шикізаты болып табылады;

картоп және көкөністер өсіру.

Электр энергиясы мен газды тұрақты жеткізу қамтамасыз етілген аумақтардағы көкөніс шаруашылығының орнықтылығын арттыру үшін жабық жердегі жылыжайлық өсімдік шаруашылығы қазіргі заманғы технологияларды пайдалана отырып дамытылатын болады. Сақтау инфрақұрылымының болуын есепке ала отырып, Қарасай, Талғар аудандары мен Қапшағай қаласында көкөністер мен картоп өсіру перспективалы болып табылады, бұл ірі тұтыну нарығының жақындығымен байланыстырылады;

2) мал шаруашылығы саласында:

Еңбекшіқазақ, Жамбыл, Іле және Талғар аудандарында ет бағытын дамыту;

Еңбекшіқазақ, Жамбыл, Іле, Қарасай және Талғар аудандарында сүт бағытын дамыту;

Еңбекшіқазақ, Жамбыл және Іле аудандарында жылқы шаруашылығын дамыту;

Іле, Жамбыл және Талғар аудандарында түйе өсіру;

Еңбекшіқазақ, Жамбыл, Іле, Қарасай және Талғар аудандарында құс шаруашылығын дамыту;

Еңбекшіқазақ және Жамбыл аудандарында қой шаруашылығын және Іле, Жамбыл аудандарында биязы жүнді қой шаруашылығын дамыту;

Іле және Еңбекшіқазақ аудандарында өнеркәсіптік шошқа шаруашылығын дамыту;

3) балық шаруашылығын дамыту – Талғар ауданында.

Жайылымдар мен далалық жемшөп өндірісі агломерацияның шеткері аймағының жемшөп базасының негізін құрайды. Бұл ретте жайылымдарды суландыру үшін құдықтарды салу-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу және шығымдылығы төмен алаңдарда көпжылдық шөптерді егу қажет.

Табиғи жайылымдар шығымдылығының үдеп бара жатқан төмендеуін тоқтату әрі кейіннен оларды жақсы деңгейде ұстау үшін күтім жасау және дұрыс пайдалану жөніндегі бірқатар іс-шараларды жүзеге асыру қажет:

шөп егу арқылы шабындық шөптерді жақсарту;

шөптердің қалпына келуі үшін уақытша алу немесе демалыс беру;

ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың жыл, маусым бойынша қатаң кезектілігін белгілеу;

мал жүктемесін қатаң бақылау;

шөптерді күту бойынша агротехникалық іс-шаралар жүргізу.

Алматы агломерациясының ауыл шаруашылығын дамыту бойынша негізгі шаралар алдағы кезеңде мыналар болып табылады:

өсімдік шаруашылығын дамыту бөлігінде:

басым ауыл шаруашылығы дақылдарының ауданын кеңейту және оларды ғылыми негізделген ылғал және ресурс үнемдейтін технологиялар негізінде өсіру;

ғылыми тәсілдерді қолдана отырып, жайылымдық жерлерді қалпына келтіру және тиімді пайдалану;

жемшөп базасын ғылыми негізделген технологиялар негізінде, оның ішінде Талғар, Жамбыл және Еңбекшіқазақ аудандарындағы климаттық жағдайлары қолайсыз аумақтарда дамыту;

суару-суландыру жүйелерін ретке келтіру;

инновациялық технологиялар мен материалдарды қолдана отырып, жаңа заманауи жылыжай кешендерін салу;

машина-трактор паркін жаңарту;

фитосанитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

тұқым шаруашылығын ғылыми тәсіл негізінде жетекші ғалымдармен және мамандандырылған ұйымдармен бірлесе отырып дамыту;

жеміс-жидек дақылдарының, оның ішінде "Апорт" сортындағы алма мен жүзімнің көпжылдық көшеттерін отырғызу;

мал шаруашылығын дамыту бөлігінде:

агломерацияның қолданыстағы өңдеу қуаттары үшін шикізат қорын дамыту;

ауыл шаруашылығы өнімдерін дайындау, сақтау және өңдеу бойынша ауылдық тұтыну кооперативтерін дамыту;

асыл тұқымды мал шаруашылығын қолдау;

азық-түлік тауарлары бойынша импортты алмастыру бағдарламасын дайындау және оның негізінде жаңа өндірістерді салу;

ірі дайындау-өткізу желісін дамыту;

ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу кәсіпорындарындағы негізгі құралдарды жаңғырту;

сүтті өңдеу бойынша кәсіпорындардың қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін сүт фермаларын салу (Еңбекшіқазақ, Іле, Талғар аудандары);

бордақылау алаңдарын салу (Талғар, Іле, Жамбыл аудандары);

сүт кластерін дамыту (Іле және Қарасай аудандары);

ет кластерін құру (Жамбыл ауданы);  
ветеринариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу

Алматы агломерациясында жеміс-көкөніс өнімдерін өңдеу, консервіленген көкөністерді өндіру жөніндегі перспективалы аумақтар Еңбекшіқазақ, Талғар және Қарасай аудандары болады.

Етті қайта өңдеу мен консервілеу және ет өнімдерінің өндірісі

Жемшөп базасының, тиісті мал шаруашылығы инфрақұрылымының болуы мал шаруашылығының перспективалы бағыты – ет өндірісі мен ет өнімдерін өңдеуді (шұжық тағамдарының, жартылай ет фабрикаттарының, ет консервілерінің және т.б. өндірісі) айқындайды. Аумақтық бөліністе аталған бағытты Жамбыл және Еңбекшіқазақ аудандарында орналастырған жөн.

Балықты, шаян тәрізділер мен ұлуларды өңдеу және консервілеу

Балықты (консервіленген балық, жартылай балық фабрикаттары) өндіру және өңдеу үшін неғұрлым қолайлы аумақтар Еңбекшіқазақ, Жамбыл, Талғар аудандары және Қапшағай қаласы болып табылады.

Жүнді өңдеу және жүн бұйымдары өндірісі

Жамбыл ауданының Фабричный кентінде жүнді өңдеу және жүн бұйымдарының өндірісі перспективалы болып табылады.

Ұн тарту өнеркәсібі өнімдерінің, крахмалдар және крахмал өнімдерінің өндірісі.

Макарон, түрлі жармалар өндірісін Еңбекшіқазақ, Іле, Қарасай және Талғар аудандарында орналастырған жөн.

Сүт өнімдерінің өндірісі

Сүт өндірісі, сүтті өңдеу және сүт өнімдерін шығару Алматы агломерациясының шеткері аймағы – Еңбекшіқазақ, Іле, Талғар аудандарының агроөнеркәсіптік кешенінің перспективалы бағыттарының бірі болып қала береді.

2050 жылға дейін агломерацияның тамақ өнімдері өндірісін дамыту жөніндегі негізгі шаралар:

1) азық-түлік өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігінің өсуі және өзіндік құнының төмендеуі;

2) кәсіпорындардың өндірістік қуаттарының жүктемесін барынша арттыру мақсатында еңбек өнімділігін арттыру;

3) негізгі құралдарды жаңарту;

4) шарап жасау өнеркәсібін, ұлттық тағамдар мен сусындарды, жеміс-көкөніс консервілерін, мұздатылған көкөністер мен жеміс қоспаларын, "Made in Almaty" брендімен өнімдер шығару үшін инвесторларды тарту;

5) астық пен жемшөп өндіруден бастап өз брендтерімен өнімдерді сатуға дейін өндірістік тізбектерді құру үшін инвестициялар тарту;

б) кешенді тәсілді қамтамасыз ететін ірі жеміс-көкөніс компанияларын дамыту үшін жағдайлар жасау: жергілікті фермерлердің өнімдерін өндіру, маркетинг, логистика және экспорттау.

Алматы агломерациясының аумағындағы перспективалы кластерлер

Агломерация аумағындағы перспективалы кластерлердің бірі құрылыс материалдарын шығару кластері болады.

Алматы қаласы мен агломерацияның ықпал ету аймағындағы аудандардың табиғи-климаттық ерекшеліктерін ескере отырып, энергиялық тиімді құрылыс материалдарын, сондай-ақ жоғары сейсмикалық жағдайларға төзімді құрылыс материалдарын әзірлеу өзекті болып табылады.

Алматы агломерациясының аумағында құрылыс кластерін оқшаулау үшін Қапшағай қаласында, сондай-ақ Алатау ауданының индустриялық аймағында әлеуетті мүмкіндіктер бар.

Алматы агломерациясында құрылыс материалдарының кластерін дамытуды қолдаудың негізгі бағыттары:

- 1) жаңа құрылыс материалдары саласында зерттеулер жүргізу үшін бизнесті дамытуға және жаңа технологияларды игеруге қаржы ресурстарының қолжетімділігі;
- 2) мамандандырылған қызметтерді көрсету;
- 3) энергия тиімділігі деңгейі бойынша сатылатын құрылыс материалдарын міндетті рейтингтеу арқылы тиімді реттеу, сондай-ақ сатылатын құрылыс материалдары үшін стандарттарды кезең-кезеңмен қатаңдату.

Фармацевтикалық кластер

Фармацевтикалық кластерді Іле, Қарасай аудандарындағы және Алматы қаласындағы жұмыс істеп тұрған зауыттар негізінде, сондай-ақ индустриялық аймақтар аумағында іске асырылатын фармацевтика саласындағы инвестициялық жобаларды іске асыру есебінен дамытуға болады.

Алматы қаласы кластердің перспективалы орталығына айналады.

Алматы агломерациясында фармацевтикалық кластерді қолдаудың және дамытудың негізгі бағыттары мыналар болып табылады:

- 1) бизнесті дамыту үшін қаржы ресурстарының қолжетімділігі (жаңа дәрілік препараттарды зерттеу, сондай-ақ инновациялық жобаларды іске асыруға арналған жабдықты сатып алу үшін арзан кредиттер);
- 2) эндемилық флораны тиімді пайдалануды және ғылымды қажет ететін технологияларды енгізуді қамтамасыз ету үшін фармацевтикалық өндіріс технологиясы саласында ғылымның, өндірістің және білім берудің тығыз интеграциялануы.

Тау-кен металлургиясы кешеніне (бұдан әрі – ТМК) арналған машиналар мен жабдықтардың өндірісі бойынша кластер.

ТМК арналған машиналар мен жабдықтардың өндірісі бойынша кластер Алматы қаласында жұмыс істеп тұрған зауыттардың негізінде құрылады. Бұл ретте



Индустрияландыру картасының және Алматы қаласы мен Алматы облысының Кәсіпкерлікті қолдау картасының іске асырылатын жобалары кластердің қолданыстағы кәсіпорындарын жаңғырту, сондай-ақ жаңа технологиялық жабдықтармен жұмыс істей алатын кадрларды даярлау есебінен кластерді дамытуға және шығарылатын өнімді ілгерілетуге болады. Осыған орай кластердің кәсіпорындары – колледждер – "гранттық қаржыландыруды ұсынатын компания" байланысы маңызды болып табылады.

Алматы қаласы кластердің перспективалы орталығы болып қала береді.

Электр жабдығының өндірісі бойынша кластер

Электр жабдығының өндірісі бойынша кластер қолда бар зауыттардың базасында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 1050 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде инвестициялық жобаларды іске асыру есебінен құрылатын болады.

Алматы агломерациясында электр жабдығының өндірісі бойынша кластерді қолдау мен дамытудың негізгі бағыттары мыналар болып табылады:

1) МЖӘ шеңберінде жаңа технологияларды әзірлеуге кәсіпорындарға арналған гранттар;

2) кәсіпорындардың консультациялық жобалар нәтижелеріне мүдделілігін арттыру үшін бірлесіп қаржыландыру қағидатымен көрсетілетін консультациялық қызметтерді субсидиялау.

Сүт кластері

Агломерация аумағында сүт кластерін Іле ауданында (Өтеген батыр және Байсерке ауылдары), Еңбекшіқазақ ауданында (Есік қаласы мен Космос ауылы) жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың негізінде дамытуға болады, сүт жеткізушілер – Жамбыл (Ұзынағаш ауылы), Іле (Байсерке және Өтеген батыр ауылдары), Талғар (Талғар қаласы мен Шымбұлақ ауылы) және Қарасай (Қаскелең қаласы) аудандарының шаруашылықтары.

Осы кластердің перспективалы орталығы: Қаскелең қаласы (Жамбыл және Қарасай аудандары үшін) және Өтеген батыр ауылы (Іле, Талғар және Еңбекшіқазақ аудандары) болады.

Өңірде сүт кластерін қалыптастыру сүт бағытындағы мал шаруашылығын индустриялық-инновациялық технологияларға: сүт бағытындағы мал шаруашылығы кешендерін және сүт-тауар фермаларын құруға көшіруді көздейді.

Алматы агломерациясындағы сүт кластерін қолдау мен дамытудың негізгі бағыттары бизнесті дамытуға арналған қаржы ресурстарына:

1) малдың генетикалық әлеуетін арттыру жөніндегі зерттеуге, ветеринариялық-профилактикалық іс-шаралар кешенін, оны жемдеу мен күтіп ұстаудың қатаң тәртібін орындауға берілетін гранттарға;

2) 100 және 200 сиырға арналған механикаландырылған сүт фермасы үшін жабдықтар сатып алуға арзан кредиттерге қолжетімділік болып табылады.

Құс шаруашылығы кластері

"Құс шаруашылығы" агрокешені Іле ауданындағы (Ащыбұлақ ауылдық округі мен Чапаев ауылы) агломерацияның жұмыс істеп тұрған ірі құс фабрикаларының негізінде қалыптастырылатын болады.

Алматы агломерациясындағы құс шаруашылығы кластерін қолдау мен дамытудың негізгі бағыттары бизнесті дамытуға арналған қаржы ресурстарына қолжетімділік, оның ішінде өндірістерді дамыту мен жаңғыртуды субсидиялау болып табылады.

Ет кластері

Ет кластері Алматы агломерациясының барлық дерлік аудандарында қалыптастырылатын болады. Мал шаруашылығындағы кластерлер шеңберінде инфрақұрылымы дамыған ірі мал шаруашылығы бордақылау кешендерін (Талғар ауданында – Талғар қаласы; Іле ауданында – Өтеген батыр және Междуреченское ауылдары; Қарасай ауданында – Қаскелең қаласы; Жамбыл ауданында) және бордақылау алаңдарын (Іле, Талғар, Қарасай және Еңбекшіқазақ аудандарында) салуды қарастыру керек.

Ет кластерінің перспективалы орталықтары: Өтеген батыр ауылы (Іле, Талғар және Еңбекшіқазақ аудандары үшін) және Қаскелең қаласы (Жамбыл және Қарасай аудандары үшін) болады.

Бұл ретте мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруға, бақылаусыз өсіру өндірістің тиімділігін азайтуға және жайылым жерлерге түсетін салмақтың артуына әкеп соғатын өнімі аз тұқымдардың үлесін азайту мақсатында негізгі мал табынында асыл тұқымды малдың үлес салмағын көбейтуге назар аудару керек.

Алматы агломерациясында жемшөп индустриясын құру ет кластерін дамытудың маңызды шарты болып табылады. Жемшөп базасының негізін табиғи жайылымдар мен шабындықтар, егіндік жемшөп өндірісі құрауға тиіс. Осыған байланысты тұрақты шөп шабу, маусым бойы кезектесіп малды шектеулі жаю арқылы қолданыстағы табиғи шөптерді ұтымды пайдалануға баса назар аудару қажет. Изен және еркекшөп сияқты құнды жемдік дақылдарды себу жолымен жайылымдарды суландыру және шөптерін жақсарту жөніндегі шаралар елеулі рөл атқаратын болады.

Алматы агломерациясында ет кластерін қалыптастыру кезінде ветеринариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қажет. Малдардың аса қауіпті ауруларын диагностикалау, алдын ала емдеу және жою іс-шараларын жүзеге асырған жөн.

Алматы агломерациясындағы ет кластерін қолдау мен дамытудың негізгі бағыттары мыналар болады:

1) бизнесті дамыту үшін қаржы ресурстарына қолжетімділік (агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі қолданыстағы бағдарламалар шеңберінде мал шаруашылығын дамытуды субсидиялау);

2) мамандандырылған қызметтер көрсету (селекциялық-асылдандыру жұмысы, малдардың аса қауіпті ауруларын диагностикалау, алдын ала емдеу және жою жөніндегі іс-шаралар).

#### Жеміс-көкөніс кластері

Алматы агломерациясында жеміс шаруашылығы мен жүзім шаруашылығын дамыту үшін Еңбекшіқазақ (Есік қаласы), Талғар (Талғар қаласы), Қарасай (Қаскелең қаласы) аудандары перспективалы аумақтар болып белгіленді. Бәсекеге қабілетті саланы қамтамасыз ету мақсатында жеміс-көкөніс өнімін (оның ішінде жүзімді) өндіру және оны өңдеу, оның ішінде ең алдымен, өзіміздің өңдеуші кәсіпорындарға тұрақты жеткізу жүйесін жасау үшін қолайлы жағдай жасау қажет.

Жұмыс істеп тұрған өңдеу кәсіпорындары мен шикізат өнімдерін жеткізушілер – Еңбекшіқазақ, Іле, Қарасай, Талғар аудандарының ауыл шаруашылығы өндірушілері базасында жеміс-көкөніс кластерін құруға болады.

"Ауыл шаруашылығы – дайындау – қайта өңдеу" схемасы бойынша жұмыс істейтін кластерлік өндірістерді құру үшін Алматы қаласының қала маңы аймағының аумағында жылыжай-көшетхана шаруашылығының, көкөніс және жеміс сақтау қоймаларының, өңдеу кәсіпорындарының бірқатар объектілерін салу қажет.

Алматы агломерациясында жеміс-көкөніс кластерін қолдау мен дамытудың негізгі бағыттары бизнесті дамыту үшін қаржы ресурстарына қолжетімділік (өнеркәсіптік типтегі қазіргі заманғы жоғары технологиялы жылыжай кешендерінің құрылысын қаржыландыруға қаражат бөлу) болып табылады.

Алматы қаласының айналасында азық-түлік белдеуін құру жұмыс істеп тұрған өндірістерден және жаңа бордақылау кешендері мен сүт кешендерін құру, жылыжай кешендерін, көкөніс сақтау қоймаларын салу, жеміс бақтары мен жүзімдіктер салу және агломерацияның барлық аудандарында өңдеу кәсіпорындарын дамыту есебінен қалыптастырылатын болады.

Сондай-ақ қаланың солтүстік-шығыс бөлігінде көтерме-тарату орталығын құруды көздеу қажет. Уақыт өте келе бұл қаланың шығыс бөлігінде "Алтын Орда" базарына ұқсас тағы бір алаң құруға мүмкіндік береді. Іске асыру тетігін "Алматы" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясымен бірлесіп, мемлекеттік-жекешелік әріптестік арқылы жүзеге асыру қажет.

#### Инновациялық кластер

Алматы агломерациясындағы инновациялық кластер Алматы қаласында "ИТП" АЭА базасында іске асырылатын болады.

"ИТП" АЭА білікті халықаралық кадрларды тарту, түрлі органдар мен мекемелердің қызметін оңтайландыру жолымен дамиды. Паркке АТ-технологиялар,

телекоммуникация және байланыс саласындағы инновациялық өнімдер мен қызметтерді шығаруға бағытталған ірі халықаралық компаниялар тартылатын болады.

2050 жылға дейін инновациялық кластерді дамытудың негізгі перспективалары "Индустрия 4.0", "ТМК & жаңа материалдар", "Аддитивті машина жасау", "Ақылды қала", "Тұрақты технологиялар" және "Финтех" сияқты бағыттар болады.

Жоғарыда аталған бағыттарды дамыту бірлескен зертханаларды, құзыреттер мен басымдықтар орталықтарын құру, технологиялық платформаларды тарту, халықаралық стандарттар мен үздік практикаларды қолдану, мамандарды оқыту және кластердің перспективалы бағыттары шеңберінде пилоттық жобаларды іске асыру есебінен қамтамасыз етілетін болады.

Озыңқы даму аумақтары

Орта мерзімді перспективада арнайы экономикалық аймақтар (бұдан әрі – АЭА) мен индустриялық аймақтар (бұдан әрі – ИА), сондай-ақ Алматы агломерациясының қалаларына, бірінші кезекте Алматы және Қапшағай қалаларына іргелес аумақтар озыңқы өсудің негізгі аумақтары болады.

"Инновациялық технологиялар паркі" АЭА

АЭА-да тиімділігі жоғары, оның ішінде жоғары технологиялы және бәсекеге қабілетті өндірістер құрылып, өнімнің жаңа түрлерін шығаруды игеру, мынадай салаларда инвестицияларды тарту жүзеге асырылады:

- 1) ақпараттық технологиялар;
  - 2) телекоммуникация және байланыс саласындағы технологиялар;
  - 3) электроника және құралдар жасау;
  - 4) жаңғыртылатын энергия көздері, ресурсты үнемдеу және табиғатты тиімді пайдалану;
  - 5) әртүрлі мақсаттағы материалдарды жасау мен қолдану саласындағы технологиялар;
  - 6) мұнай мен газ өндіру, тасымалдау және қайта өңдеу саласындағы технологиялар.
- Индустриялық аймақтардың жұмыс істеуі:  
өнеркәсіп саласында кәсіпкерліктің жедел дамуына жәрдемдесуге;  
жаңа өндірістердің инфрақұрылымын құруға және дамытуға арналған шығындарды оңтайландыруға;  
өндіріс тиімділігін арттыруға;  
халықтың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Алматы қаласының Алатау ауданындағы ИА. Аталған аймақ Алатау ауданында өнеркәсіптік өндірістерді, сондай-ақ тиісті инфрақұрылымды – автомобиль және теміржолдарды, логистикалық және әкімшілік орталықтарды салуға және қызмет көрсетуге арналған 490 га бос алаң аумағында орналасқан.

Индустриялық аймақ орналастырылатын жер Алматы қаласының негізгі функционалдық аймақтарымен жақсы көліктік-логистикалық қатынастың болуына байланысты.

Индустриялық аймақта машина жасау, құрылыс материалдарының, тамақ, фармацевтика, химия, жеңіл өнеркәсіп сияқты басым салалар бойынша өндірістер орналасады.

Қазіргі уақытта ұлттық ірі мұнай-газ компанияларына қызмет көрсету үшін үкіметаралық келісімдер шеңберінде құрылған шағын компаниялар да, ірі компаниялар да индустриялық аймақтың қатысушылары болып табылады. Бұл ретте 9 компания тікелей шетелдік инвестицияларды тарту арқылы құрылды – индустриялық аймақта Ресей, Швейцария, Қытай, Иордания, Жапония компаниялары қатысатын өнеркәсіптік өндірістерді орналастыру жоспарлануда.

Инфрақұрылымдық ресурстарды пайдалану кезінде инвесторлардың шығындарын азайту шарттары, басқарушы компанияның қызметтері және салалық синергетикалық әсерлер қаланың индустриялық аймағының аумағына өндірістерді тартудың негізгі құралы болып табылады.

Кәсіпорындарды орналастыру кезінде экологиялық таза және инновациялық өндірістерге, дәстүрлі өнеркәсіп салаларына басымдық беріледі.

Экологиялық ахуалды жақсарту үшін өнеркәсіптік кәсіпорындарды Алматы қаласынан оның шетіне ауыстыру мүмкіндігі, жоғары технологиялы, импорт алмастырушы жаңа өндірістерді, жұмыс орындарын құру үшін инфрақұрылымдық ресурстармен қамтамасыз ету аталған индустриялық аймақты құрудың басты оң нәтижесі болмақ.

Алатау ауданындағы индустриялық аймақпен қатар, "Арна", "Боралдай", "Қайрат" және "Береке" индустриялық аймақтары одан әрі дамытылатын болады:

"Арна" ИА Қапшағай қалалық әкімшілігінің Заречное ауылында орналасқан. "Арна" ИА жалпы ауданы 1 303 га құрайды. Инфрақұрылым объектілерін кезең-кезеңмен салу жоспарлануда.

Аталған аумақтың таңдалуына мына экономикалық және техникалық мүмкіндіктер себеп болады:

- 1) республикалық маңызы бар автомагистральдың жақындығы;
- 2) теміржол жолайрықтарын салуға мүмкіндік беретін теміржол магистралінің жақындығы;
- 3) тұтынушыларды инженерлік қамтамасыз етудің (сумен жабдықтау, су бұру, жылумен жабдықтау, электрмен жабдықтау) қажетті көлемдерімен қамтамасыз етудің техникалық мүмкіндіктерінің болуы;
- 4) өнеркәсіптік кәсіпорындарды ықшам орналастыру мүмкіндігі.

Өнеркәсіптік аймақтың аумағында түрлі саладағы кәсіпорындарды, оның ішінде құрылыс, жиһаз индустриясындағы, кабель өнімін, пластмасса бұйымдарын, құрғақ

құрылыс қоспаларын өндіретін зауыттарды, темір бетонды бұйымдар мен металл конструкцияларын шығару, минералды плиталарды өндіру бойынша кәсіпорындарды орналастыру болжануда.

"Боралдай" ИА Іле ауданында жалпы ауданы 601,7 га орналасқан. ИА құру кезінде "Жетіген – Қорғас", "Батыс Еуропа – Батыс Қытай" теміржолының, Қазыбек бек станциясына дейінгі айналма теміржол тармағының мүмкіндіктері пайдаланылатын болады. "Боралдай" ИА-да 70 жобаны іске асыру жоспарлануда. Азық-түлік, сусындар, темекі бұйымдарының өндірісі, фармацевтика, пластмасса бұйымдары және шыны ыдыстар, металл бұйымдары перспективалы салалар болып табылады.

"Қайрат" ИА Талғар ауданында орналасатын болады, жалпы ауданы 118 га. Көлік және инженерлік инфрақұрылым құрылысы бойынша жұмыстар жүргізілуде: темір жолдар, электрмен жабдықтау, газбен жабдықтау, сумен жабдықтау және су бұру. Басым салалар бойынша шектеу жоқ.

"Береке" ИА Іле ауданы Ынтымақ кентінің Gate City аумағында орналасқан, жалпы ауданы – 535 га. "Береке" ИА-да фармацевтикалық өнім өндіру (60 млн таблетка, 12 млн капсула), картоп өңдеу (чипсы), жартылай фабрикаттар өндіру бойынша жобаны іске асыру жоспарланған.

"Береке" ИА аумағы инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген: сумен жабдықтау – 20,2 км; электрмен жабдықтау – 60,4 км; газбен жабдықтау – 10,2 км; қазандық – 200 Гкал; жолдар – 10,3 км.

Ташкенсаз ауылдық округінде ауданы 40 га өнеркәсіптік алаң құру жұмыстары жүргізілуде.

Алматы агломерациясында индустриялық аймақтардың тиімді жұмыс істеуі үшін: жалпы Алматы агломерациясын дамытудың ұзақ мерзімді стратегиясымен өзара байланыста индустриялық аймақтарды дамытудың нақты стратегиясын әзірлеу;

маркетингтік стратегия мен тиісті құралдарды әзірлеуді қамтитын ИА жұмысын жете маркетингтік пысықтау;

меншік қатынастарын реттеу;

ИА-ны девелоперлік пысықтау (бас жоспарлар, қосалқы көрсетілетін қызметтерді айқындау, жерді басқару және оған меншік құқығы жүйесіндегі нақтылық және т.б.);

ИА инженерлік-техникалық жарақтандыру мәселелерін шешу;

әлеуетті және бұрыннан бар инвесторлармен белсенді жұмыс жүргізу қажет.

Сондай-ақ:

дайын ғимараттар мен өнеркәсіптік бағыттағы құрылыстар базасында;

инженерлік коммуникацияларды жүргізе отырып, өнеркәсіптік бағыттағы дайын тез салынатын ғимараттар салу жолымен;

коммуналдық меншіктегі немесе заңды тұлғалардың (мемлекеттік мекемелердің, кәсіпорындардың) жедел басқаруындағы қолданыстағы мүліктік кешендерді,

ғимараттарды, үй-жайлар мен құрылыстарды пайдалану жолымен, жалға алу шартымен "қарапайым заттар экономикасы" тауарларына байланыстыра отырып, шағын өндірістік кәсіпорындар орналасатын 20-дан 60-қа дейін ғимарат (әрқайсысы 100 немесе 200 ш.м) орналастырылатын алаңы 1-2 га шағын индустриялық аймақтар құруды ("Арна", "Боралдай", "Қазыбек бек" индустриялық аймақтары аумағында немесе аймақтардан тыс жерлерде) қарастыру керек.

Шағын индустриялық аймақтарды құру шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері үшін өндірістік үй-жайларды алу мүмкіндігін беруге байланысты "Қолжетімді кредит беру міндеттерін шешу үшін ұзақ мерзімді теңгелік өтімділікті қамтамасыз етудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 желтоқсандағы № 820 қаулысына сәйкес айқындалған "қарапайым заттар экономикасы" салаларының дамуына ықпал ететін болады. Осылайша, Алматы агломерациясын дамыту шеңберінде импорт алмастыру, өңдеу өнеркәсібінде бәсекеге қабілетті кәсіпорындар құру және жұмыс орындарының санын ұлғайту жөніндегі мәселе шешілетін болады.

Алматы агломерациясының еңбек ресурстарының даму перспективалары

Перспективада Алматы агломерациясында ауыл шаруашылығы (ветеринария техниктері, механизаторлар, тракторшылар және т.б.), азаматтық және жол құрылысы (газ-электр дәнекерлеушілер, геодезистер, картографтар, машинистер, әрлеушілер, қалыпшылар, техниктер, электриктер, әртүрлі маманданған инженерлер, автоматты желілерді үйлестірушілер, өндіріс операторлары, машинистер, слесарьлар және т.б.), құрылыс саласының және т.б. мамандары қажет болады.

Ауданның өнеркәсіптік кәсіпорындары үшін инженер-энергетиктер, инженер-технологтар, технологиялық желілер мен жабдықтарға қызмет көрсету жөніндегі техниктер, көтергіш және жылжымалы тиеу-түсіру жабдықтарының машинистері, болат және темір бетон конструкцияларын монтаждау жөніндегі монтажшылар және т. б. қажет.

Ауданда токарь, фрезерші, құрал-сайманшы, слесарь, БӨАЖА слесарі, техникаларға қызмет көрсету жөніндегі оператор, станоктар мен жабдықтарды жөндеуші, электромонтер, электр слесарь, электриктер және т.б. сияқты жұмысшы кәсіптері бойынша тапшылық бар.

Еңбек ресурстарына қажеттіліктердің орнын толтыру үшін мыналар база болады:

Сүлеймен Демирел атындағы университет (Қарасай ауданы, Қаскелең қаласы);

Алматы мемлекеттік жаңа технологиялар колледжі (Алматы қаласы);

Алматы мемлекеттік политехникалық колледжі (Алматы қаласы);

"Алматы мемлекеттік энергетика және электрондық технологиялар колледжі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі – МКҚК) (Алматы қаласы);

"Үшқоңыр су шаруашылығы колледжі" МКҚК (Қарасай ауданы, Үшқоңыр ауылы);

"Көпсалалы кәсіптік оқыту колледжі" МКҚК (Қарасай ауданы, Үшқоңыр ауылы);

"Жамбыл атындағы Ұзынағаш кәсіптік колледжі" МКҚК (Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылы);

"Шелек политехникалық колледжі" МКҚК (Еңбекшіқазақ ауданы, Шелек ауылы);

"Санжар Жандосов атындағы Қаскелең кәсіптік-техникалық колледжі" МКҚК (Қарасай ауданы, Қаскелең қаласы);

"Қапшағай көпсалалы колледжі" МКҚК (Алматы облысы, Қапшағай қаласы);

"Кәсіптік-техникалық колледж" МКҚК (Іле ауданы, Жауғашты ауылы);

"Заречное ауылының кәсіптік колледжі" МКҚК (Алматы облысы, Қапшағай қалалық әкімшілігі, Заречное ауылы);

"Талғар агробизнес және менеджмент колледжі" МКҚК (Талғар ауданы, Талғар қаласы);

"Талғар медициналық колледжі" мекемесі (Талғар ауданы, Талғар қаласы);

"Қазақстан-Ресей медициналық колледжі" мемлекеттік емес білім беру мекемесі (Алматы қаласы) және басқалар.

Еңбек ресурстарының негізгі көздері жоғары оқу орындары мен техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының түлектері, еңбек көшіп-қонушылары және жұмыссыздар болады.

Жұмыссыздық деңгейін төмендету, негізінен, экономикалық белсенді, жұмыспен қамтылған, оның ішінде жалдамалы тұрғындар есебінен, шағын және орта бизнес субъектілері санының өсуі есебінен қарастырылуда.

Келешекте аудандағы жұмыссыздық деңгейін төмендету мен өзін-өзі жұмыспен қамтуға Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасының іске асырылуы ықпал етеді.

Өңіраралық байланыстар

Алматы агломерациясының перспективалық өңіраралық байланыстары мынадай бағыттарда болуы мүмкін:

агломерацияның Қазақстанның басқа өңірлерімен, атап айтқанда, "Батыс Еуропа – Батыс Қытай" жолының бойындағы елдің оңтүстік өңірлерімен, "Екатеринбург – Алматы" халықаралық автодәлізінің әлеуетін және теміржол желісін пайдалана отырып, елдің орталық және солтүстік өңірлерімен сауда-экономикалық байланыстары;

Еуразиялық экономикалық одақтың, Орталық Азия, Еуропа елдерімен, Қытаймен сыртқы сауда. Мемлекеттік қолдау (қаржылық және қаржылық емес) болған жағдайда тиімді географиялық орналасуды пайдалана отырып, Алматы агломерациясы өнімінің: машина жасау өнімдерінің, химия өнеркәсібінің, дайын азық-түлік өнімдерінің, құрылыс материалдарының және т.б. экспортының көлемдерін ұлғайтуға болады;

шекара маңындағы ынтымақтастық. Қазақстандық өнімді сатып алуға сұраныс артқан және жаңа өндірістер дамыған жағдайда Қырғыз Республикасымен шекара маңындағы сауданы дамыту саласында Алматы агломерациясының шекара маңы



ынтымақтастығын дамытуға болады. Алматы қаласы және оған іргелес аудандар қайта өңдеу өнеркәсібін дамыту деңгейі жоғары өңірлер қатарына жатады.

Қалада еңбек әлеуеті, атап айтқанда, ғылыми әзірлемелер жеткілікті. Технологиялық трансферт – жаппай стандартты технологиялар импорты, ішкі және сыртқы нарықтарға бағдарланған жетекші шетелдік компаниялардың (филиалдар, бірлескен кәсіпорындар) процессингтік орталықтарын ашу жағдайында жаңа өндірістерді дамытудың барлық перспективалары бар.

Бішкек және Ташкент қалаларының кәсіпорындарымен кооперация негізінде машина жасау саласында шекара маңындағы ынтымақтастықты дамытуға болады.

Осылайша, Алматы агломерациясының өңіраралық байланыстарын дамыту перспективада ағымдағы өңіраралық байланыстарды сақтауға негізделеді, бұл ретте өңіраралық өзара іс-қимыл Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 1050 қаулысымен бекітілген Индустриялық-инновациялық дамудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 12 шілдедегі № 423 қаулысымен бекітілген Агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы және басқа да мемлекеттік бағдарламалар, "ИТП" АЭА-ның толық ауқымды жұмыс істеуі, қала айналасында азық-түлік белдеуін құруды қамтамасыз ететін кәсіпорындар шеңберінде қаржыландыру алған қуаттарды енгізу есебінен кластерлерді (сүт, ет, құс, жеміс-көкөніс, фармацевтикалық, құрылыс материалдары) дамыту шеңберінде күшейеді.

Аудандар мен Алматы қаласы бойынша агломерацияның мынадай өнімдерін шығаруға болады:

Алматы қаласы: сусындар, сүт өнімдері, дайын тамақ өнімдері, алкогольді сусындар, тұрмыстық химия тауарлары, аппараттар мен жабдықтар, металлургиялық өнімдер, фармацевтикалық өнімдер, жеңіл өнеркәсіп тауарлары, мұнай өнімдері, көмір;

Қапшағай қаласы: "сэндвич" панельдер, пішінді қаңылтыр, металл жабын, пішінді шатыржал, қуыс кірпіш, гипсокартон табақтар, қаптайтын кірпіш, бетон құрылыс материалдары, жол-тротуар плиталары, сусымалы тауарларға арналған полиэтилен қаптар, болат, алюминий құрылыс конструкциялары, бұйымдар;

Еңбекшіқазақ ауданы: сүт өнімдері, балық өнімдері (тұқы, бақтақ, бекіре, ақ амур, дөңмандай), қабырға панельдері, медициналық тауарларға арналған пластмасса ыдыстар, электр кабельдері, дәрілік препараттар, арнайы киім және басқа да тігін бұйымдары;

Жамбыл ауданы: балық өнімдері, алкогольсіз сусындар, тауық жұмыртқасы, кондитерлік өнімдер, гранит, травертин, газ бен суға арналған полиэтилен құбырлары, жарықшамдар;

Іле ауданы: темекі өнімдері, құс еті, жұмыртқа, асфальт, профильдік құбырлар, әскери бас киімдер, арнайы аяқ киімдер, бекітілген шпалдар;

Қарасай ауданы: сүт, тауық жұмыртқасы, жемістер;

Талғар ауданы: кондитерлік өнімдер, минералды су және басқа да алкогольсіз сусындар, сыра, кірпіш, жабынқыш және күйдірілген балшықтан жасалған өзге құрылыс бұйымдарының өндірісі, қағаз және картон ыдыс.

Тұтастай алғанда, өңіраралық байланыстар мен кооперацияны дамыту үшін экономиканың басым секторларында жоғары технологиялы өндірістерге бағытталған кластерлерді қалыптастыру және дамыту көзделеді.

2050 жылға қарай Алматы агломерациясының негізгі макроэкономикалық көрсеткіштерінің өсуі агломерациялық әсерлер есебінен экономикалық дамуды күшейту, кластерлік тәсіл негізінде ғылымды қажет ететін өндірістерді дамыту, агломерациясының өзек-қаласы – Алматының инвестициялық тартымды имиджін қалыптастыру, қала экономикасына инвестициялар көлемін өсіру, ірі инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру, өңіраралық байланыстарды дамыту және т.б . арқылы өндіріс құрылымын әртараптандыру есебінен көзделеді.

## **Инженерлік инфрақұрылымды кешенді дамыту шаралары**

Агломерация аумағында инженерлік инфрақұрылымды кешенді дамыту қажетті мұқтаждықты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, сондай-ақ халық пен бизнес үшін қолайлы орта жасайды.

Сумен жабдықтау және су бұру

Алматы агломерациясын қалыптастыру аймағы Іле өзенінің бассейнінде орналасқан және оның екі су шаруашылығы учаскелерінің бөліктерін алып жатыр: "Үлкен Алматы каналы аймағы" өзендері (Түрген, Есік, Талғар, Кіші және Үлкен Алматы, Қаскелең, Шамалған және Іле өзенінің арнасы мен Қапшағай су қоймасының бағытында құйылатын басқа да ұсақ өзендердің бассейндері) және Күрті өзенінің бассейні (Ұзын Қарғалы және Ұзынағаш өзендері) және жалпы сумен қамтамасыз етілген.

Жерүсті суларының қолда бар ресурсы, сондай-ақ жерасты суларының барланған пайдалану қорлары 2050 жылға қарай тұтынушылардың қажеттіліктері толық қанағаттандырылады деп болжауға мүмкіндік береді.

Агломерация аймағының шекарасында жерүсті су ресурстары барлық су ағындары бойынша анықталған және 1,55 км<sup>3</sup> (Қапшағай су қоймасын есепке алмағанда) құрайды .

Агломерация аумағы жақсы гидрогеологиялық зерттеумен сипатталады және шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау үшін жарамды жерасты суларымен салыстырмалы түрде жоғары қамтамасыз етілуімен ерекшеленеді.

Жерасты суларының болжамды ресурстарының жалпы көлемі есептеу нәтижелері бойынша жылына 2061,9 млн м<sup>3</sup> құрайды. Жерасты суларының барланған пайдалану

қорлары 2018 жылғы жағдай бойынша 4229,905 мың м<sup>3</sup>/тәулік немесе жылына 1543,915 млн м<sup>3</sup> құрайды.

Алматы агломерациясы экономикасы салаларының қажеттіліктеріне арналған жалпы су жинауда жерүсті сулары 84,8 % құрайды. Жерүсті суларының негізгі тұтынушысы – суармалы егіншілік. Оның үлесіне экономиканың барлық салаларының су алуының 72,9 % тиесілі.

Бұл ретте Талғар (92 %), Іле (81 %) және Еңбекшіқазақ (96 %) аудандары бойынша жалпы су алуда жер суаруға су алу басымырақ.

Экономика салалары бойынша су алудың үлесі (жалпы су алу %) 1-кестеде келтірілген.

1-кесте. Экономика салалары бойынша су алудың үлесі (жалпы су алу %)

Табиғи су объектілерінен алу	Барлығы	Су тұтынушылар					Тоғандағы балық шаруашылығы
		Шаруашылық ауыз су қажеттіліктері	Жасыл екпелерді суару	Өндірістік қажеттіліктер	А у ы л шаруашылығын с у м е н жабдықтау ж ә н е жайылымдарды суландыру	Тұрақты суару	
Барлығы	100	18,2		6,8	0,6	72,9	1,5

Экономика салаларын сумен қамтамасыз ету деңгейі – қанағаттанарлық.

Жүргізілген есептерге сәйкес экономика салаларының су ресурстарынан жиынтық алу 2025 жылға қарай 1442,863 млн м<sup>3</sup> (2017 жылға қарай 122 %) және 2035 жылға қарай 1776,888 млн м<sup>3</sup> (2025 жылға қарай 123 %) құрайды. Экономика салаларының су ресурстарын алуының болжамды жиынтық көлемі 2050 жылға қарай 2090,983 млн м<sup>3</sup> құрайды.

Өзек-қала мен әкімшілік аудандар бөлінісінде су алу мен су бұру көрсеткіштері 2-кестеде келтірілген.

2-кесте. Алматы агломерациясы бойынша суды жиынтық алу, пайдалану және бұру көрсеткіштері, жылына млн м<sup>3</sup>.

№	Әкімшілік бірліктің атауы	2017 жыл		2025 жыл		2035 жыл		2050 жыл	
		Су алу	Су бұру	Су алу	Су бұру	Су алу	Су бұру	Су алу	Су бұру
1	Алматы қ.	233,169	47,851	318,606	304,986	416,597	368,412	484,893	397,481
2	Қапшағай қалалық әкімшілігі	60,007	2,915	69,878	13,300	84,607	16,750	104,418	22,123
3	Еңбекшіқазақ ауданы	617,143	13,968	735,627	16,595	890,154	15,434	1029,112	17,622
4	Жамбыл ауданы	38,953	0,489	43,721	0,840	54,459	1,243	70,041	2,550
5	Қарасай ауданы	56,664	2,242	67,433	8,105	82,148	17,290	101,923	19,860
6	Талғар ауданы	79,480	0,466	102,966	4,333	125,973	8,111	152,030	15,050
7	Іле ауданы	91,043	0,600	109,127	3,762	122,330	9,398	148,566	15,649

Барлығы	1176,459	68,531	1442,863	351,921	1776,888	436,638	2090,983	490,335
---------	----------	--------	----------	---------	----------	---------	----------	---------

Алматы агломерациясының аумағында жерүсті және жерасты суларының ресурстары бар, олардың көлемі қазіргі заманғы деңгейде және 2050 жылға дейінгі перспективада экономика салаларының қажеттілігін толығымен қамтамасыз етеді. Осылайша, тұтынушылардың басқа сумен жабдықтау көздеріне көшу мәселесі қарастырылмайды.

#### Сумен жабдықтау

Агломерация аумағындағы барлық қалалық елді мекендерде сумен жабдықтаудың кепілді көздері бар.

Алматы қаласын сумен жабдықтау Алматы және Талғар кен орындарының жерүсті және жерасты суларына негізделеді. Қапшағай қаласы Қапшағай су қоймасының жерүсті (65,4 %) және Николаев кен орнының жерасты суларымен (34,6 %) қамтамасыз етіледі. Қазіргі уақытта аталған кен орны шектеулі режимде пайдаланылады. Перспективалы дамуды есепке ала отырып, Талғар және Есік қалалары үшін жерасты суларының қорлары бекітілді, алайда жерүсті суларын алу да жүзеге асырылуда. Қаскелең қаласын сумен жабдықтау Қаскелең кен орнының жерасты суларының есебінен жүзеге асырылады. Ауылдық елді мекендерді сумен жабдықтау негізінен жерасты суларына негізделеді. 33 ауылдық елді мекенді сумен жабдықтау үшін 3 топтық су құбыры жұмыс істейді және біреуі (Қаскелең) салынып жатыр.

Алматы агломерациясы аймағына кіретін 189 елді мекеннің 176-сы (94,1 %) орталықтандырылған сумен қамтамасыз етілген. Орталықтандырылған сумен жабдықтаумен қамтылған барлық ауылдарда ұзындығы жеткілікті кентішілік желілер жоқ.

11 (5,8 %) ауылдық елді мекен орталықтандырылған сумен жабдықталмаған, бұл – Еңбекшіқазақ ауданының Қазатком, Қайрат, Сазы, Екпінді, Жамбыл ауданының Қайназар, Қарасай ауданының Көктөбе, Талғар ауданының Орман, Еламан, Жаңаарна, Тереңқара, Қаратоған ауылдары. Оның ішінде тек Талғар ауданының Қаратоған ауылы агломерациялық процестер бәсең аймаққа кіреді. Су құбыры желілерінің жалпы ұзындығы – 1,9 мың км. Желілердің тозуы 51,2 % құрайды.

#### Су бұру

Агломерацияға кіретін барлық қалалар орталықтандырылған су бұрумен қамтамасыз етілген.

Алматы қаласының кәріз жүйесі қазіргі уақытта толық емес бөлек жүйе бойынша жұмыс істейді, біреуі – нөсерлік кәріз (арық) шағын өзендерге су бұруды, екіншісі жалпықалалық кәріз – өнеркәсіптік және шаруашылық-тұрмыстық ағындар үшін сарқынды суларды қаладан Сорбұлақ сарқынды су жинағышқа қабылдауды, бұруды және тазартуды жүзеге асырады. Өтеген батыр ауылының (МАЭС), Талғар және Қаскелең қалаларының сарқынды сулары осыған ұқсас ағызылады. Қапшағай қалалық

әкімшілігінің сарқынды суларды тазарту құрылыстарын қайта жаңарту қажет. Орталықтандырылған кәріз жүйесімен барлық қалалар толық қамтамасыз етілмеген.

Орталықтандырылған су бұрумен 18 ауылдық елді мекен (9,8 %) қамтамасыз етілді. Кәріз желілерінің ұзындығы 588,2 км, тозуы 74,5 % құрайды.

Агломерациялар аумағының серпінді дамуына байланысты халықты орталықтандырылған су бұру жүйесімен қамтамасыз ету мәселесі басым бағыттардың бірі болып табылады.

Есепті 2035 және болжамды 2050 жылдарға қарай Алматы агломерациясының аумағын кепілді сумен жабдықтауды және су бұруды қамтамасыз ету үшін:

1) елді мекендердің орталықтандырылған сумен жабдықтауға қол жеткізу деңгейін 2025 жылға қарай 100 % жеткізу ұсынылады, бұл агломерацияның барлық елді мекендерін сапалы ауызсумен және коммуналдық шаруашылық объектілерін тұрақты сумен жабдықтауды қамтамасыз етеді;

2) тазартудың және зарарсыздандырудың заманауи тәсілдерін қолдана отырып, амортизациялық мерзімі өткен тазартқыш су құбыры құрылыстарын реконструкциялау, жаңғырту;

3) жерасты суларының көздерін қайта бағалауды орындау;

4) нормаланған су тұтынуға көшу үшін шығарылған өнім бірлігіне шаққандағы су тұтынудың прогрессивті нормаларын әзірлеу және енгізу;

5) ең жаңа жетістіктер мен технологиялар негізінде кәсіпорындардағы айналмалы, тұйық және бірізді сумен жабдықтау көлемін ұлғайту;

6) өнеркәсіптік сумен жабдықтауды техникалық суға көшіру (техникалық суды қолдануға болатын кәсіпорындарда);

7) су шаруашылығы жүйелерін суды өлшеудің, суды есептеудің және суды реттеудің жаңа құралдарымен жабдықтау;

8) озық су үнемдеуші технологияларды енгізуді экономикалық ынталандыруды қамтитын су пайдаланудың тиімділігін арттыру;

9) Қаскелең топтық су құбырының құрылысын аяқтау;

10) орталықтандырылған сумен жабдықталмаған елді мекендерде су құбыры желілері мен құрылыстарын салу (Еңбекшіқазақ ауданының Қазатком, Қайрат, Сазы, Екпінді ауылдары, Жамбыл ауданының Қайназар ауылы, Қарасай ауданының Көктөбе ауылы, Талғар ауданының Орман, Еламан, Жаңаарна, Теренқара, Қаратоған ауылдары);

11) агломерацияның елді мекендерін тазарту құрылыстары кешендерімен (бұдан әрі – ТҚК) орталықтандырылған су бұру жүйелерімен қамтамасыз ету ұсынылады. Сарқынды суларды тазарту технологиясын таңдау кезінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы санитариялық ережелеріне сәйкес сарқынды суларды су объектілеріне ағызу мүмкіндігін қамтамасыз ету және суармалы мақсаттар үшін (жасыл желектер,

кейбір техникалық ауыл шаруашылығы дақылдары) және өнеркәсіптік кәсіпорындардың айналым циклдерінде тазартылған сарқынды суларды пайдалану қажеттігін көздеу қажет;

12) амортизациялық мерзімі өткен кәріз желілері мен құрылыстарын реконструкциялау және ауыстыру;

13) сарқынды суларды тазартудың және жауын-шашынды өңдеудің қазіргі заманғы әдістерін қолдана отырып, ТҚК, оның ішінде Алматы, Қапшағай, Есік қалаларының ТҚК реконструкциялау, жаңғырту;

14) Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде су бұру желілері мен құрылыстарын дамыту ұсынылады.

Электрмен жабдықтау

Ең ірі электр станциялары – ЖЭО-1, 2, 3, Қапшағай су электр станциясы (бұдан әрі – СЭС), Есік СЭС, сондай-ақ Қапшағай күн электр станциясы және жел электр станциясы Алматы агломерациясының аумағында орналасқан.

Алматы агломерациясының қаралып отырған аймағының шекарасында 11 ҚС 220 кВ, 83 ҚС 110 кВ және 73 ҚС 35 кВ, оның ішінде Алматы қаласының қолданыстағы шекараларында 5 ҚС 220 кВ, 44 ҚС 110 кВ және 16 ҚС 35 кВ орналасады.

Перспективада жабдықты реконструкциялау мен жаңғырту, сондай-ақ жаңа көздер салу есебінен Алматы агломерациясының электр станцияларын, электр желілерін және жүйелерін дамыту ұсынылады.

Алматы агломерациясы аймағы бойынша электр тұтыну деңгейлерінің болжамы энергия үнемдейтін технологиялардың енгізілуін ескере отырып, экономика салаларын перспективаға дамытудың жалпы үрдістеріне сәйкес орындалды. Қарастырылып отырған ұзақ мерзімді перспективада электр тұтынудың перспективалық көрсеткіштері экономиканың дамуындағы ықтимал ауытқулар ескеріле отырып көрсетілген.

Алматы агломерациясының болжамды электр тұтынуы 3-кестеде келтірілген.

## Алматы агломерациясының электр тұтынуы

3-кесте

млн. кВт/сағ.

Р/с №	Атауы	2017 жыл	2025 жыл	2035 жыл	
1.	Алматы қаласы	5560	7550	9450	
2.	Қапшағай қалалық әкімшілігі	310	664	1026	
3.	Еңбекшіқазақ ауданы	256	642	433	
4.	Жамбыл ауданы	152	323	404	
5.	Іле ауданы	998	2260	4370	
6.	Қарасай ауданы	1028	1347	2036	
7.	Талғар ауданы		416	762	906

8.	Алматы агломерациясы, барлығы	8720	13548	18625
----	-------------------------------	------	-------	-------

Алматы агломерациясы аймағында электр энергиясына қажеттіліктің өсуімен 2017 жылы 470 МВт-тан 2035 жылға қарай 1980 МВт-қа дейін қуат тапшылығының артуы болжануда.

Көрсетілген тапшылықтарды қамтамасыз етудің басқа көздері ретінде электр желілерін қажетті қосымша күшейтуді ескере отырып, мынадай электр станцияларын қарау ұсынылады:

Шарын өзеніндегі Мойнақ СЭС (МСЭС) – 300 МВт;

Іле өзеніндегі Кербұлақ СЭС (КСЭС) – 40,6 МВт;

Екібастұз МАЭС – 1, 2 (ЕМАЭС).

Сондай-ақ электр қуаты мен энергияға болжамды меншікті қажеттілікті қамтамасыз ету жөніндегі негізгі іс-шаралар ретінде:

жұмыс істеп тұрған электр станцияларын техникалық қайта жаратқандыру;

жұмыс істеп тұрған электр станцияларында жаңа қуаттарды іске қосу;

жаңа электр станцияларын салу (СЭС, ЖЭО, жаңа базалық электр станциялары);

жаңартылатын энергия көздерін теңгерімге тарту (шағын СЭС, ЖЭС, КЭС);

жұмыс істеп тұрған электр желілері мен жүйелерін реконструкциялау және жаңғырту;

жаңа электр желілері мен жүйелерін салу ұсынылады.

Электр станциялары бойынша АСЭС каскадының 1, 2, 3 АЖЭС, БГҚ-240 (бу-газды қондырғы) құрылысын, жаңартылатын энергия көздері нысандарын (СЭС, ЖЭС, КЭС) және т.б. жаңғыртуды және реконструкциялауды қарастыру ұсынылады.

Электр желілері бойынша агломерация аймағында реконструкциялау, жаңғырту және жаңа құрылыс салу, соның ішінде:

2025 жылға дейін:

Алматы қаласы бойынша:

ҚС 220/110/10 кВ № 154 Қоянкөз, АХБК, ҚС 110/6 кВ № 18 Химпром, Шоссейная, ҚС 35/6 кВ № 8 кірпіш, Орбита және т.б. реконструкциялау;

қаланың айналасында 220 кВ ӘЖ бар 220 кВ жаңа қосалқы станцияларды салу;

Алмагүл, Энергетикалық ҚС 110 кВ салу және т.б.;

Талғар ауданы бойынша:

"Тұздыбастау", "Жаңа Қайрат", "Оңтүстік" және т.б. 110/10 кВ ҚС салу;

Іле ауданы бойынша:

220/10 кВ "Робот" ҚС реконструкциялау;

220/25/10 кВ "Жаңа-Арна-тяга" ҚС, 110/10 кВ ӘЖ 110 кВ "Арна 1" ҚС салу және т.б.;

Қапшағай қаласы бойынша ЖЭС құрылысы 4,5 МВт;

КЭС қуатын 100 МВт дейін ұлғайту;

Қарасай ауданы бойынша:

"Қаскелең" ҚС № 27 110/10 кВ реконструкциялау;

22/110 кВ "Қаскелең" ҚС, 110/10 кВ "Гүлдер" ҚС және т.б. қосылумен жаңа 110 кВ ҚС салу;

Еңбекшіқазақ ауданы бойынша:

110/10 кВ ҚС "Бөлек", "Түрген", 50 МВт ЖЭС салу;

№ 40 ҚС 35/10 кВ "Есік" және т.б. реконструкциялау;

2035 жылға дейін:

Алматы қаласы бойынша:

Қалқаман (жаңа), Топливная, Райымбек және т.б. 110/10 кВ ҚС салу;

Іле ауданы бойынша:

"Тамаша", "Тірек" 220/110/10 кВ ҚС және т.б. салу;

Қапшағай қаласы бойынша:

"Ерке 1" және "Ерке 2", "Айдос" 110/10 кВ ҚС және т.б. салу;

Қарасай ауданы бойынша:

"Шамалған" "ПИТ-3" 220/10 кВ ҚС, 110/10 кВ "Көкөзек" ҚС және басқаларын салу;

Еңбекшіқазақ ауданы бойынша "Балтабай" 110/10 кВ ҚС, "Еңбекші" 110 кВ ҚС және т.б.;

Талғар ауданы бойынша "Белбұлақ" 110/10 кВ ҚС;

Жамбыл ауданында 220/110/10 №140 А "Западная" ҚС реконструкциялау және жаңғырту, 110/10 кВ "Жаңақұрылыс" ҚС салу ұсынылады.

Осыған байланысты 2050 жылға дейінгі перспективада 220кВ тірек ҚС, 110кВ жаңа ҚС салу, энергия тиімділігі және энергия үнемдеу мәселелерін күшейту, қаланың айналасында 220кВ айналмамен параллель режимде жұмыс істейтін 110кВ транзиттік ӘЖ жою арқылы кернеуі 110кВ желілерді оңтайландыру қажет.

Бұл ретте Алматы қаласының жаңа жоспарлау аудандарын электрмен жабдықтау үшін:

Боралдай және Боралдай жоспарлау ауданы үшін қант зауыты;

Солтүстік-батыс жоспарлау ауданы үшін Жетісу және Көк-Өзек;

Батыс жоспарлау ауданы үшін арналған Іргелі;

Оңтүстік-батыс жоспарлау ауданы үшін Ақсай және Қарғалы;

Шығыс жоспарлау ауданы үшін Белбұлақ, Тұздыбастау және Алтынсай;

Первомай жоспарлау ауданы үшін Gate city-1 110 кВ жаңа ҚС салуды қарастыру ұсынылады.

Жылумен жабдықтау

Салынып жатқан құрылыстардың, халық санының өсу серпінінің көлемі, тұрғын үймен қамтамасыз етілудің нысаналы көрсеткіштері бойынша деректер негізінде "Энергияны тұтыну және азаматтық ғимараттарды жылулық қорғау" ҚР ҚНЖҚ 2.04-21-2010 белгіленген Алматы қаласының метеостанцияларына арналған параметрлер



негізінде Алматы агломерациясының аудан орталықтарына, Қапшағай және Алматы қалаларына тұрғын және қоғамдық құрылыс салу бойынша жылу жүктемесінің және жылуды тұтынудың болжамды деңгейлері бағаланды.

4-кесте. 2035 жылға дейінгі кезеңде Алматы агломерациясының аудан орталықтары, Алматы және Қапшағай қалалары бөлінісінде тұрғын және қоғамдық құрылыс салу бойынша жылудық жүктеменің өзгеру серпіні

Гкал/сағ

Атауы	2017 жыл	2025 жыл	2035 жыл
<b>болжам</b>			
<b>Есік қаласы</b>			
Жылудың ең жоғарғы сағаттық шығыны, оның ішінде:	110	134	164
тұрғын ғимараттарды жылытуға	41	52	61
тұрғын және қоғамдық ғимараттарды жылыту кезеңі үшін ЫСЖ-ға	20	26	32
қоғамдық ғимараттарды жылытуға және желдетуге	50	62	75
<b>Қаскелең қаласы</b>			
Жылудың ең жоғарғы сағаттық шығыны, оның ішінде:	192	227	280
тұрғын ғимараттарды жылытуға	701	85	103
тұрғын және қоғамдық ғимараттарды жылыту кезеңі үшін ЫСЖ-ға	35	42	53
қоғамдық ғимараттарды жылытуға және желдетуге	86	102	126
<b>Ұзынағаш ауылы</b>			
Жылудың ең жоғарғы сағаттық шығыны, оның ішінде:	106	130	16
тұрғын ғимараттарды жылытуға	40	48	64
тұрғын және қоғамдық ғимараттарды жылыту кезеңі үшін ЫСЖ-ға	20	26	32
қоғамдық ғимараттарды жылытуға және желдетуге	48	59	76
<b>Талғар қаласы</b>			
Жылудың ең жоғарғы сағаттық шығыны, оның ішінде:	154	176	208
тұрғын ғимараттарды жылытуға	58	66	78
тұрғын және қоғамдық ғимараттарды жылыту кезеңі үшін ЫСЖ-ға	28	33	39
қоғамдық ғимараттарды жылытуға және желдетуге	70	80	94
<b>Өтеген батыр ауылы</b>			
Жылудың ең жоғарғы сағаттық шығыны, оның ішінде:	58	73	99
тұрғын ғимараттарды жылытуға	21	27	38
тұрғын және қоғамдық ғимараттарды жылыту кезеңі үшін ЫСЖ-ға	12	14	20
қоғамдық ғимараттарды жылытуға және желдетуге	26	33	45
<b>Қапшағай қаласы</b>			
Жылудың ең жоғарғы сағаттық шығыны, оның ішінде:	174	196	226
тұрғын ғимараттарды жылытуға	64	74	84
тұрғын және қоғамдық ғимараттарды жылыту кезеңі үшін ЫСЖ-ға	32	36	42
қоғамдық ғимараттарды жылытуға және желдетуге	78	89	102
<b>Алматы қаласы</b>			
Жылудың ең жоғарғы сағаттық шығыны, оның ішінде:	4400	7970	11152

тұрғын ғимараттарды жылытуға	1600	2936	4102
тұрғын және қоғамдық ғимараттарды жылыту кезеңі үшін ЫСЖ-ға	790	1450	2030
қоғамдық ғимараттарды жылытуға және желдетуге	1948	3589	5018

Перспективада агломерацияның аудан орталықтары бойынша 2 – 3 %, Қапшағай қаласы бойынша – 2 %, Алматы қаласы бойынша – 6 % орташа жылдық өсу қарқынымен жылу жүктемелері мен жылу тұтынудың өсуі күтілуде.

Перспективада Алматы қаласын жылумен жабдықтау жүйесін дамытудың негізгі бағыттары:

ЖЭО-2;

ЖЭО-2-мен бірлескен жұмысын сақтап, газға ауыстыра отырып, ЖЭО-1 және БЖК; аудандық қазандықтарды кеңейту мен реконструкциялау;

газбен жұмыс істейтін жылумен жабдықтаудың қазіргі заманғы жергілікті қазандықтары мен автономды жүйелерін салу мүмкіндігін көздейді.

Жаңа құрылысты жылумен қамтамасыз ету үшін жылумен жабдықтаудың дәстүрлі емес экологиялық таза көздерін пайдалана отырып, өз энергия көздеріне және газбен жабдықтаудың автономды жүйелеріне бағдарлау ұсынылады.

Алматы агломерациясы аудандары халқының тұруына қолайлы жағдай жасау үшін аудан орталықтарын орталықсыздандырылған көздерден (сағатына 20 Гкал дейін) жылумен жабдықтау ұсынылады.

"Жеке тұрғын үй құрылысы аудандарын жоспарлау және салу" ҚР ҚН 3.01-02-2012 ұсыныстарына сәйкес жеке тұрғын үй құрылысын жылумен жабдықтауды зауытта дайындалған жылу агрегаттарын және сумен жылыту жүйелерін пайдалана отырып орталықсыздандыруды жүзеге асыру ұсынылады.

Тұтастай алғанда, жылумен жабдықтау жүйелерін дамыту нұсқасын таңдау техникалық-экономикалық салыстыру негізінде, оның ішінде экологиялық аспектілерді, энергия тиімділігі мәселелерін және тұрғын үй мен қоғамдық құрылыс бойынша нақтыланған деректердің, халықтың болжамды саны мен проспектінің негізінде жаңартылатын энергия көздерін тарту мүмкіндігін ескеретін болады.

Газбен жабдықтау

Алматы агломерациясының аумағында мынадай газ тарату станциялары (ГТС) жұмыс істейді: "Фабричный" ГТС, "Шамалған" ГТС, "Қаскелең" ГТС, "Боралдай" АГТС, Алматы ГТС-1 (Орбита), Алматы ГТС-2.

Алматы агломерациясы бойынша газ тұтынудың қалыптасқан көлемдері орта мерзімді перспективада табиғи газдың негізгі тұтынушылары халық, өнеркәсіп және коммуналдық-тұрмыстық сектордың кәсіпорындары болып табылатынын көрсетеді.

"Алматы облысы "Алматы – Байсерке – Талғар" магистральдық газ құбырының құрылысын аяқтау, "Қазақстан – Қытай" МГҚ мен "Алматы –Байсерке – Талғар" МГҚ арасындағы бөгеттер, сондай-ақ "Алматы қаласының ГТС-2 газ тарату станциясының

қуатын шығару", "Батыс жылу кешенін газбен жабдықтау (БЖК)" жобаларын іске асыру ГТС-ның қолданыстағы қуатын арттыруға мүмкіндік береді.

Агломерацияны одан әрі газдандырудың перспективалы жобаларының негізгі мақсаты мынадай міндеттерді шешу болып табылады:

халықтың қауіпсіз өмір сүруі мен өнеркәсіптік және коммуналдық-тұрмыстық объектілерді пайдалану үшін жағдай жасау;

газбен жабдықтаудың сенімділігін арттыру. Бұл ретте жоғары және орташа қысымды газ құбырлары оларды ажыратқыш құрылғылармен секцияларға бөле отырып, Алматы қаласына екі тәуелсіз газбен жабдықтау көздерінен: АГТС – "БГСС-ТБА" МГҚ-дан "Орбита" және "Қазақстан – Қытай" МГҚ-дан "Талғар" АГТС-3 жобалануы тиіс;

жылу энергетикалық кешен кәсіпорындарын: ЖЭО-1, АТКЭ, СВЭЖ және Алматы қаласын, АТП АЭА және Алатау кентін игерудің жаңа алаңдарындағы жобалық қазандықтарды табиғи газға ауыстыру үшін шекті тұтыну кезеңінде қосымша газ беруге жағдай жасай отырып, Алматы қаласында энергия тапшылығын төмендету.

Жобалық магистральдық газ құбырлары құрылысының аяқталуын ескерсек, жаңа АГТС, оларға әртүрлі қысымды жеткізуші газ құбырларын (жоғары, орташа және төмен ЖҚГҚ, ОҚГҚ, ТҚГҚ) және таратушы газ құбырларын, оның ішінде "Қаскелең", "Қазыбек бек", "Қапшағай", "Жаңа Іле" АГТС және т.б. салу есебінен агломерацияның елді мекендерін одан әрі газдандыруға болады.

Алматы агломерациясын газдандырудың перспективалы схемасы құрылыстың техникалық мүмкіндігі мен экономикалық орындылығын негізге ала отырып, кентаралық газ құбырларының трассаларын оңтайлы таңдау негізінде елді мекендерді газбен жабдықтаумен барынша қамтуды ескере отырып айқындалған.

#### Телекоммуникация және байланыс

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (бұдан әрі – АКТ) барған сайын өмірдің барлық салаларына ене түсуде және ақпараттық қоғамға, әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени дамуы жоғары қоғамға көшу үшін іргелі әрі материалдық базаны құрайды.

Телекоммуникация саласының негізгі үрдістері жылдамдығы жоғары оптикалық және сымсыз технологияларға негізделген инфрақұрылымды дамыту, халыққа және ұйымдарға мультимедиялық қызметтер көрсету, телерадио хабарларын таратудың цифрлық технологияларын енгізу және дамыту, сондай-ақ жергілікті телефон байланысын цифрландыру деңгейін арттыру болып табылады.

Жеке және мемлекеттік секторлардың жұмысында ақпараттық технологиялардың рөлін кеңейту цифрлық мемлекетке көшу үшін негіз болып табылады.

Цифрлық технологияларды дамыту ұлттық экономиканы әртараптандыру, оны шикізаттық модельден индустриялық-сервистік модельге қайта бағдарлау және еңбек нарығы үшін жаңа мүмкіндіктерді пайдалану жолдарының бірі ретінде қарастырылады.

"Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жалпы және экономика салаларында күтілетін экономикалық өсу бойынша көрсеткіштер көзделген, оның ішінде:

1) халықтың цифрлық сауаттылық деңгейін 2020 жылға қарай 80 %-ке және 2022 жылға қарай 83 %-ке жеткізу;

2) 2020 жылға дейін Алматы қаласының "ақылды қалалардың" жаһандық рейтингтерінің біріне кіруі;

3) бастауыш мектептен бастап бағдарламалау негіздерін оқытуды енгізген мектептердің үлесін 2020 жылға қарай 13,5 %-ке және 2022 жылға қарай 40,6 %-ке жеткізу;

4) цифрлық сауаттылыққа оқытудан өткен кәсіби кадрлардың үлесін 2020 жылға қарай 0,66 %-ке және 2022 жылға қарай 1,1 %-ке жеткізу;

5) 2022 жылы интернет желісін пайдаланушылардың үлесін 82 %-ке жеткізу;

6) халықтың цифрлық сауаттылық деңгейін 2022 жылы 83 %-ке дейін жеткізу.

## **Көлік инфрақұрылымын дамыту шаралары**

Өнеркәсіп салаларының, құрылыстың, ауыл шаруашылығы өндірісінің, экономиканың барлық салаларының тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігі көбінесе көлік саласы мен оның инфрақұрылымының даму деңгейіне байланысты.

Көлік инфрақұрылымының әлемдік стандарттардың талаптарына сәйкестігі қазіргі әлемдегі елдің жоғары бәсекеге қабілеттілігінің маңызды факторы болып табылады.

Алматы агломерациясының көлік саласының ел экономикасындағы ерекше рөлі оның географиялық жағдайына, халықтың жоғары тығыздығына және агломерация өзегі – Алматы қаласының дамығандығына байланысты.

Алматы агломерациясы республиканың ірі мегаполисінің агломерациясы ретінде қалыптасатын, Алматы қаласына жақын орналасқан Алматы облысының: Қарасай, Талғар, Жамбыл, Іле, Еңбекшіқазақ аудандарын және Қапшағай қалалық әкімшілігін қамтиды, бұл республика ішінде, сондай-ақ жақын және алыс шетелдермен көліктік-экономикалық байланыстарда өзіндік із қалдырады.

Алматы агломерациясына кіретін барлық аумақтар мен елді мекендердің Алматы қаласымен байланыстары (еңбек, мәдени-тұрмыстық және рекреациялық) тығыз әрі орныққан.

Алматы агломерациясының аумағында көліктің барлық түрлері: теміржол, автомобиль, әуе, су (өзен), қалалық электр (троллейбус және метрополитен), сондай-ақ көліктік логистика объектілері дамыған.

Көліктің әрбір түрінің тасымалданатын жүктердің сипатына, жүктер мен жолаушыларды тасымалдаудың қашықтығына байланысты өзіндік ұтымды қолданылу саласы бар.

Алматы агломерациясының аумағы бойынша республикада қолданыстағы теміржол желілерінің негізінде қалыптастырылған трансқазақстандық бес маршруттың екеуі өтеді:

Оңтүстік ТАТМ – "Ляньюнгань – Достық – Сарахс – Рази – Ыстамбұл" бағыты;

TRASECA – "Ляньюнгань – Достық – Ақтау – Баку – Поти – Ыстамбұл" бағыты.

Бұдан басқа, Алматы агломерациясының аумағынан мына автокөлік дәліздері өтеді:

"Алматы – Қарағанды – Нұр-Сұлтан – Петропавл";

"Ташкент – Шымкент – Тараз – Бішкек – Алматы – Қорғас";

"Батыс Еуропа – Батыс Қытай" халықаралық транзиттік дәлізі.

Алматы агломерациясының қолданыстағы заманауи инфрақұрылымы ауа, су (Қапшағай су қоймасы акваториясындағы) және құбыржол (магистральды газ құбырлары), сондай-ақ көлік логистикасының объектілерімен (көлік-логистикалық орталықтар) толықтырылуда.

Агломерацияның көлік инфрақұрылымының негізгі проблемалары:

бір жолды теміржол желілерінің саны басым, агломерацияның электрлендірілген теміржолдарының үлесі аз, сондай-ақ "Алматы 1" теміржол торабының жүк және транзиттік құрамдармен көп жүктелуі;

облыстық және аудандық маңызы бар жолдарда жол қабатының көтеру қабілетінің жоғалуы, қала маңындағы бағыттарда жолаушылар тасымалының қолданыстағы көлемінің қажеттіліктерін қанағаттандыратын автомобиль көлігіне баламаның болмауы, қазіргі заманғы (халықаралық және ұлттық стандарттарға сәйкес келетін) автовокзалдар мен автостанциялардың болмауы, тасымалдау қабілеті зор (LRT және BRT) жүрдек жолаушылар көлігінің қазіргі заманғы жүйелерінің болмауы;

Алматы халықаралық әуежайының қала шегінде орналасуы, бұл агломерация шекарасында нормативтік талаптардың (ұшу қауіпсіздігінің, шудың және экологиялық) бұзылуына, шағын авиацияның (жергілікті әуе желілерінің әуе айлақтары мен тікұшақ айлақтарының) нашар дамуына әкеп соғады;

ішкі су көлігін пайдалануға жарамды өзен және көл жолдары санының аз және тығыздығының төмен болуы, навигациялық кезеңге тәуелділігі.

Алматы агломерациясының көлік инфрақұрылымын дамытудың жобалық ұсыныстары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 1055 қаулысымен бекітілген Инфрақұрылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған "Нұрлы жол" мемлекеттік бағдарламасына, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің 2015 жылғы 20 мамырдағы "Ұлт жоспары – 100 нақты қадам" бағдарламасына сәйкес әзірленді және мыналарды қамтиды:

1) теміржол көлігінің инфрақұрылымы:

2025 жылға қарай:

жалпы ұзындығы 75 км (Алматы агломерациясының шекарасында – 61 км) "Алматы" теміржол торабын айналып өтетін "Жетіген – Қазыбек бек" бағытындағы

айналма теміржол желісін салу. Бұл жобаның мақсаты "Алматы-1" станциясы арқылы транзиттік жүктердің өтуін азайту болып табылады. Бұдан басқа, теміржол желісі жолаушылар пойыздарына жылдамдықты 100 км/сағ дейін, ал жүк пойыздарына 80 км/сағ дейін арттыруға мүмкіндік береді, бұл жүктер мен жолаушыларды тасымалдау мерзімін қысқартады;

жалпы ұзындығы 8,5 км "Алматы 1 – Алматы 2" учаскесінде электрлендірілген екінші жолды салу;

"Алматы 1" және "Алматы 2" теміржол вокзалдарын реконструкциялау;

2035 жылға қарай:

жалпы ұзындығы 329,2 км "Алматы 1 – Жетіген – Қорғас" учаскесінде электрлендірілген екінші жолды салу (Алматы агломерациясының шекарасында – 103,7 км құрайды);

жалпы ұзындығы 75 км "Алматы" теміржол торабын айналып өтетін "Жетіген – Қазыбек бек" учаскесінде электрлендірілген екінші жолды салу (Алматы агломерациясының шекарасында – 61 км);

2050 жылға қарай:

ұзындығы 70 км (Алматы агломерациясының шекарасында – 56,6 км) "Жетіген – Қосқұдық" бағытындағы теміржол желісін салу (перспективалы электрлендірілумен). Аталған жобаның мақсаты Қапшағай қаласы арқылы транзиттің өтуін болдырмау болып табылады;

Қапшағай және Жаңа Іле қалаларында айналма теміржолдың жобалық учаскелерінде жаңа теміржол вокзалдарын салу;

2) автомобиль көлігінің инфрақұрылымы:

автомобиль жолдары:

2025 жылға қарай:

ұзындығы 66 км Үлкен Алматы айналма автомобиль жолын (ҰАААЖ) салу;

"Нұр-Сұлтан – Қарағанды – Балқаш – Қапшағай – Алматы" бағыты бойынша "Қапшағай – Күрті" бағытындағы "Р-18" республикалық маңызы бар автомобиль жолы учаскесінде "Орталық – Оңтүстік" дәлізін реконструкциялауды аяқтау;

"Приканальная БАК" бағытындағы облыстық маңызы бар "КВ-49" автомобиль жолын реконструкциялау;

"Алматы – Жетіген – Қапшағай су қоймасы" бағытындағы облыстық маңызы бар "КВ-15" автомобиль жолын реконструкциялау;

"Алматы 1 – Шамалған станциясы – Ұзынағаш" бағытындағы облыстық маңызы бар "КВ-67" автомобиль жолын реконструкциялау;

ITS жол қозғалысын автоматты басқару жүйесін енгізу;

2035 жылға қарай:

"Батыс Еуропа – Батыс Қытай" халықаралық транзиттік дәлізінің құрылысын аяқтау (Алматы агломерациясының шекарасында ұзындығы 151,4 км, соның ішінде, ҰАААЖ бойынша – 29,4 км);

"Алматы – Шамалған – Ұзынағаш – Аққайнар – Сұраншы батыр – Қырғызстанның шекарасы" бағытындағы "А-4" республикалық маңызы бар автомобиль жолының "Ұзынағаш – Аққайнар – Сұраншы батыр – Қырғызстан шекарасы" учаскесін реконструкциялау;

"Жетіген – Заречное" бағытындағы облыстық маңызы бар автомобиль жолын салу;

"Жетіген ауылының айналма жолы" автомобиль жолын салу;

"РФ шекарасы (Екатеринбург) – Алматы, Қостанай, Нұр-Сұлтан, Қарағанды қалалары арқылы" қатынасындағы (Шамалған елді мекенінен айналма жол сала отырып) халықаралық маңызы бар "М-36" автомобиль жолын реконструкциялау;

"Алматы – Көктал – Байсерке – Междуреченское" бағытындағы (Байсерке, Нұрғиса Тілендиев, Қараой, Чапаев және Междуреченское елді мекендерінен айналма жол сала отырып) республикалық маңызы бар "Р-19" автомобиль жолын реконструкциялау;

"Есік – Қырбалтабай – Жетіген" бағытындағы облыстық маңызы бар "КВ-20" автомобиль жолын реконструкциялау;

"Ұзынағаш – Күрті" бағытындағы облыстық маңызы бар "КВ-34" автомобиль жолын реконструкциялау;

республикалық, облыстық және аудандық маңызы бар жолдарды жол қозғалысының қазіргі заманғы талаптарына сәйкестендіре отырып, автомобиль жолдарын реконструкциялау, салу және жөндеу бойынша шаралар жүргізу;

ITS жол қозғалысын автоматты басқару жүйесін енгізу;

3) жолаушылар көлігі:

2035 жылға қарай:

агломерация орталығын Қарасай (Қаскелең қаласы мен аталған тасжол бойындағы Қарасай ауданының басқа елді мекендері) және Жамбыл (Ұзынағаш пен аталған тасжол бойындағы Қарасай ауданының басқа елді мекендері) аудандарының елді мекендерімен байланыстыра отырып, "Батыс" жобалық автовокзалдан батыс бағытта "Алматы – Шамалған – Ұзынағаш – Аққайнар – Сұраншы батыр – Қырғызстанның шекарасы" республикалық маңызы бар жолының бойында BRT желісін салу (кейіннен LRT желісіне ауыстыру);

агломерация орталығын Іле (Өтеген батыр ауылы, қалаға шығатын Жетіген станциясы мен елді мекені) және Талғар (Жаңалық ауылы) аудандарының елді мекендерімен байланыстыра отырып, "Солтүстік" жобалық автовокзалдан солтүстік бағытта "Алматы – Жетіген – Қапшағай су қоймасы" облыстық маңызы бар автомобиль жолының бойында BRT желісін салу (кейіннен LRT желісіне ауыстыру);

агломерация орталығын Талғар (Талғар қаласы мен тасжол бойындағы басқа елді мекендер) және Еңбекшіқазақ (Есік және Түрген қалалары және тасжол бойындағы

ауданның басқа елді мекендері) аудандарының елді мекендерімен байланыстыра отырып, "Шығыс" жобалық автовокзалдан шығыс бағытта "Алматы – Талғар – Евгенийевка" республикалық маңызы бар жол бойында BRT желісін салу (кейіннен LRT желісіне ауыстыру) ұсынылады.

4) әуе көлігінің инфрақұрылымы:

2025 жылға қарай:

Алматы халықаралық әуежайын реконструкциялау;

2035 жылға қарай:

Боралдай әуежайы базасында шағын авиацияны дамыту;

2050 жылға қарай:

Алматы агломерациясының шекарасында жаңа Халықаралық әуежай салу мүмкіндігін қарау;

5) су көлігі инфрақұрылымы:

2025 жылға қарай:

Қапшағай қаласында (ұсынылған итерациялық тәсілді ескере отырып) өзен вокзалдары мен айлақ құрылыстарын салу;

Қапшағай су қоймасында айыппұл тұрақтарын ұйымдастыру (кемелер көптеп шоғырланған жерлерде);

арнайы су көлігін алу (өзен трамвайлары, өзен таксилері);

Қапшағай су қоймасында түбін тереңдету жұмыстарын жүргізу;

6) көліктік логистика объектілерінің инфрақұрылымы:

2035 жылға қарай:

қабылдау-жөнелту жолдарын кеңейте отырып, "Жетіген" теміржол станциясы базасында мультимодальды көлік-логистикалық орталығын салу;

7) Алматы қаласы.

жолаушылар көлігі:

2025 жылға қарай:

Алматы қаласынан негізгі шығу бағыттарында 5000 тұрақ орнына арналған жинақтау автотұрақтары бар 3 жаңа автовокзал салу;

Алматы қаласында 3 жаңа автостанция салу;

Алматы агломерациясының аудан орталықтарында жұмыс істеп тұрған автовокзалдар мен автостанцияларды реконструкциялау;

Қаракемер (Еңбекшіқазақ ауданы), Қарғалы (Жамбыл ауданы), Қайнар, Шамалған, Үшқоңыр (Қарасай ауданы), Өтеген батыр, Байсерке және Боралдай (Іле ауданы) елді мекендерінде жолаушыларға қызмет көрсету пункттерін салу;

көше-жол желісі:

2025 жылға қарай:

Бөкейханов көшесі мен Солтүстік айналымның қиылысында көлік жолайрығын салу;



Фурманов көшесін теміржолдар арқылы эстакадамен Жансүгіров көшесіне дейін ашу бойынша іс-шаралар жүргізу;

Сейфуллин даңғылы мен Жансүгіров көшесінің қиылысында көлік жолайрығын салу;

Тілендиев көшесін Рысқұлов даңғылындағы көлік жолайрығымен қосу бойынша іс-шаралар жүргізу;

Саин көшесін Рысқұлов даңғылынан Ақын Сара көшесіне дейін ашу бойынша іс-шаралар жүргізу;

Рысқұлов даңғылынан Ақын Сара көшесіне дейін Рысқұлов даңғылындағы жолайрығымен Ворошилов көшесін реконструкциялау бойынша іс-шаралар жүргізу;

Райымбек даңғылындағы көлік айрығын реконструкциялап, Мұқанов көшесін Гоголь көшесінен Райымбек даңғылына дейін ашу бойынша іс-шаралар жүргізу;

Фурманов көшесінен Сүйінбай даңғылына түсіп солға бұрылатын тоннель салу бойынша іс-шаралар жүргізу;

Рысқұлов даңғылының Құлжа трактімен қиылысында жолайрығын салу бойынша іс-шаралар жүргізу;

Жандосов көшесін Сайын көшесінен Таусамалы ауылына дейін реконструкциялау бойынша іс-шаралар жүргізу;

Қалқаман шағын ауданында Әуезов көшесін реконструкциялау бойынша іс-шаралар жүргізу, аталған жоба метро желісінің құрылысымен байланыстыруды талап ететіндіктен, осы жобадан кейін іске асырылады;

Абай даңғылын Момышұлы көшесінен Әуезов көшесіне дейін Қалқаман шағын ауданы бағытында ашу бойынша іс-шаралар жүргізу, аталған жоба метро желісінің құрылысымен байланыстыруды талап ететіндіктен, осы жобадан кейін іске асырылады;

Рысқұлов даңғылынан Бөкейханов көшесіне дейін Солтүстік айналымды реконструкциялау бойынша іс-шаралар жүргізу;

әл-Фараби даңғылы – Ремизовка қиылысында жолайрығын салу;

жолдың параметрлерін 6 жолаққа дейін жеткізе отырып, "Алматы – Бішкек" автомобиль жолын ҰАААЖ-ға дейін реконструкциялау бойынша іс-шаралар жүргізу;

Рысқұлов даңғылы мен Ақын Сара көшесін қала шекарасынан ҰАААЖ-ге дейін салу бойынша іс-шаралар жүргізу;

жол параметрлерін 6 жолаққа дейін жеткізе отырып, "Алматы – Көкпек – Шонжы – Көктал" автомобиль жолын ҰАААЖ-ға дейін реконструкциялау бойынша іс-шаралар өткізу;

жолдың параметрлерін 4 жолаққа дейін жеткізе отырып, "Алматы – Талғар – Евгеньевка" және "Алматы – Шамалған – Ұзынағаш" автомобиль жолын ҰАААЖ-ға дейін реконструкциялау бойынша іс-шаралар жүргізу;

Алматы қаласының шекарасынан ҰАААЖ-ға дейін Тілендиев көшесін салу (жалғасы) бойынша іс-шаралар өткізу;

Абай даңғылы мен Солтүстік айналым көшесін салу бойынша іс-шаралар (Алматы қаласының шекарасынан ҰАААЖ-ға дейін) жүргізу;

бір бағыттағы қозғалысты енгізу

негізгі магистральдық көшелерге түсетін көліктік жүктемені төмендету және қақтығыс нүктелерін 50 %-ке қысқарту мақсатында мыналарда бір бағыттағы қозғалыс енгізу ұсынылады:

Мақатаев көшесінің бойымен (Қалдаяқов көшесінен Мұқанов көшесіне дейін) батыс бағытта енгізілген;

Гоголь көшесінің бойымен (Әуезов көшесінен Қалдаяқов көшесіне дейін) шығыс бағытта;

Бөгенбай батыр көшесінің бойымен (Қалдаяқов көшесінен Масанчи көшесіне дейін) батыс бағытта;

Қабанбай батыр көшесінің бойымен (Масанчи көшесінен Қалдаяқов көшесіне дейін) шығыс бағытта;

Қарасай батыр көшесінің бойымен батыс бағытта (Масанчи көшесінен Розыбакиев көшесіне дейін);

Жамбыл көшесінің бойымен шығыс бағытта (Розыбакиев көшесінен Масанчи көшесіне дейін);

Мұратбаев көшесінің бойымен (Райымбек көшесінен Шевченко көшесіне дейін) оңтүстік бағытта;

Шәріпов көшесінің бойымен (Абай көшесінен Мақатаев көшесіне дейін) солтүстік бағытта.

Осы шаралар іске асырылса, орташа жылдамдықты сағатына 12 км арттыру есебінен автокөлік құралдарының өту қабілетін ұлғайту және учаскеден өту уақытын 17 %-ке қысқарту күтілуде;

LRT:

Жалпы ұзындығы 22,72 км трассада жүрудің екі бағыты бар:

бірінші бағыт Дөпөдан оңтүстік бағытта Момышұлы көшесінің бойымен, одан кейін Төле би көшесінің бойымен шығыс бағытта, Панфилов көшесінің бойымен солтүстік бағытта, Мақатаев көшесінің бойымен шығыс бағытта және Жетісу көшесінің бойымен солтүстік бағытта кері бұрылу сақинасына дейін өтеді;

екінші бағыт Дөпөдан оңтүстік бағытта Момышұлы көшесінің бойымен, одан кейін батыс бағытта Төле би көшесінің бойымен, солтүстік бағытта Яссауи көшесінің бойымен және тағы да батыс бағытта Райымбек даңғылының бойымен Әшімов көшесінің қиылысына дейін Қалқаман шағын ауданында өтеді, мұнда мультимодальдық хаб (автобустар, BRT, LRT, метро және такси үшін) және "Западный" автовокзалын салу көзделген;

BRT:

жүрдек автобус жолағының бірінші учаскесі Мұстафин (Саин көшесінен Рысқұлбеков көшесіне дейін) Рысқұлбеков (Мұстафин көшесінен Сүлейменов көшесіне дейін) және Сүлейменов (Рысқұлбеков көшесінен Жандосов көшесіне дейін) көшелері арқылы өтеді және 2017 жылдың қараша айында іске қосылды;

жүрдек автобус жолағының екінші учаскесі: Жандосов (Сүлейменов көшесінен Тимирязев көшесіне дейін) және Тимирязев (Жандосов көшесінен Гагарин көшесіне дейін) көшелерімен 0,7 км, Байзақов көшесінен Желтоқсан көшесіне дейін 2,54 км 2018 жылдың соңында пайдалануға берілді;

BRT желісінің үшінші учаскесін Желтоқсан, Төле би көшелері және Құлжа жолы бойынша жалпы ұзындығы 13,6 км болатын "Жетісу" базарына дейін салу ұсынылады;

**METRO:**

метрополитенді одан әрі батыс бағытта дамыту қарастырылған және 3 іске қосу кешенінен, сондай-ақ "Западный" автовокзалы станциясына дейін ұзартудан тұрады:

бірінші – Алатау станциясынан Москва станциясына дейін (пайдалануға берілді);

екінші – Москва станциясынан Достық станциясына дейін (құрылыс жүргізілуде);

үшінші – Достық станциясынан Қалқаман станциясына дейін (жобалау жүргізілуде)

;

ұзарту – "Западный" автовокзалы станциясы (үшінші кезек);

автоматтандырылған велопрокат жүйесі:

Жобаның мақсаты – автомобильге және қоғамдық көлікке балама жасау, қала тұрғындары мен туристерге қозғалыс үшін қолжетімді көлік ұсыну:

бірінші кезең – 270 велосипедке арналған тұрағы бар "Almaty Bike" автоматтандырылған велопрокат жүйесінің 50 станциясы (2016 жылғы қыркүйекте ашылды);

екінші кезең – велосипед паркін 1730 дейін, ал велостанциялар санын 200 дейін ұлғайту, бұл өз кезегінде қаланың негізгі іскерлік бөлігін қамтуға мүмкіндік береді (бұл кезең – іске асырылды);

үшінші кезең – қаланың барлық жанданған учаскелерін қамту үшін станциялардың саны 300 дейін, ал велопарк 2410 велосипедке дейін кеңейтіледі.

### **Әлеуметтік инфрақұрылымды кешенді дамыту шаралары**

Алматы агломерациясының аумағында мынадай қызмет көрсету орталықтары айқындалды:

1) республикалық (республикалық маңызы бар қала) және өңіраралық (өңірлік) деңгейлерде (агломерация өзегі) – Алматы қаласы;

2) ауданаралық (агломерация қалалары) және аудандық (аудан орталығы мәртебесі берілген қалалық және ауылдық елді мекендер) деңгейлерде – Есік, Қаскелең, Талғар, Қапшағай қалалары, Ұзынағаш және Өтеген батыр ауылдары;

3) жергілікті деңгейде – ауылдық округтер орталықтары:

Еңбекшіқазақ ауданы – Ават, Ақши, Балтабай, Бөлек, Маловодное, Жаңашар, Қаракемер, Қызылжар, Қырбалтабай, Қайназар, Саймасай, Ташкенсаз, Түрген ауылдары;

Жамбыл ауданы – Сарыбай би, Қарғалы, Мыңбаев, Б. Қыдырбекұлы атындағы, Үмбетәлі Кәрібаев атындағы ауылдар;

Іле ауданы – Мұхаметжан Түймебаев атындағы, Байсерке, Жетіген, КазЦИК, Қараой, Междуреченское, Боралдай, Чапаев ауылдары;

Қарасай ауданы – Әйтей, Береке, Жамбыл, Жандосов атындағы, Іргелі, Шамалған, Бекболат Әшекеев атындағы, Райымбек, Жалпақсай, Үшқоңыр ауылдары;

Талғар ауданы – Қызылқайрат, Белбұлақ, Бесағаш, Бесқайнар, Гүлдала, Еркін, Кеңдала, Нұра, Тұздыбастау ауылдары;

4) қоныс деңгейінде – ауылдық округтердің елді мекендері.

Әрбір елді мекенге оның мәртебесіне байланысты қызмет көрсету объектілерінің белгілі бір жиынтығы ұсынылады:

1) республикалық және өңіраралық (өңірлік) деңгейлер үшін – күнделікті, кезеңді және эпизодтық түрдегі қызмет көрсету объектілерінің толық кешені;

2) ауданаралық деңгей үшін – күнделікті, кезеңді қызмет көрсету объектілерінің толық кешені және эпизодтық түрдегі қызмет көрсетудің жеке объектілері;

3) аудандық деңгей үшін – күнделікті және кезеңді қызмет көрсету объектілерінің толық кешені;

4) жергілікті деңгей үшін – күнделікті қызмет көрсету объектілерінің толық кешені және кезеңді қызмет көрсетудің жеке объектілері;

5) қоныс деңгейі үшін – күнделікті қызмет көрсету объектілері.

Алматы агломерациясының әлеуметтік инфрақұрылымын қалыптастырудың маңызды элементі қызмет көрсетудің барлық деңгейін әлеуметтік сала объектілерінің жеткілікті санымен молықтыру болып табылады.

Алматы агломерациясының өңіраралық схемасы жобасының шеңберінде халықтың қазіргі жағдайын, болжамды санын және демографиялық құрылымын талдау негізінде "Қала құрылысы. Қалалық және елді мекендерді жоспарлау және құрылыс салу" 3.01-101-2013 ҚР ҚНЖҚ саралау жолымен орындалған агломерацияның әлеуметтік саласындағы объектілеріне нормативтік қажеттілік ұсынылған. Бұл ретте агломерация халқын әлеуметтік инфрақұрылым объектілерімен қамтамасыз ету жөніндегі мәселелерді бюджет мүмкіндіктерін ескере отырып және мемлекеттік-жекешелік әріптестік негізінде қарастыру қажет.

Білім беру инфрақұрылымы

2017 – 2018 оқу жылының басында Алматы агломерациясында мектепке дейінгі 1067 ұйым жұмыс істеді. 3-6 жастағы балаларды қамту 73,8 % құрады.

Мектеп жасына толмаған балаларды мектепке дейінгі біліммен толық қамтуға 2025 жылға қарай қол жеткізілетін болады. Нормативтік қажеттілікке сәйкес

агломерацияның мектепке дейінгі ұйымдарындағы орын санын 2025 жылдың соңына қарай 141,9 мыңға дейін, 2035 жылдың соңына қарай 143,3 мың орынға дейін, 2050 жылдың соңына қарай 174,5 мыңға дейін жеткізу мәселесін пысықтаған жөн.

2017 – 2018 оқу жылының басына агломерацияда 424 күндізгі мемлекеттік жалпы білім беретін мектеп жұмыс істеді, оқушылар контингенті 430,4 мың адамды құрады. Мектептердегі оқушы орындарының болжамды саны бір ауысымдық оқытуды және жалпы білім беретін мектептердің қолжетімділік радиусын сақтауды ескере отырып, нормативтік көрсеткіштерге сәйкес келуге тиіс. Осылайша, 2025 жылдың соңына қарай жалпы білім беретін мектептердің оқушылар орындарының санын 670,7 мыңға дейін, 2035 жылдың соңына қарай 708,4 мыңға дейін, 2050 жылдың соңына қарай 776,9 мыңға дейін жеткізу мәселесін пысықтаған жөн.

#### Денсаулық сақтау инфрақұрылымы

Жергілікті атқарушы органдардың деректеріне сәйкес 2018 жылдың басында Алматы агломерациясының шекарасында төсек қоры 11,6 мың, стационарлық көмек көрсететін 86 медициналық ұйым жұмыс істеді, халықтың кереуетпен қамтамасыз етілуі 10 мың адамға шаққанда 42,8 кереует және қуаты ауысымына 31,8 мың қабылдауды, қамтамасыз етілуі 10 мың адамға шаққанда ауысымына 117,8 келуді құрайтын дәрігерлік амбулаториялар, фельдшерлік-акушерлік пункттер, медициналық пункттер мен жеке дәрігерлік кабинеттерді құрайтын 216 амбулаториялық-емханалық ұйым жұмыс істеді.

Денсаулық сақтау жүйесіндегі өзгерістер төсек қорын пайдаланудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік берді. Медициналық қызметтердің тиісті сапасы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету Бірыңғай ұлттық денсаулық сақтау жүйесі қолданыла бастаған сәттен бастап мүмкін болды.

2025 жылдың соңына қарай Денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамыту жөніндегі бірыңғай перспективалы жоспарға сәйкес төсек қорын шамалы төмендету көзделеді. Төсек қорын үйдегі стационарлар мен күндізгі стационарлар сияқты бағыттарды дамыту арқылы қысқартуға болады.

Стационарлық көмек көрсететін ұйымдардың төсек қоры 2025 жылға қарай – 10,7 мың, 2035 жылға қарай – 18,7 мың, 2050 жылға қарай – 22,6 мың төсекті құрайды. Бұл ретте тұрғындардың төсек орындарымен қамтамасыз етілуі 2035 жылдың соңына және 2050 жылға 10 мың адамға шаққанда 50 төсекті құрайды.

Денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамыту жөніндегі бірыңғай перспективалы жоспарға сәйкес амбулаториялық-емханалық ұйымдарда бір ауысымда келу саны 2025 жылдың соңына қарай 36,9 мыңды құрайды. Амбулаторлық-емханалық ұйымдардың жоспарлы қуаты 2035, 2050 жылдары 10 мың адамға шаққанда бір ауысымда 203 адам қабылдайтын болса, амбулаторлық-емханалық ұйымдардың нормативтік қажеттілігі бір ауысымда 2035 жылға қарай 76,0 мың, 2050 жылға қарай 91,7 мың адам қабылдайтын болады.

## Әлеуметтік қамсыздандыру

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің деректері бойынша 2018 жылдың басында агломерацияда қарттар мен мүгедектерге арналған 570 орындық 2 медициналық-әлеуметтік мекеме (контингент – 572 адам), психоневрологиялық ауруларға шалдыққан мүгедектерге арналған 1318 орындық 3 медициналық-әлеуметтік мекеме (контингент – 1352 адам) және 391 орынға арналған 3 балалар психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемесі (контингент – 420 адам) жұмыс істеді.

2035 жылға қарай жобалық қуаты 50 орыннан аспайтын жинақы интернат үйлерін салу және қуаты 10-нан 50 төсек-орынға дейінгі күндізгі бөлімшелер түрінде әлеуметтік қызмет көрсетудің баламалы нысандарын дамыту мүмкіндігі мәселесін қарастырған жөн.

## Тұрғын үй қоры

Агломерацияның тұрғын үй қоры жергілікті атқарушы органдардың деректері бойынша 2018 жылдың басында тұрғын үйдің жалпы алаңына шаққанда 59,7 млн шаршы метрді құрады. Қалалық жерлерде 45,9 млн шаршы метр тұрғын үй (агломерацияның тұрғын үй қорының 76,9 %) болды. Алматы агломерациясы халқының тұрғын үймен қамтамасыз етілуі бір адамға 23,9 шаршы метрді, қалалық елді мекендерде бір адамға – 26,5, ауылдық жерде – 17,9 шаршы метрді құрады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 1054 қаулысымен бекітілген Тұрғын үй-коммуналдық дамудың 2020 – 2025 жылдарға арналған "Нұрлы жер" мемлекеттік бағдарламасына сәйкес қолжетімді тұрғын үй тапшылығы мәселесін шешу үшін барынша перспективалы және қолжетімді құрал ретінде жалға берілетін тұрғын үй құрылысының көлемі ұлғаяуда.

2025 жылдың соңына қарай Алматы агломерациясының тұрғын үй қорын 76,7 млн шаршы метрге дейін, 2035 жылдың соңына қарай 103,1 млн шаршы метрге, 2050 жылдың соңына қарай 143,5 млн шаршы метрге дейін жеткізу ұсынылады. Бұл ретте халықтың тұрғын үймен қамтамасыз етілуі 2025 жылға қарай бір адамға 26,2 шаршы метрді, 2035 жылдың соңына қарай бір адамға 28,7 шаршы метрді, 2050 жылдың соңына қарай бір адамға 33,1 шаршы метрді құрайды.

## Мәдениет инфрақұрылымы

Жергілікті атқарушы органдардың деректері бойынша 2018 жылдың басында Алматы агломерациясында 5,0 мың орындық 19 театр, 16,9 мың орындық 122 кинозалы бар 26 кинотеатр, 7,9 мың орындық клуб үлгісіндегі 27 мекеме, 39,0 млн сақтау бірлігі бар кітапхана қорымен 78 кітапхана жұмыс істеді.

2025 жылдың соңына қарай агломерация театрлары орындарының нормативтік қажеттілігі 10,5 мың, кинотеатрлар – 72,3 мың, клуб үлгісіндегі мекемелер – 258,7 мың, кітапханалар – 42,5 млн сақтау томын құрайды.

2035 жылдың соңына қарай агломерация театрлары орындарының нормативтік қажеттілігі 12,1 мың, кинотеатрлар – 82,8 мың, клуб үлгісіндегі мекемелер – 299,6 мың, кітапханалар – 43,4 млн сақтау томын құрайды.

2050 жылдың соңына қарай агломерация театрлары орындарының нормативтік қажеттілігі 14,4 мың, кинотеатрлар – 100,6 мың, клуб үлгісіндегі мекемелер – 361,5 мың, кітапханалар – 44,7 млн сақтау томын құрайды.

#### Дене шынықтыру және спорт инфрақұрылымы

2018 жылдың басында Алматы агломерациясының аумағында жалпы пайдаланудағы 141 спорт залы (еденінің алаңы 62,4 мың шаршы метр) және жалпы пайдаланудағы 61 су айдыны (су алаңы 26,4 мың шаршы метр) жұмыс істеді.

Аралық жобалау мерзімінің (2025 жыл) соңына қарай жалпы пайдаланудағы спорт залдарының нормативтік аудандары 258,7 мың шаршы метр еден алаңын, су айдындары – 84,8 су алаңын құрауы тиіс.

Есептік жобалау мерзімінің (2035 жыл) соңына қарай жалпы пайдаланудағы спорт залдарының нормативтік аудандарындағы еден алаңын 299,6 мың шаршы метрге, су айдындарындағы су алаңын 97,3 мың шаршы метрге жеткізу жоспарлануда.

Жобалаудың болжамды (2050 жыл) мерзімінің соңына қарай жалпы пайдаланудағы спорт залдарының нормативтік аудандары 361,5 мың шаршы метр еден алаңын, су айдындары – 116,1 су алаңын құрайды.

Алматы агломерациясы халқының әлеуметтік сала объектілерімен қамтамасыз етілу деңгейі жобалаудың әрбір мерзіміне нормативтік деңгейге сәйкес келуге тиіс.

#### **Рекреациялық инфрақұрылымды кешенді дамыту шаралары**

Алматы агломерациясының аумағы бірегей рекреациялық әлеуетке және әлемдік маңызы бар туристік ресурстарға ие. Географиялық орналасуының ұтымдылығы, барлық дерлік туризм түрлерін дамытудың ауқымды мүмкіндіктері, өңірлік туристік өнімдердің болуы аталған өңірдің туристік-рекреациялық инфрақұрылымын дамытуға мүмкіндік береді.

Алматы облысы және Алматы қаласы статистика департаменттерінің деректері бойынша 2017 жылы Алматы агломерациясының аумағында 301 орналастыру объектісі тіркелген, оның 17,6 %-інің санаты бар. Алматы қаласы бойынша 184 объект, 27,7 % қонақ үйлерге санат берілген.

Агломерацияда ішкі және сырттан келу туризмі типтері бойынша қызмет көрсетілген келіп-кетушілер саны 1139468 адамды, оның ішінде Алматы қаласы бойынша 969861 адамды немесе жалпы қызмет көрсетілген келіп-кетушілердің 85,1 %-ін құрады.

Алматы агломерациясының орналастыру орындары көрсеткен қызметтер көлемі шамамен 26404,8 млн. теңгені, оның ішінде Алматы қаласы бойынша 22479,5 млн теңгені немесе көрсетілген қызметтердің жалпы көлемінің 85,1 %-ін құрады.

Алматы агломерациясындағы туризмнің бәсекеге қабілеттілігін төмендететін себептерге: туризм инфрақұрылымының жеткіліксіз даму деңгейі, отандық туристік өнім танымалдығының әлсіздігі және дәріптеудің жеткіліксіздігі, білікті мамандардың жетіспеуі, туристік-рекреациялық инфрақұрылымның дамуын қаржыландыру деңгейінің төмендеуі, көрші елдердің туристік өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігінің жоғары болуы жатады.

Алматы агломерациясының аумағында туристік саланы дамыту мақсатында мынадай туризм түрлері бойынша шаралар кешенін әзірлеу қажет:

#### 1. Экологиялық және жағажай туризмі

Бүлінбеген табиғи процестер мен құбылыстарды, өсімдіктер мен жануарлар әлемі объектілерін, әдеттегі және бірегей экологиялық жүйелерді сақтау мен зерделеу және оларды қалпына келтіру экологиялық туризмді дамытудың негізгі өлшемшарттары болып табылады.

Экологиялық туризмді табиғи-қорық қоры объектілерінің аумағында дамыту ұсынылады, оларға республикалық және жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жатады:

Іле Алатауы МҰТП (Түрген сарқырамалары, Үлкен Алматы көлі, Тянь-Шань астрономиялық обсерваториясы, Шыңтүрген шыршалы ормандары, Есік көлі);

Алматы мемлекеттік табиғи қорығы (таулы Талғар сілемі, Тянь-Шань шыршалары және Шренк шыршалары);

"Баум тоғайы" мемлекеттік табиғат ескерткіші;

Есік мемлекеттік дендрологиялық саябағы;

басты ботаникалық бак;

"Медеу" мемлекеттік өңірлік табиғи паркі.

Сондай-ақ туристік саланы дамытуға Шарын мемлекеттік ұлттық табиғи саябағы, "Көлсай көлдері" мемлекеттік ұлттық табиғи саябағы сияқты Алматы агломерациясы шекарасына жақын орналасқан ерекше қорғалатын табиғи аумақтар да әсер етеді.

Алматы агломерациясының өңіраралық схемасының жобасында 4 мемлекеттік ұлттық табиғи саябаққа баратын "Алтын аймақ Жетісу" (алтын аймақ) туристік маршрутын, негізгі бағыттар бойынша туристік навигация құру ұсынылады.

Жағажай туризмін дамыту үшін мынадай су объектілерінің жағалау аумақтарын қарастыру ұсынылады:

Алматы қаласындағы Пархач, Аэропорт көлдері;

Қапшағай су қоймасының батыс (аквапарк артында) және оңтүстік (КВ-15 (Алматы – Қапшағай) трассасы бойында) учаскелері;

Талғар ауданындағы Саз-Талғар 1 және Жаңалық су қоймалары;

Қарасай ауданындағы Ақбұлақ және К-28 су қоймалары;

Іле ауданының Первомай тоғандары, Боралдай көлдері және 2-Байсерке су қоймасы

;



Еңбекшіқазақ ауданында Октябрь су қоймасы, Бәйтерек және Алға ауылдарының су айдындары.

2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Су кодексінің 94-бабының 2-тармағына сәйкес Алматы қаласы мен Алматы облысының әкімдіктері су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарында бұқаралық демалуға, туризм мен спортқа арналған орындарды белгілеуі қажет.

Экологиялық туризмге сұраныстың артуын ескере отырып, экотуризмді дамыту проблемаларын шешу үшін мынадай іс-шаралар жүргізу қажет:

1) туризм инфрақұрылымын дамыту, туристік объектілерді реконструкциялау және салу үшін отандық және шетелдік инвесторларды тарту жөніндегі шаралар кешенін әзірлеу;

2) табиғи және тарихи-мәдени көрікті жерлер, бағдарлар мен турлар бойынша арнайы дерекқорлар қалыптастыру;

3) жазғы және қысқы уақыт кезеңдеріне арналған экологиялық жолдар мен бағдарлар әзірлеу;

4) туристік бағдарларда үш тілде (қазақ, орыс, ағылшын) нұсқағыштар орналастыру жөніндегі шараларды іске асыру;

5) жарнамалық-ақпараттық қамтамасыз ету және Қазақстанның инвестициялық келбетін қалыптастыруды қамтамасыз ететін мемлекеттік органдар мен ұйымдардың сайттарында экологиялық туризмді ішкі және сыртқы нарықтарға үш тілде (қазақ, орыс, ағылшын) ілгерілету;

6) инфрақұрылымға қажетті рекреациялық қажеттіліктің қазіргі заман жағдайына сәйкес ЕҚТА паспорттарын өзектілендіру: визит-орталықтар, демалыс алаңдары, демалу орындары, қарау алаңдары, биотуалеттер, кәдесый өнімдерін өткізу орындары, велосипедтерді жалға беру пункттері, электромобильдер, қоғамдық тамақтану пункттері, балалар лагерьлері мен санаторийлері, тікұшақ алаңдары;

7) туристік қызығушылық орындарын санитариялық-гигиеналық тораптармен (дәретханалармен) қамтамасыз ету.

## 2. Балалар-жасөспірімдер туризмі

Балалар-жасөспірімдер туризмін дамыту жас ұрпақты тәрбиелеудің, табиғатқа және тарихи мұраға ұқыпты қараудың, спорттың қолжетімді түрлеріне балаларды жаппай тартудың бір бағыты болып табылады.

Алматы агломерациясы аумағының туристік-рекреациялық әлеуетін ескере отырып, шаралар кешенінде балалар-жасөспірімдер туризмін дамыту жөніндегі бөлімді енгізуді қарастыру қажет және ол мына міндеттерді шешуді көздеуге тиіс:

1) аудандық деңгейде балалар-жасөспірімдер туризмі ұйымдарының (станциялар, клубтар, туристік базалар, лагерьлер) санын арттыру;

2) жастардың Қазақстан туралы білімінің деңгейін көтеру;

3) жастардың шығармашылық белсенділігін арттыру үшін республика аумағындағы тарихи-мәдени, табиғи объектілер бойынша туристік жастар саяхаттарын қайта жаңғырту;

4) туристік көп сайыстар бойынша мектеп спартакиадаларын, слеттерін тұрақты негізде өткізу;

5) спорттық-сауықтыру және туристік объектілерге бару оңай болуы үшін жағдайлар, жеңілдіктер жасау;

6) халықаралық деңгейде туристік-өлкетану қызметінде жұмыс тәжірибесін алмасуды кеңейту бойынша жағдайлар жасау;

7) шатқал аумағында командалық саяхаттар, жарыстар, жергілікті жерде бағдарлауға үйретуді ұйымдастыру;

8) Қапшағай су қоймасы базасында су спорты түрлерін (регаттар, спорттың байдарка мен каноэде есу түрін өткізу) дамыту.

### 3. Мәдени-танымдық туризм

Алматы агломерациясының мәдени және тарихи әлеуетін негізге ала отырып, мәдени-танымдық туризмді дамыту мынадай міндеттерді шешуде туризмнің республикалық және өңірлік индустриясының базалық салаларының бірі бола алады:

1) ұмыт болған дәстүрлер мен өнер түрлерін қайта жаңғырту;

2) Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасын сақтау жөніндегі іс-шараларға халықты тарту.

Тарихи-мәдени мұраны сақтау, сондай-ақ мәдени-танымдық туризмді тұрақты дамыту үшін азаматтардың мәдени құндылықтарға қолжетімділігін қамтамасыз ету шараларын алдын ала қарастыру қажет.

Алматы агломерациясының аумағында туристік бағыттарды негізгі тарихи объектілер бойынша кеңейту ұсынылады: Есік қорымы, "Есік" мемлекеттік қорық-музейі; Лавар қалашығы; Сақ қорғандары; Асы үстірті петроглифтері (ғибадатхана); Түрген аңғары; Нұра ауылындағы "Жеті қазына" мұражайы; "Байсейіт" аюрведальдық сауықтыру орталығы; Дәркембай ұстаның қолөнер музейі; Жамбыл Жабаевтың әдеби музейі; "Тамғалы" археологиялық ландшафтының петроглифтері; б.э. дейінгі VII-IV ғасырдағы Бесшатыр қорғандық қорымы; VIII-XIV ғасырдағы Талғар қалашығы; "Тальхиз" туристік-этнографиялық кешені; Таңбалы тас шатқалы, сондай-ақ "Рухани жаңғыру" жобасының объектілері және басқалар.

Қазақстан Республикасы мәдени саясатының тұжырымдамасында тарихи-мәдени мұраны сақтауға және дамытуға айрықша көңіл бөлінген. Туристік кластерлерді дамыту жөніндегі іс-шараларды іске асыру шеңберінде Қазақстанның тарихи-мәдени аумақтарының әлеуметтік және халықаралық жағымды имиджіне қол жеткізу бойынша негізгі қағидаттар мен тәсілдер ескерілетін болады.

Алматы агломерациясының аумағы ежелгі Ұлы Жібек жолының бір бөлігі болып табылады, бұл шетелдік туристердің қызығушылық деңгейін арттыруға септігін тигізетіні сөзсіз.

Бір бөлігі агломерация аумағы арқылы өтетін "Батыс Еуропа – Батыс Қытай" көлік дәлізін дамыту жол бойындағы сервис объектілерінің Қазақстан Республикасының ұлттық стандартының санаттарына сәйкестігін қамтамасыз етеді.

Агломерация үшін өзекті бағыт гастрономиялық туризм болып табылады. Оны одан әрі дәріптеу үшін "Жібек жолының гастрономиясы" жаңа туристік брендін дамыту қажет, соның базасында ұлттық және Орталық Азия ас үйі насихатталады.

Этнографиялық туризм қазіргі уақытта туристік нарықта өте сұранысқа ие және жетекші бағыт болып табылатын мәдени-танымдық туризм бағыттарының бірі болып табылады.

Ұлттық мәдениетке деген қызығушылықты сақтау, жергілікті және шетелдік туристердің, студенттер мен оқушылардың Қазақстанның тарихы мен мәдениетімен көрнекі танысуы үшін этнографиялық кешендерді (этно-ауылдарды) мынадай аумақтарда орналастыру мәселесін қарастырған дұрыс:

Алатау ауданындағы "Боралдай сақ қорғандары" археологиялық паркінің және Алматы қаласындағы "Қазақфильм" киностудиясының аумағында;

Іле ауданының Байсерке ауылдық округіндегі Әли және Байсерке ауылдарының аумағында;

Қарасай ауданының Ұмтыл ауылдық округінің Көлді ауылы аумағында;

Еңбекшіқазақ ауданының Рахат ауылдық округінің Рахат және Қайназар ауылдарының арасындағы аумақта;

Қапшағай қаласындағы Қапшағай бөгетінен солтүстік батысқа қарай Іле өзенінің жағасында.

#### 4. Емдеу-сауықтыру туризмі

Емдеу-сауықтыру туризмі медициналық туризмнің кең тараған және бұқаралық бағыты болып табылады. Алматы агломерациясының аумағы географиялық орналасуына және қалыптасқан климаттық жағдайларына қарай емдеу-сауықтыру туризмін дамыту үшін неғұрлым қолайлы табиғи-ресурстық әлеуетке және дамыған инфрақұрылымға ие. Емдеу-сауықтыру орындарындағы минералды сулар мен балшықтардың құрамы мен бальнеологиялық қасиеттері жеткілікті зерттелген, отандық сауықтыру қызметтері кешенін ұсыну тәжірибесі бар.

Бұл кезеңде агломерация аумағында емдеу-сауықтыру туризмін ұйымдастыру және дамыту санаторийлер мен профилакторийлердің емдеу-сауықтыру турлары бағдарламаларын жасау мен іске асыруда туристік ұйымдармен белсенді іскерлік ынтымақтастығы арқылы олардың қолданыстағы желісін пайдалануға бағдарланады.

Алматы агломерациясы аумағындағы неғұрлым танымал санаторийлерге "Алатау" емдеу-сауықтыру кешені, "Көктем" санаторийі, "Ақбұлақ" санаторийі, "Қазақстан"

санаторийі, "Ақ қайың" сауықтыру кешені, "Оқжетпес" ЕСК-нің "Алматы" филиалы" АҚ жатады.

Перспективада емдеу-сауықтыру туризмін дамыту үшін бірқатар іс-шаралар жүргізу қажет:

сапалы санаторий-сауықтыру қызметтерінің нарығын дамыту үшін жағдай жасау, оның ішінде материалдық-техникалық базаны жаңарту мүмкіндіктерін қарау;

туристік өнім ассортиментін кеңейту;

туристік өнім сапасы мен ассортиментіне сәйкес баға саясатын қайта қарау.

#### 5. Спорттық және шытырман оқиғалы туризм

Алматы агломерациясының аумағында тау шаңғысы орталықтарының дамыған базасы мен оларға қосымша қонақ үйлер мен демалыс үйлері желісін қамтитын спорттық ойын-сауық туризмін дамытудың үлкен әлеуеті бар.

Тау шаңғысы спорты, тау соқпақтарымен жаяу жүру туризмі туристердің назарын көптеп аударады.

Тау шаңғысы туризмі туризмнің арнайы түріне жатады, өйткені туризмнің спорттық және экстремалды элементтерін қамтиды.

Алматы агломерациясының аумағындағы тау шаңғысы туризмінің мына объектілері жыл бойы жұмыс істеп тұру үшін көрсетілетін қызметтер ауқымын кеңейтуі қажет:

"Шымбұлақ", "Табаған", "Лесная сказка" тау шаңғысы курорттары;

"Медеу", "Ақ Бұлақ" спорт кешендері;

"Еліксай", "Таупарк", "Подворье", "Тау Тұран" тау шаңғысы базалары;

жаз мезгілінде балалар лагерьлері ретінде қызмет ететін "Pioneer", "Тау Самал" тау сауықтыру кешендері;

"Сұңқар" шаңғы трамплиндері кешені;

"Альпийская роза" тау шаңғысы қонақ үйі.

Алматы агломерациясының: Еліксай, Подворье, Таупарк, Тау Тұран тау шаңғысы базалары инфрақұрылымын дамытуды талап етеді.

Жұмыс істеп тұрған Шымбұлақ – Медеу – Бутаковка – Табаған – Лесная сказка – Алматау курорттық аймақтарын жаяу маршруттар мен арқан жолдары арқылы бірыңғай тау кластеріне біріктіру мүмкіндігін қосымша қарастыру қажет, осылайша сырғанау, серуендеу және демалыс циклі түрленеді.

Талғар ауданындағы "Лесная сказка – Апорт Ақ-тас" тау шаңғысы курортын, Қарасай ауданындағы "Батырлэнд" тақырыптық паркін, Іле ауданындағы ХэппиЛэнд ойын-сауық кешенін дамыту бойынша жобаларды іске асыру қажет.

Халықаралық тау шаңғысы курорттарын дамыту үшін перспективалы аумақтарға мыналар жатады:

Алматы қаласы:

Алматы қаласынан 10 км қашықтықта Кіші және Үлкен Алматы шатқалдарының арасында шығыстан батысқа қарай орналасқан Іле Алатауы МҰТП аумағындағы шатқал;

Еңбекшіқазақ ауданы:

Түрген шатқалы;

Есік қаласының шегінде Іле Алатауы жотасының орталық бөлігінің солтүстік сілемдерінде, Алматы қаласынан шығысқа қарай 53 км;

Қарасай ауданы:

Қаскелең аңғары – Қаскелең тауларының оңтүстік жағы, Қаскелең өзенінің жаны;

Қаскелең қаласының маңында Алматы қаласының оңтүстік-батысына қарай 33 км;

Талғар ауданы:

Ойқарағай шатқалы Алматы қаласынан 30 км жерде, Бесқайнар ауылдық округінде, "Лесная сказка" тау шаңғысы курортының батысында орналасқан.

Тау шаңғысы туризмімен қатар, бүкіл әлемде экстремалды туризм танымал болуда. Көптеген адамдар тау беткейімен маунтинбайкпен түсуге ұмтылады, рафтинг және дельтапланеризммен айналысады.

Маунтинбайк – жаңа спорт түрі, соңғы уақытта танымал болып келеді. Агломерация аумағында Солдатское, Қотырбұлақ, Түрген, Есік, Маралсай, Қаскелең, Үлкен Алматы шатқалы, Бұтақты шатқалдарында маунтинбайкты дамыту үшін жақсы жағдайлар бар.

Туристер рафтингке де үлкен қызығушылық білдіреді. Алматы агломерациясының аумағында Түрген және Іле өзендері рафтпен және байдаркамен ағып өту үшін қолайлы

Агломерация аумағында мынадай дельтадромдар бар:

"27 километр" дельтадромы Іле Алатауы жотасының тау бөктерінде, Алматы қаласының орталығынан батысқа қарай 27 шақырым жерде, жоғарғы Қаскелең тас жолы бойында орналасқан;

"31 километр" дельтадромы Іле Алатауы жотасының тау бөктерінде, Алматы қаласының орталығынан батысқа қарай 30-31 километр жерде, жоғарғы Қаскелең тас жолы бойында орналасқан,

Үшқоңыр биік таулы үстірті (Іле Алатауының батыс бөлігі) Алматы қаласының батысына қарай 60 км, Қарасай ауданының Шамалған ауылы мен Қаскелең қаласының жанында орналасқан.

Қызметтерді "Самұрық" пилоттарды оқытудың жазғы мектебі, "AirTengri" дельтаклубы, "Галлея" әуеде ұшу орталығы ұсынады.

Агломерация аумағында рафтинг пен дельтапланеризм бойынша турларды ұйымдастыру жиналған топқа байланысты энтузиастардың және клубтардың күшімен аяқастынан өтеді. Туризмнің бұл түрін бұқаралық туризмге айналдыру үшін:

рафтинг және дельтапланеризм бойынша шетелдік клубтармен тығыз ынтымақтастық орнату;

білікті нұсқаушыларды даярлауды қамтамасыз ету;

биотуалеттер, қоғамдық тамақтану орындарының көмегімен, сондай-ақ қажет болған жағдайда демалыс үйлері үшін жеңіл конструкциялар салу арқылы старттық алаңдарды абаттандыру;

туризмнің осы түрлері үшін жаңа бағыттар ашу қажет.

## 6. Ойын туризмі

"Ойын бизнесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 1-тармағына сәйкес Қапшағай су қоймасының жағалауы ойын орындары орналасқан жер болып табылады (жергілікті атқарушы органдар анықтаған аумақтар шегінде).

Қапшағай қаласы және оған іргелес аумақ ойын бизнесін дамыту аймағы мәртебесіне ие. Ойын аймақтарын құру мен ойын бизнесін дамытуды туристік саланы дамытудың бір түрі ретінде қарау ұсынылады.

Қапшағай қалалық әкімшілігі үшін казино ашудың:

сырттан келетін және ішкі туризм ағындарын арттыру;

жаңа жұмыс орындарын құру және жұмыспен қамтылғандар санының артуы;

казиноға іргелес инженерлік және көліктік инфрақұрылымның дамуы;

мемлекеттік бюджетке салықтық түсімдердің өсуі;

әлеуметтік-экономикалық дамудың тұрақты өсуі сияқты бірқатар оң факторлары бар.

Қазіргі уақытта Солдат шатқалында туристік қызығушылықтың басқа объектілері шоғырланған: "Алатау" қысқы спорт түрлері бойынша республикалық жоғары спорт шеберлігі мектебі" РМҚК, "AlmatyHorse&PoloClub" ат спорты кешені және Дүниежүзілік АІВА бокс академиясы.

Осылайша, шатқалдың аумағы туристік саланы одан әрі дамыту үшін айтарлықтай әлеуетке ие.

Джанкет туризмінің жаңа объектісін құру агломерация аумағына шетелдік туристердің едәуір ағынын тартады.

Алматы агломерациясының аумағында туризмді орнықты дамыту үшін бірқатар қосымша шаралар қабылдау қажет:

туристік объектілерге аудандастыру және түгендеу жүргізу;

барлық орналастыру объектілері бойынша аудандар мен туризм түрлері бөлінісінде бірыңғай статистикалық есеп қалыптастыру жөніндегі шаралар кешенін жүргізу;

"балаларды сауықтыру лагерьлері, орталықтары, кешендері" түсініктерін заңнамалық тұрғыда бекіту бойынша іс-шаралар жүргізу;

туристік объектілерді реконструкциялауға және жаңаларын салуға инвестициялар тарту жөнінде іс-шараларды әзірлеу;

"Алматы қаласының туризм басқармасы" ММ базасында Алматы тау-кен кластерінің мастер-жоспарын іске асыру бойынша жобалық офис құру;  
негізгі жолдардың бойында, оның ішінде агломерация аумағындағы негізгі туристік объектілерге апаратын санитариялық-тұрмыстық инфрақұрылым салу;  
мемлекеттік ұлттық табиғи парктер аумағында жеңіл инфрақұрылым құру (соқпақтарды абаттандыру, навигациялық жүйе, бұлақтарды жайластыру, күркелерді, қоқыс жәшігін орнату, туристік бағыттарды цифрландыру);  
ел ішінде негізгі өңірлік туристік бағытты танымал ету;  
туристік әлеуетті шет елдерде дәріптеу жөнінде маркетингтік стратегия әзірлеу;  
туристік брендті, шетелде пиар компанияны дамытуға, бейнероликтерді прокатқа шығаруға, бағдарламалар циклін жасауға және елдің туристік саласының тауар белгісі бар материалдарын тираждауға мемлекеттік бюджеттен жыл сайын тіркелген пулды айқындау.

### **3. Табиғатты ұтымды пайдалану, ресурстармен қамтамасыз ету, қоршаған ортаны қорғау шаралары**

Қазіргі уақытта Алматы агломерациясының аумағындағы негізгі экологиялық проблемалар:

Алматы қаласы мен агломерация елді мекендерінің атмосфералық ауасының автокөлік құралдары мен өнеркәсіптік кәсіпорындардың шығарындыларымен ластануы ;

Алматы қаласының су ресурстарын тиімсіз пайдалану, оның ішінде өзендердегі инженерлік-қорғау құрылыстарын реконструкциялау және жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу қажеттігі, жарылыс қаупі бар мұздық суларын түсіру жөніндегі алдын алу іс-шаралары;

Сорбұлақ көліне Алматы қаласының сарқынды су жинақтаушысының теріс әсері және экологиялық қатері;

ірі елді мекендердегі кәріз желілері мен тазарту құрылыстарының авариялық жағдайы (оның ішінде Заречное ауылы, Қапшағай қалалық әкімшілігі);

Еңбекшіқазақ ауданында орналасқан гидрогеологиялық өздігінен төгілетін ұңғымаларды жою және консервациялау қажеттігі;

агломерация елді мекендерінде ҚТҚ-ны кәдеге жарату мәселесі;

жердің мелиоративтік жай-күйінің нашарлауымен ілесе жүретін суару және дренаж жүйелерінің айтарлықтай тозуына және істен шығуына байланысты суармалы жерлерді толық пайдаланбау және жыртылған жерлердің тозуы;

Алматы қаласында жаңа жасыл аймақтарды бөлу үшін жер ресурстарының жетіспеушілігі;

жеткіліксіз абаттандырылған көгалдандыру (Алматы қаласында 8,2 м<sup>2</sup>/адам), қолда бар жасыл қордың табиғи тозуы.

Алматы агломерациясының аумағын кешенді дамытудың экологиялық талаптарына

:

агломерация аумағын ауа бассейнінің ластануынан қорғау;

жерүсті және жерасты су ресурстарын ластанудан және сарқылудан қорғау;

урбандалған аумақтарды физикалық факторлардың әсерінен қорғау (шу, діріл, электромагниттік сәулелену);

топырақ-өсімдік жамылғысын атмосфераға зиянды заттарды шығарудан және қатты тұрмыстық қалдықтардың түзілуінен қорғау;

жануарлар мен өсімдіктер әлемін қорғау;

"тарихи" ластануларды жою;

көгалдандыру және микроклиматтық жағдайларды жақсарту жолымен өмір сүру ортасының жайлылығын арттыру;

экологиялық инфрақұрылымды тұрақты дамыту және Алматы қаласы мен агломерация аумағының "жасыл" брендингі.

Атмосфералық ауаны қорғау жөніндегі негізгі іс-шаралар мынаны қамтиды:

Алматы қаласы мәслихатының VI шақырылымының кезектен тыс 52 сессиясының 2019 жылғы 9 тамыздағы № 379 шешімімен бекітілген 2018 – 2025 жылдарға арналған қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштеріне қол жеткізе отырып, жыл сайын Алматы қаласының атмосферасына зиянды шығарындылардың көлемін 5 %-ке төмендету, оның ішінде 2025 жылға қарай тұрақты көздерден атмосфераға ластанушы заттардың жалпы шығарындыларының нормативтік көлемін жылына 72 мың тоннадан, жылжымалы көздерден – жылына 38 мың тоннадан асырмау, атмосфераның ластану индексі (АЛИ 5) – 5-ке жеткізу;

Алматы облыстық мәслихатының 2018 жылғы 23 мамырдағы № 31-163 шешімімен бекітілген Алматы облысының атмосфералық ауа бойынша 2017 – 2021 жылдарға арналған қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштеріне қол жеткізу;

Алматы қаласы мен агломерацияның елді мекендерінде, бірінші кезекте АӨК АҚ (ЖЭО-2), АӨК АҚ – ЖЭО-3 жылу кешені орналасқан Іле және Қарасай аудандарында атмосфералық ауаның ластануын төмендету, олардың үлесіне шығарындылардың жалпы көлемінің 70 % келеді;

өнеркәсіптік кәсіпорындарды елді мекендерден тыс жерлерге шығару;

Алатау ауданындағы Алматы индустриялық аймағының аумағында агломерация аудандарында құрылатын индустриялық аймақтардың инновациялық, экологиялық таза өндірістер жобаларын іске асыру;

негізгі индустриялық дамыған орталықтарда атмосфералық ауаның ластануын жиынтық есептеу жүйелерін құру және жүргізу (Алматы, Қапшағай қалалары);

кәсіпорындар мен өндірістер үшін белгіленген санитариялық-қорғау аймақтарының жобаларын әзірлеу;



қоршаған ортаны нормативтен тыс ластайтын кәсіпорындарға қойылатын экологиялық талаптарды қатайту;

газ тарату желілерін салуды қоса алғанда, Алматы қаласын газдандыру (қазіргі уақытта экологиялық газбен жылытумен қамтамасыз ету деңгейі 96 % құрайды);

көмірмен жұмыс істеп тұрған ЖЭО-ны, бірінші кезекте, экологиялық жағдайды жақсарту үшін агломерацияның ірі қалаларында газға көшіру;

ЖЭО-2 газға ауыстыру бойынша жұмыстарды жүргізу, бұл атмосфераға шығарындылардың жылдық көлемін 80 %-ке қысқартуға мүмкіндік береді ( шығарындылар деңгейі 11 %-тен 2 %-ке дейін төмендейді);

Іле ауданы Өтеген батыр ауылындағы ЖЭО-3-ті табиғи газға көшіру;

ЖЭО-2 станциясында күкірт тұтқыш жабдық орнату;

2030 жылға дейін қоршаған ортаға әсерді барынша азайтып, Алматы 2-ЖЭО-ны жаңғырту;

шығарындысы жоқ және жаңартылатын энергия көздерін барынша пайдаланатын жылу мен электр энергиясын өндіру;

экологиялық тиімді таза энергия өндіретін технологияларды дамыту;

энергия тиімді объектілерді жобалаудың, салудың және пайдаланудың жаңа технологиялары есебінен энергияны барынша аз тұтыну;

ғимараттар мен инженерлік инфрақұрылымның энергия тиімділігін арттыру бағдарламасын іске асыру;

жеке үйлерді, оның ішінде жаңа қосылған аумақтарды толық газдандыру және Алматы қаласының газдандырылған аудандарында жеке сектордың қатты отынды жағуына тыйым салу;

2023 жылға қарай метро желісін, жеңіл рельсті көліктің 2 желісін (бұдан әрі – ЛРТ), қозғалыс үшін бөлінген жолақтарды пайдалана отырып, жүрдек автобус тасымалдарының 5 дәлізін қамтитын жүрдек қоғамдық тасымалдардың интеграцияланған желісін әзірлеп және енгізіп, "Алматы қаласының 2013 – 2023 жылдарға арналған тұрақты көлік стратегиясы" жобасын іске асыру;

2018 – 2022 жылдар кезеңінде Үлкен Алматы айналма автожолын (ҰАААЖ) салу, бұл Алматы қаласындағы экологиялық жағдайды жақсартуға мүмкіндік береді;

қала орталықтарында автокөлікті азайту, жаяу жүргіншілер көшелерін қалыптастыру (Алматы қаласында 500 мыңнан астам автомобиль тіркелген, сонымен қатар қала маңында 200 мыңға жуық автомобиль бар, шығарындылардың 65 %-і тиесілі );

экологиялық таза көліктің және тиісті инфрақұрылымның балама түрлерін дамыту, атап айтқанда, дизельдік техникадан бас тартудың кезең-кезеңдік индикаторларымен электромобильдер мен газбен жүретін көліктерге;

автомобильдің газ толтыру компрессорлық станцияларының (бұдан әрі – АГТКС) тиімді жұмысын арттыру мақсатында компримирленген табиғи газдан (бұдан әрі – КТГ

) және сұйытылған табиғи газдан (бұдан әрі – СТГ) басқа газ моторлы отынға арналған сұйытылған пропан – бутан фракциясын (СУГ) автомобильдердің барлық типтеріне құю үшін қолдану;

ластаушы заттардың шығарындылары бойынша ЕУРО-6 стандарттарының деңгейіне шығуды қамтамасыз ете отырып, көлік құралдарын техникалық қайта жарақтандыруды ынталандыру;

экологиялық энергия тиімді қоғамдық көлікті дамыту;

велоинфрақұрылымды құра отырып, Алматы қаласының велосипед қозғалысын дамыту, оған веложолдар, велотұрақтар, велосипедтерді жалға беру және т.б. кіреді;

Алматы қаласының жекелеген көшелерін велотұрақтар мен велосипедті жалға беру станцияларын салумен жаяу жүргіншілер аймақтары мен рекреация аймақтарын құру жөніндегі дат сәулетшісі Я. Гейлдің ұсыныстарына сәйкес реконструкциялау;

"жасыл" құрылысты дамыту және энергия үнемдеуші жаңа құрылыс материалдарын енгізу;

"Қазгидромет" РМК-нің атмосфералық ауаның ластануын автоматты және стационарлық бақылау бекеттерінің желісін нормативтік мәндерге дейін кеңейту (50 мың адамға 1 экологиялық бекет есебінен 33 талап етіледі). Қазіргі уақытта Алматыда тек 16 бекет бар (11 – автоматты, 5 – стационарлық);

"Қазгидромет" РМК атмосфераның ластану деңгейін өлшеу және бағалау әдістерін өзгертіп, әлемдік тәжірибеде қабылданғандай, шартты көрсеткіштердің орнына абсолюттік көрсеткіштерде (мкг/м<sup>3</sup>, ppm) ластану деңгейін бақылау, бұл Алматы қаласы атмосферасының ластану деңгейінің объективті көрінісін бағалауға мүмкіндік береді;

Big Data Almaty құру және Смарт Алматы қалыптастыру шеңберінде атмосфераны мониторингтеу жүйелерінің деректерін мобильді сервистермен, тәулік бойы жұмыс істейтін және ауадағы зиянды бөлшектердің химиялық құрамы мен мөлшерін анықтау мен арнайы датчиктер орнатумен, "Ақылды энергетика" (энергия тұтынудың ақылды есептеуіштері, жаңартылатын генерация), "Ақылды көлік" (зияткерлік көлік жүйелері, шығарындылардың төмен деңгейі бар автомобильдер, экологиялық қоғамдық көлік), "Ақылды үй" (ақылды аспаптар, ақылды қосымшалар және IT-сервистер, ғимараттарды энергия тиімді жобалау) жобаларын интеграциялау жолымен Алматы қаласының атмосфералық ауасы жай-күйінің онлайн-сервистерін енгізу;

Алматы қаласында түтінді азайту және ауа сапасын жақсарту мақсатында қаланың жасыл қорын жаңарту;

кәсіпорындардың қауіптілік сыныбына байланысты санитариялық-қорғау аймақтары аумағының кемінде 40-60 % мөлшерінде жасыл желектердің шаң, газға төзімді тұқымдарымен кәсіпорындардың санитариялық-қорғау аймақтарын ұйымдастыру және көгалдандыру;

Алматы, Қапшағай қалаларының, агломерация аудандарында, оның ішінде интродуцент өсімдіктерін пайдалана отырып, жасыл аймақтарды сақтау және дамыту.

Әсер етудің физикалық факторларынан қорғау жөніндегі жобалық ұсыныстар:

қоныстану және рекреациялық аймақтарды өндірістік, коммуналдық-қойма аймақтарынан және негізгі көлік коммуникацияларынан бөліп тұратын елді мекендер аумағын функционалдық аймақтарға бөлу және акустикалық жайлылықтың талап етілетін дәрежесін ескере отырып, құрылыс салуды қалыптастыру;

автомобиль және теміржолдар кесіп өтетін елді мекендердің аумақтарында шудан қорғау іс-шараларын жүргізу (жасыл желектердің шудан қорғайтын көшеттерін қалыптастыру, акустикалық қалқаларды пайдалану, терезелердің дыбыс оқшаулауы);

радиациялық қауіпсіздікті және иондаушы сәулелену көздерінің сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды жоспарлау;

қоршаған орта объектілерінің радиоактивті ластануын анықтау мақсатында аумақта радиоэкологиялық зерттеулер жүргізу;

электромагнитті сәулелену көздеріне түгендеу және кешенді зерттеу жүргізу;

электромагниттік өріс көздерін ұтымды орналастыру және қорғау, оның ішінде көздерді қалқалау құралдарын қолдану.

Су ресурстарын қорғау және ұтымды пайдалану жөніндегі іс-шаралар:

су ресурстары бойынша 2018 – 2025 жылдарға арналған Алматы қаласының қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштеріне қол жеткізу;

Алматы облыстық мәслихатының 2018 жылғы 23 мамырдағы № 31-163 шешімімен бекітілген Алматы облысының жерүсті сулары бойынша 2017 – 2021 жылдарға арналған қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерінің сақталуын қамтамасыз ету;

Үлкен Алматы, Кіші Алматы, Есентай, Іле Есік, Талғар өзендерінің, Қапшағай су қоймасының, Қаскелең өзенінің, Үлкен Алматы көлінің ластану деңгейін "нормативті таза" деңгейіне ("ластанудың қалыпты деңгейі") дейін төмендету;

Алматы қаласының барлық су объектілерін және Алматы агломерациясының аумағында орналасқан шағын өзендерді түгендеу;

өзен арналарының 110 км реконструкциялау және абаттандыру, сондай-ақ 2025 жылға дейін Алматы қаласында 200 км астам арық желісін салу;

Сайран көлін реконструкциялау жөніндегі инвестициялық жобаны іске асыру;

су қорғау аймақтарын, су ағындары мен су қоймаларының жағалаудағы белдеулерін, су жинағыштарды санитариялық қорғау аймағын ұйымдастыру;

су қорғау аймақтары мен жерүсті су ағыстарының жағалаудағы белдеулерінен өнеркәсіптік өндірістерді, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын, стихиялық қоқыс тастайтын жерлерді, мал қорымдарын шығару;

су объектілеріне бұру көлемінің басым бөлігі тиесілі "Алматы Су Холдингі" МҚКК, "Тоспа Су" ШЖҚ МҚК, Қапшағай ГЭС-інде су қорғау іс-шараларын жүргізу;

сумен жабдықтау, су бұру жүйесіндегі шығындар мен тозуды, оның ішінде Алматы қаласында күрделі, авариялық жөндеу және реконструкциялау көлемін жыл сайын 30 км-ге дейін ұлғайту есебінен төмендету;

Алматы облысы Іле ауданындағы қосалқы құрылыстарды қоса алғанда, "Сорбұлақ" сарқынды су жинағыш көлін реконструкциялау" жобасын іске асыру;

Сорбұлақ жинағышына сарқынды суларды ағызуды толық жойып, Алматы қаласының су бұру жүйесін қайта қарау және одан әрі оның жарылу қаупін болдырмау үшін оны жоюды жүргізу;

Алматы қаласының нормативтік көрсеткіштеріне дейін тазартылған ағынды суларын Іле өзеніне қолданыстағы су бұру жүйесін жаңғырту жолымен бағыттау, бұл Іле-Балқаш су айдынының су теңгерімін біршама дәрежеде сақтауға мүмкіндік береді;

Алматы қаласының кәсіпорындарында сарқынды суларды сақтау, тазарту және қайта пайдалану жөніндегі іс-шараларды енгізу;

Алматы қаласындағы кәріз желілерінің жаңа желілерін реконструкциялау және салу ;

Қапшағай қаласында 1968 жылы салынған, 90 %-тен астамы тозған механикалық тазартылатын қолданыстағы кәріздік-тазарту құрылыстарының орнына сарқынды суларды толық биологиялық тазарта отырып, тазарту құрылыстарын реконструкциялау және салу;

Заречное ауылындағы кәріздік тазарту құрылыстарын реконструкциялау (қазіргі уақытта қолданыстағы КТҚ тозуы 90 % құрайды);

"Өңірлерді дамыту" бағдарламасы шеңберінде су бұру жөніндегі жобаларды ("Еңбекшіқазақ ауданы Қаракөмер ауылындағы кәріз жүйесін реконструкциялау және салу", "Қарасай ауданы Қаскелең қаласының арынды-өздігінен ағатын коллекторын реконструкциялау", "Еңбекшіқазақ ауданы Бәйдібек би ауылындағы дренаж жүйесін салу") іске асыру;

шағын қалалар мен агломерацияның аудан орталықтарының, оның ішінде Қаскелең, Талғар, Есік қалаларында, Ұзынағаш, Өтеген батыр ауылдарында, сондай-ақ орталықтандырылған кәріз жүйесі бар елді мекендерде сарқынды сулардың тазарту құрылыстарын реконструкциялау/салу;

Смарт Алматы жобасын дамыту шеңберінде Алматы қаласының экологиялық жағдайын жақсарту мақсатында су тұтыну ақылды есептегіштерін орнату, су тұтынуды бақылау, кему деңгейін анықтау және төмендету, тазартудың инновациялық әдістері;

Алматы қаласының сарқынды суларды жинақтаушылар жүйесінің жерасты суларының жай-күйіне әсеріне кешенді бағалау жүргізу;

Алматы қалалары мен агломерацияның аудан орталықтарында – Талғар, Қаскелең, Қапшағай, Есік қалаларында, Ұзынағаш, Өтеген батыр ауылдарында және т.б. жерасты

суларының ластану ошақтарының мониторингі, оларға көптеген мал шаруашылығы кешендері, құс фабрикалары, фермалар, бөлімшелер және басқа да ауыл шаруашылығы объектілері жатады;

Еңбекшіқазақ ауданында өздігінен төгілетін ұңғымаларды жою және консервациялау (Қырбалтабай ауылындағы 28 ұңғыма), сондай-ақ олардың баланс ұстаушыларын анықтау жөніндегі жұмыстарды жүргізу, сондай-ақ ведомстволық тиесілігін белгілеу және арнайы су пайдалануға рұқсат ресімдеу;

жерасты суларының ұңғымаларын түгендеу, оларды коммуналдық меншікке қабылдау жөніндегі жұмыстарды жүргізу және агломерация елді мекендерінің аумағында одан әрі консервациялау.

Жер ресурстарын қорғау және ұтымды пайдалану жөніндегі іс-шаралар:

1) ұйымдастыру-әкімшілік іс-шаралар:

жерді түгендеу және агрохимиялық зерттеу;

ауыл шаруашылығы алқаптарының тозуын төмендету және одан әрі болдырмау үшін егін шаруашылығының бейімделген экологиялық-ландшафттық жүйесін енгізу;

қолданылатын агрохимикаттардың көлемін азайту үшін топырақты өндеудің ресурс үнемдейтін және экологиялық қауіпсіз технологияларын қолдану;

өсімдіктерді қорғаудың биологиялық құралдарын пайдалану;

топырақ құнарлылығының жай-күйі мен серпінін мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

тозған жыртылған алқаптарды азықтық және орман алқаптарына ауыстыру не осы жерлерде қорғаныштық орман екпелерін (топырақ қорғау, эрозияға қарсы екпелер) егу, бүлінген жерлерді қалпына келтіру ретінде толыққанды шалғынды биоценоздар жасау;

агломерацияның елді мекендерінің айналасында орман-шалғынды белдеулерін және жасыл аймақтарды құру;

жерді суландыру және құрғату жөніндегі шараларды іске асыруды қоса алғанда, мелиоративтік қорды (мелиорацияланатын жерлер мен мелиоративтік жүйелер) қалпына келтіру;

агроөнеркәсіптік кешенді ғылыми-техникалық қамтамасыз ету;

бірінші кезекте Алматы қаласының орталығында топырақтың қарқынды ластануының "төгілген дақтарын", жергілікті ластану ошақтарын ("Алматы-1" теміржол станциясы, солтүстік-батыс шағын аудандар, "Алматы ауыр машина жасау зауыты" АҚ ("ААМЖЗ" АҚ) мен бұрынғы Алматы жеміс-консерві комбинаты арасындағы аумақтар, "Горный гигант" ауылының ауданы, Республика сарайының сыртындағы тау етегіндегі аумақтар) қоса алғанда, Алматы қаласының топырақ жамылғысының жай-күйіне мониторингтік зерттеулер;

жердің өндіріс және тұтыну қалдықтарымен ластануын болдырмау;

сарқылған кеніштердің рекультивациясы (Қарасай ауданындағы Ақсай, Первомай және Қаскелең кен орындары), топырақтың құнарлы қабатын дұрыс алу және кейіннен

оны қаттау әрі пайдалану, сондай-ақ жедел автобанды салу кезінде орман-мелиорациялық құрылғыны орнату жобаларын әзірлеу;

Еңбекшіқазақ, Жамбыл аудандарында аса дымқыл жерлерде, Қарасай ауданында аса дымқыл және батпақтанған жерлерде құрғату іс-шараларын жүргізу;

агломерацияның елді мекендері үшін ҚТҚ жетілдірілген полигондарын жобалау және салу;

су эрозиясына ұшырауы мүмкін жыраларды көгалдандыру және шөп егу және олардың Алматы қаласының аумағында әрі қарай өсуіне кедергі жасау;

агломерация елді мекендерінің бұзылған жерлерінде қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу;

ауыл шаруашылығы айналымына тартылған ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің үлесін, жыртылған жерлер құрамындағы ауыспалы айналым үлесін (далалық ауыспалы айналым) және табиғи жайылымдық жерлер құрамындағы жайылымдық айналым үлесін ұлғайту;

Еңбекшіқазақ, Жамбыл, Іле, Қарасай аудандарында ескірген және жарамсыз пестицидтер мен олардың ыдыстарынан топырақтың ластануының экологиялық қатерін азайту жөніндегі шараларды әзірлеу, аумақты тазалауды жүргізу;

Жамбыл ауданында топырақтың биоөнімділігін төмендетпеу мақсатында мал жаюды реттеу, тапталған жайылымдарда жайылу айналымын сақтау;

2) аумақтарды қолайсыз табиғи және геологиялық процестер мен құбылыстардан қорғау жөніндегі инженерлік-техникалық іс-шаралар:

жаңбырлы, еріген, өзен сулары мен желдің топырақты бұзатын ағынын азайтуға бағытталған эрозияға қарсы және көшкінге қарсы іс-шаралар жүргізу;

су және жел эрозиясына жергілікті мониторинг жүргізу және оларды жою жөнінде қажетті шаралар қабылдау;

құрылыс процесінде, желілік құрылыстарды төсеу процесінде, сондай-ақ пайдалы қазбаларды өндіру нәтижесінде бүлінген жерлерді қалпына келтіру.

Ұйымдық-әкімшілік іс-шаралар топырақ жамылғысының жай-күйіне мониторингтік зерттеулерді; жердің өндіріс және тұтыну қалдықтарымен ластануына жол бермеуді қамтиды.

Өндіріс және тұтыну қалдықтарын басқару жөніндегі іс-шаралар мыналарды көздейді:

Алматы қаласының 2018 – 2025 жылдарға арналған коммуналдық қалдықтар бойынша қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштеріне қол жеткізу, оның ішінде қатты тұрмыстық қалдықтарды кәдеге жарату үлесін олардың түзілуіне қатысты 8 %-ке дейін жеткізу, халықтан қайталама ресурстарды қабылдау пункттерінің санын 2017 жылғы 6-дан 2025 жылға қарай 100-ге дейін ұлғайту;

2050 жылға қарай Алматы қаласында қатты тұрмыстық қалдықтарды өңдеу көлемін 80 %-ке дейін жеткізу;

Алматы облысының қалдықтарды басқару өңірлік жүйесінің нысаналы көрсеткіштеріне қол жеткізу: 2025 жылға қарай халықты қатты тұрмыстық қалдықтарды шығарумен 100 % қамту, қоқысты санитариялық сақтау 2025 жылға қарай 100 %, қайта өңделген қалдықтардың үлесі 2025 жылға қарай 100 %;

Алматы қаласы Алатау ауданында қуаты жылына 550 мың тонна болатын қоқыс сұрыптау кешенінің жобалық қуатына шығу;

Алматы облысында агломерация аудандарын қоса алғанда, ҚТҚ басқару жүйесінің барлық объектілерін басқаруға бере отырып, бірыңғай аумақтық оператор құру;

ҚТҚ полигондарын басқаруды ірілендіру (бір кәсіпорын қызмет көрсететін бірнеше жақын елді мекенге (қалалар, ауылдық округтер, ауылдар) 1 полигон);

қоқыс шығаратын компаниялармен, ҚТҚ көму кәсіпорындарымен (ҚТҚ полигондары) ұзақ мерзімді кезеңге (5 және одан көп жыл) шарт жасасу;

қоқыс сұрыптау станциялары бар кешенді алаңдар салу:

Ақбастау ауылында (Еңбекшіқазақ ауданы) (1-кезек) қуаты жылына 60 мың тонна;

Ұзынағаш ауылында (Жамбыл ауданы) (1-кезек) қуаты жылына 60 мың тонна;

Қаскелең қаласынан солтүстік-шығысқа (Қарасай ауданының Ұмтыл ауылдық округі) (2-кезек) қуаты жылына 80 мың тонна;

Өтеген батыр ауылынан солтүстік-батысқа қарай 14 км (Іле ауданының Қараой ауылдық округі) (2-кезек) қуаты жылына 80 мың тонна;

Жалқамыс ауылында (Талғар ауданы) (3-кезек) қуаты жылына 60 мың тонна;

қоқыс тиеу станциялары бар кешенді алаңдарды салу:

Қапшағай қаласында (1-кезек) қуаты жылына 20 мың тонна;

Бөлек ауылында, Есік қаласынан 1,7 км (Еңбекшіқазақ ауданы) (1-кезек) қуаты жылына 30 мың тонна;

Шамалған ауылында (Қарасай ауданы) (3-кезек) қуаты жылына 20 мың тонна;

Талғар қаласында (Талғар ауданының Қайнар ауылдық округі) қуаты жылына 30 мың тонна;

қатты тұрмыстық қалдықтар полигондарын салу:

Ақбастау ауылында (Еңбекшіқазақ ауданы) (1-кезек) қуаты жылына 50-60 мың тонна;

Ұзынағаш ауылында (Жамбыл ауданы) (1-кезек) қуаты жылына 50-60 мың тонна;

Өтеген батыр ауылынан солтүстік-батысқа қарай 14 км (Іле ауданы Қарасай ауылдық округі) (2-кезек) қуаты жылына 80-100 мың тонна;

Қаскелең қаласынан солтүстік-шығысқа қарай (Қарасай ауданының Ұмтыл ауылдық округі) (2-кезек) қуаты жылына 80-100 мың тонна;

Жалқамыс ауылында (Талғар ауданы) (3-кезек) қуаты жылына 50-60 мың тонна;

рұқсат етілмеген қоқыс тастайтын жерлерді толық жою;

ҚТҚ бөлек жинау жүйесіне көшу;

облыста "Қалдықтармен жұмыс істеу" автоматтандырылған геоақпараттық жүйесін әзірлеу, енгізу және пайдалану;

Смарт Алматы жобасын дамыту шеңберінде қалдықтарды ақылды кәдеге жаратуды енгізу, қалдықтарды жинау және қайта өңдеу инфрақұрылымын белсенді цифрландыру және роботтандыру;

облыс индустриясын кәдеге жаратуға жарамды экологиялық қауіпсіз өнім шығаруға ынталандыру;

агломерация аумағында орналасқан кәсіпорындарда қауіпті қалдықтарды паспорттау;

қалдықтарды, оның ішінде қауіпті қалдықтарды (құрамында сынап бар аспаптар мен люминесцентті шамдарды) жинауды және өңдеуді ұйымдастыру;

жеке инвесторлардың қаражаты есебінен қалдықтарды (соның ішінде медициналық) жағу бойынша қуаты 650 мың тонна зауыт салу (Қарасай ауданындағы полигонда);

Алматы қаласының кәріздік тазарту құрылғыларының лай алаңдарында биогаз өндіретін қоқыс өңдеу кешенін салу;

Іле ауданында органикалық қалдықтарды қайта өңдеу зауытын салу;

Іле ауданының Ақши ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 5,7 км орналасқан улы химикаттардың ыдыстарын көму жөніндегі полигонның экологиялық және санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды жүргізу;

мал қорымдарының (Беккери шұңқыры) жағдайын мерзімді мониторингтеу және бақылау жүргізу.

Биологиялық әралуандылықты сақтау және жасыл аймақтарды қорғау бойынша іс-шаралар:

республикалық маңызы бар табиғи-қорық қорының тізбесіне Алматы қаласындағы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің саябағын енгізу (2020 жылға дейін);

"Қапшағай каньоны" (Қапшағай қалалық әкімшілігі), "Сорбұлақ көлі" (Іле ауданы) басты орнитологиялық аумағын елдің табиғи-қорық қорының тізбесіне енгізу (2035 жылға дейін);

жергілікті маңызы бар мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерінің тізбесіне мынадай объектілерді қосу:

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті атындағы саябақ (дендрологиялық саябақ);

Орталық мәдениет және демалыс саябағы;

қарағайлы парк (ерекше құнды орман алабы, Қарасай батыр көшесі, Наурызбай батыр көшесі мекенжайлары бойынша);

С.Сейфуллин атындағы саябақ (Шолохов көшесінен оңтүстікке, Щербаков көшесінен батысқа қарай);



"Көктөбе" саябақ аймағы;

"Медеу" мемлекеттік табиғат паркі;

28 панфиловшы батырлар атындағы саябақ (ерекше құнды орман алқабы);

Сайран су қоймасының саябақ аймағы (су қоймасын және ландшафттың жойылған элементтерін қалпына келтіру);

"Алып емен" (Л. Шевцова көшесінің Зверев көшесімен қиылысындағы балабақша аумағында өсіп тұрған);

"Алып емен" (Алматы қаласының зообағы аумағында өсіп тұрған);

бірігіп өскен емен мен қарағай (Фурманов көшесі, Шевченко көшесімен қиылысы, батыс жақ).

Жібек жолы мен Интернациональный көшелерінің қиылысындағы көне ағаш (аэровокзал);

Баум тоғайы мен Орталық мәдени және демалыс саябағына "мемлекеттік ескерткіш саябағы" мәртебесін беру;

шекараларды арнайы таным белгілермен белгілей отырып, Сиверс алма бағының ("Оң Талғар" шатқалы) генетикалық резерваттарын құру;

Алматы қаласының 2018 – 2025 жылдарға арналған қоршаған орта сапасының өсімдіктер бойынша нысаналы көрсеткіштеріне қол жеткізу, оның ішінде жалпыға ортақ пайдаланылатын жасыл желектер ауданының  $5,39 \text{ м}^2/$  адамға, таза ағаштардың үлесін 2025 жылға қарай 68 % дейін жеткізу;

басшылық бағдарламалық құжат – Алматы қаласын көгалдандыру жөніндегі тұжырымдаманы әзірлеу және бекіту, оған сәйкес Алматы қаласында барлық көгалдандыру жұмыстары жүзеге асырылады;

жасыл аймақтарды ұйымдастыру және жайластыру;

Алматы қаласының жасыл аймақтарын паспорттау (аумақтың жалпы ауданы 441,7 га);

Жасыл желектер бойынша электрондық базаны бірыңғай жүйеге енгізе отырып, Алматы қаласындағы барлық жасыл желектерді түгендеу;

2020 жылға дейін Алматы қаласының Қабанбай батыр көшесінен Бөгенбай батыр көшесіне дейінгі Байсейітова көшесі мен М. Мәметова гүлдер бағын, Тимирязев көшесінен Сәтпаев көшесіне дейінгі Байзақов көшесіндегі жасыл аймақты абаттандыру және көгалдандыру;

Алматы қаласындағы Бас ботаникалық бақты, Орталық мәдениет және демалыс паркін, Алматы хайуанаттар паркін, Баум тоғайын және басқа да жасыл аймақтарды реконструкциялау жөніндегі инвестициялық жобаларды іске асыру;

"Жасыл Алматы" бағдарламасы аясында Алматы қаласының жасыл қорын жаңарту, 1 млн. ағаш отырғызу және 2050 жылға қарай 1 адамға  $20 \text{ м}^2$  көрсеткішке қол жеткізу үшін қаланың жалпыға ортақ пайдаланылатын жасыл желектерін дамыту;

қала экожүйесін біріктіру және биоәртүрлілікті қолдау үшін Алматы қаласының " жасыл желісін" құру, оған әлемдік деңгейдегі жаңа рекреациялық парк пен қаланы қоршаудан төменгі жаққа дейін кесіп өтетін және қаланың табиғи желдетілуін қолдайтын "жасыл" өзен дәлізі кіреді;

Қапшағай, Қаскелең, Талғар, Есік қалаларында, Жамбыл ауданының Ұзынағаш ауылында, Іле ауданының Өтеген батыр ауылында гүлзарлар, саябақтар, шығу автожолдарын жасау, салынып жатқан және жаңадан пайдалануға берілетін ғимараттар мен құрылыстарды салу;

Қапшағай қалалық әкімшілігі, Қарасай, Еңбекшіқазақ, Жамбыл, Іле және Талғар аудандарының жерлеріне ағаш тұқымдастарының, бұталардың көшеттерін отырғызу арқылы, ағаш-бұта тұқымдастарымен көгалдандыру;

Қапшағай қаласының айналасында орман қорғау белдеуін жасау;

құнды орман алқаптарын сақтау, орманды қалпына келтіру және орман өсіру есебінен орман қорының жай-күйін жақсарту.

Қабылданатын шаралар қарқынды және белсенді агломерациялау аймағын, агломерацияны тарту орталықтарын, әлсіз агломерациялық процестер аймағын қоса алғанда, Алматы агломерациясының экологиялық жай-күйін тұрақтандыруға және жақсартуға мүмкіндік береді.

Санитариялық-эпидемиологиялық жағдайды жақсарту үшін мынадай іс-шаралар өткізу қажет:

сауықтыру іс-шараларын ұйымдастыру үшін бруцеллез бойынша қолайсыз елді мекендерде шектеулерді уақтылы енгізу;

шектеу қойылмаған, бруцеллез жұқтырған жануарлардың ошақтарында дезинфекциялық іс-шаралар жүргізу;

ет өңдеу комбинаттарын салу және мал сою пункттерін ашу;

санитариялық талаптарға сәйкес сібір жарасының топырақ ошақтарын қоршау және тақтайшалар қою;

жер учаскелерін цифрландыруды әзірлеу кезінде өнеркәсіп объектілерінің санитариялық-қорғау аймақтарының шекараларын белгілеу қажет;

ауаны мониторингтеудің тиімді жүйесін әзірледі, проблеманың сипатын және оның үрдістерін анықтау үшін ұшпалы органикалық қосылыстар (бұдан әрі – ҰОҚ) мен полициклді хош иісті көмірсутектердің (бұдан әрі – ПХК) күнделікті мониторингін қоса алғанда, Алматы қаласының халық денсаулығы мен атмосфералық ауасы сапасының өзара байланысын зерттеу бойынша ғылыми зерттеулер жүргізу, өлшенген бөлшектермен ауаның ластануының әрбір көзінің, ҰОҚ пен ПХК үлесін анықтау;

қарқынды процестер аймағында студенттерді жыл сайын тексеру, қалалық студенттік емханада талапкерлерді медициналық куәландыру, сондай-ақ жоғары және орта оқу орындарының жатақханаға мұқтаж студенттерге арналған жалдамалы пәтерлерді резервтеуі;

"Өңірлерді дамыту" бағдарламасына су құбырлары санитариялық талаптарға сәйкес келмейтін елді мекендерді енгізу, олар Еңбекшіқазақ ауданының Қызылжар, Қайрат, Қазатком белсенді агломерациялау аймағындағы; Қарасай ауданының Қырғауылды, Жанатұрмыс қарқынды агломерациялау аймағындағы; Іле ауданының Көкқайнар ауылдары;

қарқынды агломерациялау аймағында Еңбекшіқазақ ауданы Сазы ауылының тұрғындарын сапалы ауызсумен қамтамасыз ету;

агломерациялаудың қарқынды процестері аймағында, Еңбекшіқазақ ауданының Есік қаласында, Іле ауданының Өтеген батыр ауылында, Қарасай ауданының Әйтей ауылында қатты тұрмыстық қалдықтар полигондарын заңдастыру.

Қарқынды агломерациялық процестер аймағында мәдени мұраны сақтау және танымал ету саясатын іске асыру мен тарих және мәдениет ескерткіштерін есепке алуды, қорғауды тиімді ұйымдастыру үшін жалпы және жергілікті сипаттағы мынадай іс-шараларды жүргізу ұсынылады:

рухани тәрбие негізін қалыптастыру үшін агломерация аумағында белгілі мәдени кешендер мен киелі объектілерді қалпына келтіру және реконструкциялау;

"Рухани жаңғыру" бағдарламасы шеңберінде Алматы қаласында Боралдай саябақ қорғандары аумағында мұражай-қорықтың киелі объектісін құруды қамтамасыз ету;

"Көк-Жайлау" шатқалы аумағында орналасқан археология ескерткіштерінің сақталуын қамтамасыз ету;

ЮНЕСКО Бүкіләлемдік мұралар тізіміне енгізілген Талғар ауданындағы Талғар қалашығының аумағындағы халықаралық маңызы бар тарих пен мәдениет ескерткіштерін сақтау бойынша талаптарын сақтау. Сондай-ақ ғылыми-реставрациялау және консервациялау жұмыстарын, қосымша археологиялық зерттеулерді жүргізу; ескерткіштің аумағын қоршау және абаттандыру;

ескерткішті ақпараттық қамтамасыз ету бойынша қоршаулар салу жолымен дүниежүзілік мұра объектісінің шекарасын жергілікті жерде белгілеу, Талғар қалашығының қорғау аймағынан тыс жаңа айналма жол салуды ескере отырып, қалашықтың қорғау аймағы қосылатын Талғар қаласының жаңа бас жоспарының жобасын әзірлеу;

күзетілетін аймақтың периметрі бойынша қоршау орнату, сондай-ақ ескерткіштен тыс су ағатын арықты анықтау арқылы, оның ішінде топырақ суларынан жан-жақты қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

тарихи-мәдени мұра мәселелері бойынша адекватты жоспарлау мен тиімді басқаруды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасына өзгерістер енгізу бойынша ұсыныстар әзірлеу;

аудандар бойынша агломерация аумағында орналасқан 32 тарих және мәдениет ескерткіштеріне жөндеу жұмыстарын жүргізу;

тарих және мәдениет ескерткіштерінің жай-күйін есепке алу және мониторингтеу құралы ретінде Алматы қаласының тарихи-мәдени мұра ескерткіштерінің деректер базасының геоақпараттық жүйесін әзірлеу;

геомагниттік сканерлеу мен қашықтықтан барлауды қоса алғанда, Алматы қаласының аумағында тарих және мәдениет ескерткіштерін бұзбайтын әдістермен зерттеу бағдарламасын әзірлеу;

агломерация аумағында құрылыс, жол-жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде тарих және мәдениет ескерткіштерін сақтау.

### **Аумақтарды табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар әсерінен қорғау шаралары және азаматтық қорғаныс бойынша іс-шаралар**

Алматы агломерациясының аумағында табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және халықты қорғау мақсатында перспективада төтенше жағдайлардың туындау қаупін барынша азайтуға, адамдардың өмірі мен денсаулығын сақтауға, материалдық шығындардың мөлшерін азайтуға бағытталған ұйымдастырушылық-профилактикалық және инженерлік-техникалық іс-шаралар ұсынылады.

Аумақты сел тасқындарынан қорғау бойынша іс-шаралар:

Батан ауылынан төмен Түрген өзенінде сел тоқтататын бөгет салу;

Биік таулы (мұздық, мұздақ, үйінді) көлдердің серпінді қауіптілігінің ғылыми негізделген өлшемшарттарын және олардың жарылу қаупінің ықтимал дәрежесін бағалау әдістемесін әзірлеу;

"Сел, сырғыма және қар көшкіні қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ғарыштық және жерүсті жүйелері деректерінің негізінде төтенше жағдайларды мониторингтеу мен болжаудың аппараттық-бағдарламалық кешенін құру" ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмысын орындау (геоақпараттық кешен);

ГАЗ-технологияларын қолдана отырып, сел, сырғыма және қар көшкіні қаупі бар учаскелер мен мұздық көлдерге мониторинг жүргізудің автоматтандырылған жүйесін енгізу;

талдау негізінде қолданыстағы селден қорғау, сырғымаға қарсы және қар көшкініне қарсы құрылыстарды салу (оның ішінде Қора, Тентек, Чажә өзендері бассейндерінде), күрделі және ағымдағы жөндеу мәселелерін пысықтау.

Аумақтарды сырғымалар мен көшкіндерден қорғау жөніндегі іс-шаралар:

Алматы қаласы мен Алматы облысының елді мекендерінің қар көшкіні қаупінің автоматтандырылған мониторинг жүйесін ұйымдастыру үшін ғылыми негіздеме әзірлеу;

Алматы қаласы мен Алматы облысының елді мекендерінің сырғыма қаупінің автоматтандырылған мониторинг жүйесін ұйымдастыру үшін ғылыми негіздеме әзірлеу;

қауіпті объектілер мен учаскелерде алдын алу іс-шараларын (селге қарсы, сырғымаға қарсы және қар көшкініне қарсы) жүргізу және қауіпті табиғи құбылыстарға (климаттың өзгеруін ескере отырып) мониторинг жүргізу әдістемесін әзірлеу;

Кіші Алматы өзенінің бассейнінде қар көшкінінен қорғау құрылыстарын жобалау мәселелерін пысықтау.

Аумақтарды тасқындар мен селден қорғау жөніндегі іс-шаралар:

Белшабдар өзеніне дамбалар салу және механикалық тазалау жүргізу;

Междуреченск ауылы ауданында Қаскелең өзенінің оң жағалауын бекіту;

Жетіген ауылы ауданындағы "Қызыл-Ту" қорғау дамбасын қалпына келтіру;

М. Түймебаев ауылы ауданында Теренқара өзенінің арнасын түзету және тазалау;

Қарғалыбұлақ өзенінің арнасын түзету және механикалық тазалау;

Қаскелең өзенінің арнасын түзету, сондай-ақ механикалық тазалау жүргізу;

Талғар қаласының оң жағалауындағы Талғар өзенінің жағасын бекіту жұмыстарын жүргізу.

Аумақты жер сілкінісінен қорғау жөніндегі іс-шаралар:

елді мекендер мен жаңа құрылыс салуға бөлінетін учаскелердің аумағын сейсмикалық шағын аудандарға бөлуді жүргізу;

мониторинг желілерін дамыту және өлшеу аппаратурасы паркін жетілдіру;

ғимараттарды, құрылыстарды және басқа да объектілерді сейсмикалық беріктігі тұрғысынан тексеру;

ғимараттарды, құрылыстарды және объектілерді антисейсмикалық күшейту, ескі үй құрылыстарын бұзу;

Нұр-Сұлтан қаласында жер сілкіністерін жинақтау, өңдеу, талдау және болжау қайталама орталығын құру;

сейсмикалық, геофизикалық, гидрогеологиялық бақылау мен жер қабатының қазіргі заманғы қозғалыстарын бақылауды (спутниктік бақылаулар) жүргізу үшін жабдықталған сейсмикалық станцияларды ашу.

Аумақтарды химиялық қауіпті объектілердегі төтенше жағдайлардың әсерінен қорғау мақсатында ұйымдарда, технологиялық процесте күшті әсер ететін улы заттарды пайдаланатын кәсіпорындарда қауіпсіз реагенттерге көшу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру қажет.

Өртке қарсы қорғауды "Азаматтық өртке қарсы қызмет органдарының объектілерін жобалау" ҚР ҚЕ 2.02-105-2014 талаптарына сәйкес өрт депосын салу жолымен қамтамасыз ету қажет.

Бұдан басқа, Еңбекшіқазақ ауданындағы Ават, Бәйтерек, Қаракемер, Өрікті, Жамбыл ауданындағы Қарғалы, Мыңбаев, Іле ауданындағы Қараой, М. Түймебаев, Талғар ауданындағы Қызылту, Нұра, Талдыбұлақ елді мекендерінде өрт сөндіру бекеттерін құру қажет.

Халықты төтенше жағдайлардың қаупі немесе туындауы туралы хабардар ету және құлақтандыру мақсатында Алматы қаласының жаңадан құрылған және қосылған аудандарында 338 дабыл қондырғылары бар қазіргі заманғы құлақтандыру жабдығымен кезең-кезеңмен жарақтандыру қажет.

Алматы агломерациясын  
аумақтық дамытудың  
өңіраралық схемасына  
1-қосымша

## Алматы агломерациясын аумақтық дамытудың өңіраралық схемасының негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштері

Р/с №	Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	Қазіргі жағдайы	Бірінші кезең	Есептік мерзім	Болжамды мерзім
1	2	3	4	5	6	7
1	<b>Аумақ</b>					
1)	Барлығы	мың га	939,49	939,49	939,49	939,49
1	Қарқынды агломерациялық процестердің аймағы	мың га	260,91	260,91	260,91	260,91
2	Белсенді агломерациялық процестердің аймағы	мың га	201,84	201,84	201,84	201,84
3	Әлсіз агломерациялық процестердің аймағы	мың га	476,74	476,74	476,74	476,74
	оның ішінде:					
	ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер	мың га/%	475,88	479,94	482,98	484,0
	елді мекендердің жерлері, оның ішінде:	-//-	177,39	180,39	191,67	195,04
	- қалалық	-//-	84,06	85,06	94,97	95,68
	- ауылдық	-//-	93,33	95,33	97,3	99,36
	өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік қажеттіліктеріне арналған және өзге де ауыл шаруашылығы мақсатына арналмаған жерлер	-//-	87,81	93,69	99,57	99,58
	Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлері, сауықтыру, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы жерлер	-//-	103,46	103,46	103,46	103,46
	орман қорының жерлері	-//-	10,92	10,92	10,92	10,92
	су қорының жерлері	-//-	46,49	46,49	46,49	46,49
	босалқы жер	-//-	37,54	24,6	4,1	0,0

2	Халық	-//-				
1)	Барлығы	мың адам	2 787	3741	3905	4592
	оның ішінде:					
	қала халқының саны	мың адам/% жалпы халық саны	1 993,9/ 71,5	2 461,2/ 70,9	2795,2/71,6	3351,9/ 73,0
	ауыл халқының саны	-//-	793,1/ 28,5	1010,1/ 29,1	1109,5/28,4	1239,9/ 27,0
2)	Халықтың табиғи қозғалысының көрсеткіштері:					
	туғандар саны	-//-	55,7/2	64,7/2	75,5/2	90,6/2
	қайтыс болғандар саны		16,7/0,6	19,4/0,6	22,7/0,6	27,2/0,6
	өсім/ кему		39/1,4	45,3/1,4	52,9/1,4	63,4/1,4
3)	Халық көші-қонының көрсеткіштері:					
	келгендер саны		192/6,9	223,1/6,9	260,5/6,9	312,6/6,9
	кеткендер саны		155,9/ 5,6	181,1/5,6	211,4/5,6	253,7/5,6
	өсім/ кему	-//-	39/1,4	45,3/1,4	52,9/1,4	63,4/1,4
4)	Қалалық елді мекендер, барлығы	бірлік				
	ірі (есептік саны 500,0 мың адамнан асатын)	-//-	1	1	1	1
	үлкен (тұрғындарының есептік саны 100,0 мың адамнан 500,0, мың адамға дейін)	-//-	-	-	1	2
	орташа (тұрғындарының есептік саны 50,0 мың адамнан 100,0 мың адамға дейін)	-//-	1	3	4	3
	шағын (тұрғындарының есептік саны 10,0 мың адамнан 50,0 мың адамға дейін)	-//-	3	1	-	-
5)	Кенттер	-//-	-	-	-	-
6)	Ауылдар	-//-	184	-	-	-
7)	Тұрғындарының тығыздығы	мың адам/ 100 шаршы км	29,7	36,9	41,6	48,9
8)	Ауыл тұрғындарының тығыздығы	-//-	9,3	11,8	13,1	14,7
9)	Тұрғындарының жас құрылымы:					
	15 жасқа дейінгі балалар	мың адам/ % жалпы халық саны	720,9/ 25,9	889,4/ 27,5	879,6/23,3	1060,3/ 23,4
	еңбекке қабілетті жастағы халық (16-62 жастағы еркектер, 16-57 жастағы әйелдер)	-//-	1753,5/ 63	1924,2/ 59,5	2340,5/62	2618,9/ 57,8
	еңбекке қабілетті жастан асқан халық	-//-	308,9/ 11,1	420,4/13	554,9/14,7	851,8/ 18,8

10)	Жұмыспен қамтылған адамдар саны, барлығы	мың адам				
11)	Экономикалық қызмет түрлері бойынша жұмыспен қамтылған халық	мың адам/ % жұмыспен қамтылған халық саны	1 462,9/ 100	1 707	2 006	2 458
	оның ішінде:	-//-				
	- өнеркәсіп	-//-	81,7/5,6	95	112	137
	- құрылыс	-//-	141,3/ 9,7	165	194	237
	- ауыл шаруашылығы	-//-	127,5/ 8,7	149	175	214
	- білім беру	-//-	112,1/ 7,7	131	154	188
	- денсаулық сақтау және әлеуметтік қызмет көрсету	-//-	66,2/4,5	77	91	111
	- өзгелер	-//-	934,1/ 63,9	1 090	1 281	1 569
12)	Жұмыссыздық деңгейі	%	5,1	5,1	5,0	5,0
3	Экономикалық әлеует					
1)	Өнеркәсіп өндірісінің көлемі	млрд. теңге	1 427,4	2 344,1	3 275,5	4 709,5
2)	Ауыл шаруашылығы өнімі өндірісінің көлемі	-//-	321,2	463,7	620,8	877,1
4	Тұрғын үй қоры					
1)	Барлығы	жалпы ауданының мың м <sup>2</sup> %	6 0 098,2/ 100	76 733/ 100	103 172/100	143 484/ 100
	оның ішінде:					
	қалалық елді мекендерде	-//-	4 6 652,2/ 77,6	57 334/ 74,7	77 404,2/75,0	108 125,2 /75,4
	ауылдық елді мекендерде	-//-	1 3 364,5/ 22,4	19 399,0/ 25,3	25 767,8/25	35 359,8/ 24,6
2)	Халықтың жалпы тұрғын үй алаңымен қамтамасыз етілуі:	м <sup>2</sup> /адам	22,0	26,2	28,7	33,1
	қалалық елді мекендерде	-//-	26,6	27,1	30,1	34,4
	ауылдық елді мекендерде	-//-	18,0	24,0	26,9	31,3
5	Халыққа әлеуметтік және мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету объектілері					
1) *	Жоғарғы оқу орындары	бірлік/ студенттер	4 1 / 134413	"Қала құрылысы. Қалалық және ауылдық елді мекендерді жоспарлау және құрылыс салу" 3.01-101-2013 ҚН сәйкес орталық қалалардың халқын және оның әсер ету аймағындағы басқа елді мекендерді		




				ескере отырып жобалауға тапсырма бойынша		
2)	Мектепке дейінгі, бастауыш, және орта кәсіптік білім беру ұйымдары	сәйкес келетін бірліктер				
*	техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары	бірлік/оқушылар	45 / 36771	"Қала құрылысы. Қалалық және ауылдық елді мекендерді жоспарлау және құрылыс салу" 3.01-101-2013 ҚН сәйкес орталық қалалардың халқын және оның әсер ету аймағындағы басқа елді мекендерді ескере отырып жобалауға тапсырма бойынша		
	күндізгі жалпы білім беру мектептері	бірлік/мың орын	424 / 430,4	-/670,8	-/708,5	-/776,9
	мектепке дейінгі ұйымдар	бірлік/мың орын	1 067 / 96,3	-/141,9	-/143,3	-/174,5
3)	Мәдениет және өнер ұйымдары:	сәйкес келетін бірліктер				
	оның ішінде:					
	театрлар	бірлік/орын	19 / 5076	-/10 499	-/12 052	-14 381
	кинотеатрлар	бірлік/орын	26 / 16937	-/72 293	-/82 790	-/100 577
	кітапханалар	бірлік/мың том	78 / 39088	-/42 529	-/43 372	-/44 667
	клуб үлгісіндегі ұйымдар	бірлік/орын	27 / 7980	-/258 720	-/299 605	-/361 538
4)	Денсаулық сақтау ұйымдары ( ауруханалар, емханалар, перзентханалар, фельдшерлік-акушерлік пункттер және т.б.):	-//-				
	оның ішінде:					
	стационарлық көмек көрсететін ұйымдар	кереует	11 570	10 715	18 725	22 596
	амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін ұйымдар	ауысымына қабылдау	31 849	36 985	76 025	91 740
5)	Санаторий-курорттық, демалыс және туризм мақсатындағы объектілер (санаторийлер, пансионаттар, демалыс үйлері, лагерьлер және т.б.)	төсек-орын	7236	"Қала құрылысы. Қалалық және ауылдық елді мекендерді жоспарлау және құрылыс салу" 3.01-101-2013 ҚНжҚ-ға сәйкес аумақтың, орталық қаланың және басқа елді мекендердің рекреациялық сыйымдылығын оның әсер ету аймағында ескере отырып жобалауға тапсырма бойынша		
6)	Әлеуметтік қамсыздандыру ұйымдары					
	оның ішінде:					
	медициналық-әлеуметтік мекемелер	бірлік/орын	2 / 572	5 / 750	7 / 864	9 / 1 010

	психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелер	бірлік/орын	3/1 352	7/1 499	12/1 727	18/2 021
	стационарлық және жартылай стационар типіндегі (оның ішінде психоневрологиялық патологиялары және тірек-қозғалту аппаратының ақауы бар) балаларға арналған ұйымдар	бірлік/орын	3/391	7/600	12/827	15/1 004
7)	Халыққа әлеуметтік және мәдени-тұрмыстық қызмет көрсететін басқа объектілері	сәйкес келетін бірліктер	-	-	-	-
<b>6</b>	<b>Көліктік инфрақұрылым</b>					
1)	Теміржол қатынасы жолдарының ұзындығы	км	234	295	295	351,6
2)	Кепілді тереңдігі бар кеме жүретін өзен жолдарының ұзындығы	-//-	110	110	110	110
3)	Автомобиль жолдарының ұзындығы, барлығы	км	1415	1481	1638	1638
	оның ішінде:					
	республикалық маңызы бар (халықаралық маңызы бар)	-//-	271	337	477,5	477,5
	облыстық маңызы бар	-//-	724	724	740,5	740,5
	аудандық маңызы бар	-//-	420	420	420	420
4)	Газ құбырларының ұзындығы	км	331	331	331	331
5)	Мұнай құбырларының ұзындығы	км	-	-	-	
6)	Көлік желісінің тығыздығы:	км/100 км <sup>2</sup>				
	теміржол	-//-	2,49	3,14	3,14	3,74
	автомобиль	-//-	15,07	15,77	17,44	17,44
7)	Әуежайлар	бірлік	2	2	2	2
	оның ішінде:					
	халықаралық маңызы бар	-//-	1	1	1	1
	мемлекеттік (ұлттық)	-//-	-	-	-	-
	жергілікті	-//-	1	1	1	1
	жеке меншік	-//-	2	2	2	2
<b>7</b>	<b>Инженерлік инфрақұрылым</b>					
1)	Сумен жабдықтау:					
	жерасты көздерінің ресурстары	млн. м <sup>3</sup> /жылына	2 061,9	2 061,9	2 061,9	2 061,9
	жерүсті көздерінің ресурстары	-//-	1 543,9	1 543,9	1 543,9	1 543,9
	Су тұтыну, барлығы	мың м <sup>3</sup> /тәул.	3223,18	3953,1	4868,19	5728,72
	оның ішінде:	-//-				
	шаруашылық-ауыз су қажеттіліктеріне		586,50	695,51	904,49	1028,54

	өнеркәсіптік қажеттіліктерге	-//-	220,11	318,85	411,94	535,53
	ауыл шаруашылығы қажеттіліктеріне	-//-	2368,35	2886,46	3472,45	4064,23
	1 адамның тәуліктік орташа су тұтынуы	бір адам л/ тәул.	211	215	243	231
	Су бұру, барлығы:	млн. м <sup>3</sup> / жылына	68,53	351,92	436,64	490,34
	су объектілеріне	-//-	18,83	50,87	78,16	147,77
2)	Электрмен жабдықтау:					
	бекітілген қуаты, барлығы	МВт	1247	1520	1920	2050
	оның ішінде:					
	су электр станциясы	%	33	35	35	35
	жылу электр станциясы	-//-	66	55	40	15
	атом электр станциясы		-	-	-	-
	жаңартылатын энергия көздері	%	1	10	25	50
	Есептік қажеттілік:	млн. кВт/сағат	8720	14900	20500	21300
	оның ішінде:					
	коммуналдық-тұрмыстық қажеттіліктер	-//-	4708	7748	9840	10200
	өндірістік қажеттіліктер	-//-	1570	2390	4100	4680
	қысымы 35 кВ және одан жоғары электр беру желілерінің ұзындығы	км	3150	3365	3650	3710
3)	Жылумен жабдықтау:					
	бекітілген қуаты	мың Гкал/ сағат	5,3	9,1	12,6	14,0
	есептік қажеттілік:	млн. Гкал	10,1	18,5	24,6	26,2
	оның ішінде:					
	коммуналдық-тұрмыстық қажеттіліктер	-//-	6,1	6,9	7,1	7,6
	өндірістік қажеттіліктер	-//-	2,4	3,4	4,6	5,2
4)	Газбен жабдықтау:					
	Есептік қажеттілік:	млн. м <sup>3</sup> /год	1495	2560	3270	34200
	оның ішінде:	-//-				
	коммуналдық-тұрмыстық қажеттіліктер		710	1220	1420	1520
	өндірістік қажеттіліктер	-//-	340	640	820	980
5)	Байланыс және телевизия					
	интернет пайдаланушыларының саны	%	81,0	96,0	99,8	99,8
	халықты цифрлық телевизиялық хабарламамен қамту	% халықтың барлығы	96,0	100	100	100
8	Табиғатты қорғау және табиғатты ұтымды пайдалану					


1)	Табиғи ортасы жоғары деңгейде ластанған қалалардың саны	бірлік	1	1	0	0
2)	Ластаушы заттардың жалпы шығарындылары нормативтерінің бекітілген мәндерінің көлемі	млн. тонна/жыл	113,7	156,0	152,3	148,6
3)	ҚТҚ жалпы көлемінен қайта өңделген қалдықтар үлесі	%	4	10	40	50
4)	Ластаушы заттардың тастандыларының бекітілген мәндерінің көлемі	млн. тонна/жыл	94,6	94,6	83,5	74,6
5)	Орманмен көмкерілген мемлекеттік орман қоры жерлерінің алаңы	мың га	157,2	170,2	186,4	210,7
6)	Өңірдің жалпы алаңындағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың үлесі	%	22,5	22,6	24,2	27,0
9	Гидротехникалық құрылыстар	бірліктер	47	47	47	47
10	Өрт депосының ғимараты	депо / автомобильдер саны	17/112	19/140	25/160	37/174

Алматы агломерациясын аумақтық дамытудың өңіраралық схемасына 2-қосымша



Алматы агломерациясын аумақтық дамытудың

өңіраралық схемасына  
3-қосымша



Алматы агломерациясын  
аумақтық дамытудың  
өңіраралық схемасына  
4-қосымша














Алматы агломерациясын  
 аумақтық дамытудың  
 өңіраралық схемасына  
 9-қосымша




Алматы агломерациясын  
 аумақтық дамытудың  
 өңіраралық схемасына  
 10-қосымша







Алматы агломерациясын  
аумақтық дамытудың  
өңіраралық схемасына  
12-қосымша



Алматы агломерациясын  
аумақтық дамытудың  
өңіраралық схемасына  
13-қосымша



Алматы агломерациясын аумақтық дамытудың өңіраралық схемасына 14-қосымша



Алматы агломерациясын аумақтық дамытудың өңіраралық схемасына 15-қосымша

**Алматы агломерациясының аймағына кірген елді мекендердің тізбесі және елді мекендер бөлінісіндегі Алматы агломерациясы халқының 2050 жылға дейінгі болжамды саны**

P/c №	Аудан	Ауылдық округ	Елді мекеннің атауы	01.01. 2018 (факт)	Жоба		
					2025 ЖЫЛ	2035 ЖЫЛ	2050 ЖЫЛ
1	2	3	4	5	6	7	8
	Еңбекшіқазақ			180002	229252	249095	275605
1	Еңбекшіқазақ	Есік қалалық әкімшілігі	Есік	35542	45267	57530	73603
2	Еңбекшіқазақ	Ават а/о	Ават	6847	8720	9144	9486
3	Еңбекшіқазақ	Ақши а/о	Қайрат	666	848	886	925
4	Еңбекшіқазақ	Ақши а/о	Ақши	5205	6629	6908	7243
5	Еңбекшіқазақ	Ақши а/о	Казатком	615	783	812	859
6	Еңбекшіқазақ	Ақши а/о	Сазы	66	84	84	94



7	Еңбекшіқазақ	Бәйтерек а/о	Бәйтерек	14583	18573	19272	20356
8	Еңбекшіқазақ	Бәйтерек а/о	Алға	1692	2155	2173	2436
9	Еңбекшіқазақ	Бәйтерек а/о	Қойшыбек	1679	2138	2206	2353
10	Еңбекшіқазақ	Балтабай а/о	Балтабай	3687	4696	4902	5124
11	Еңбекшіқазақ	Балтабай а/о	Ақбастау	1733	2207	2272	2433
12	Еңбекшіқазақ	Балтабай а/о	Ақтоғай	678	864	891	950
13	Еңбекшіқазақ	Балтабай а/о	Бірлік	1194	1521	1579	1666
14	Еңбекшіқазақ	Балтабай а/о	Еңбек	1186	1510	1541	1675
15	Еңбекшіқазақ	Балтабай а/о	Күш	264	336	337	377
16	Еңбекшіқазақ	Балтабай а/о	Өрнек	599	763	796	833
17	Еңбекшіқазақ	Бөлек а/о	Бөлек	5353	6818	7180	7393
18	Еңбекшіқазақ	Бөлек а/о	Аймен	1548	1972	2014	2185
19	Еңбекшіқазақ	Бөлек а/о	Қарасай	2091	2663	2681	2981
20	Еңбекшіқазақ	Бәйдібек би а/о	Бәйдібек би	11138	14185	14749	15525
21	Еңбекшіқазақ	Жаңашар а/о	Жаңашар	4039	5144	5417	5578
22	Еңбекшіқазақ	Жаңашар а/о	Базаркелді	962	1225	1295	1430
23	Еңбекшіқазақ	Жаңашар а/о	Космос	2429	3094	3160	3528
24	Еңбекшіқазақ	Қаракемер а/о	Қаракемер	5765	7342	7623	8043
25	Еңбекшіқазақ	Қаракемер а/о	Сатай	304	387	404	423
26	Еңбекшіқазақ	Қаракемер а/о	Талдыбұлақ	1307	1665	1700	1845
27	Еңбекшіқазақ	Көктебе а/о	Қызылжар	4513	5748	6010	6265
28	Еңбекшіқазақ	Көктебе а/о	Алмалы	3102	3951	4072	4350
29	Еңбекшіқазақ	Көктебе а/о	Көктөбе	4238	5398	5641	5885
30	Еңбекшіқазақ	Көктебе а/о	Төле би	3053	3888	4070	4235
31	Еңбекшіқазақ	Қырбалтабай а/о	Қырбалтабай	1831	2332	2362	2644
32	Еңбекшіқазақ	Қырбалтабай а/о	Ақжал	308	392	408	453
33	Еңбекшіқазақ	Қырбалтабай а/о	Екпінді	468	596	621	689
34	Еңбекшіқазақ	Қырбалтабай а/о	Қайнар	230	293	310	341
35	Еңбекшіқазақ	Қырбалтабай а/о	Шалқар	245	312	327	362
36	Еңбекшіқазақ	Рахат а/о	Қайназар	5122	6523	6737	7174
37	Еңбекшіқазақ	Рахат а/о	Азат	4421	5631	5896	6131
38	Еңбекшіқазақ	Рахат а/о	Өрікті	12264	15620	16292	17055
39	Еңбекшіқазақ	Рахат а/о	Рахат	2519	3208	3356	3496
40	Еңбекшіқазақ	Саймасай а/о	Саймасай	4205	5356	5616	5826
41	Еңбекшіқазақ	Саймасай а/о	Амангелді	2216	2822	2947	3079
42	Еңбекшіқазақ	Ташкенсаз а/о	Ташкенсаз	3764	4794	4995	5239
43	Еңбекшіқазақ	Ташкенсаз а/о	Баяндай	1132	1442	1601	1740
44	Еңбекшіқазақ	Ташкенсаз а/о	Құлжа	450	573	721	756
45	Еңбекшіқазақ	Түрген а/о	Түрген	13943	17758	18487	19418
46	Еңбекшіқазақ	Түрген а/о	Таутүрген	806	1027	1068	1123
	Жамбыл ауданы			100935	128552	147040	168171
47	Жамбыл	Қарасу а/о	Сарыбай би	2633	3353	3801	4365

48	Жамбыл	Қарасу а/о	Еңбекшіарал	1144	1457	1826	2036
49	Жамбыл	Қарасу а/о	Қайназар	3128	3984	4080	4685
50	Жамбыл	Қарасу а/о	Қарасай	559	712	754	885
51	Жамбыл	Қарасу а/о	Қызылсөк	205	261	298	342
52	Жамбыл	Қарғалы а/о	Қарғалы	29960	38157	42531	49086
53	Жамбыл	Мыңбаев а/о	Мыңбаев	5120	6521	6982	8160
54	Жамбыл	Таран а/о	Балғабек Қыдырбекұлы атындағы	2893	3685	3886	4564
55	Жамбыл	Ұзынағаш а/о	Ұзынағаш	39582	50412	60371	68181
56	Жамбыл	Ұзынағаш а/о	Жаңақұрылыс	4223	5378	6801	7561
57	Жамбыл	Ұзынағаш а/о	Ынтымақ	3405	4337	5276	5931
58	Жамбыл	Шолаққарғалы а/ о	Үмбетәлі Кәрібаев	3753	4780	4798	5727
59	Жамбыл	Шолаққарғалы а/ о	Қасымбек	3149	4011	4107	4870
60	Жамбыл	Шолаққарғалы а/ о	Шолаққарғалы	1181	1504	1528	1778
	Іле ауданы			192158	244734	273737	327983
61	Іле	Ащыбұлақ а/о	Жәпек батыр	8916	11355	11928	14651
62	Іле	Ащыбұлақ а/о	Көкқайнар	3929	5004	5796	6906
63	Іле	Ащыбұлақ а/о	Мұхаметжан Гүймебаев	15207	19368	25058	28913
64	Іле	Ащыбұлақ а/о	Төле би	1147	1461	1700	2022
65	Іле	Байсерке а/о	Әлі	1445	1840	2447	2802
66	Іле	Байсерке а/о	Байсерке	18406	23442	23769	29536
67	Іле	Байсерке а/о	Жаңадәуір	3030	3859	4499	5350
68	Іле	Байсерке а/о	Жаңаталап	1415	1802	2159	2547
69	Іле	Байсерке а/о	Көктерек	710	904	1093	1286
70	Іле	Байсерке а/о	Ынтымақ	4650	5922	6453	7835
71	Іле	Байсерке а/о	Қоянқұс	2930	3732	4148	5005
72	Іле	Жетіген а/о	Енбек	685	872	1041	1229
73	Іле	Жетіген а/о	Жетіген	20288	25839	26322	31854
74	Іле	Жетіген а/о	Қайрат	220	280	283	347
75	Іле	Жетіген а/о	Құйған	1100	1401	1602	1916
76	Іле	Жетіген а/о	Жаңа Арна	935	1191	1332	1605
77	Іле	Каздик а/о	КазЦИК	13225	16843	17927	21928
78	Іле	Каздик а/о	Комсомол	3080	3923	4507	5383
79	Іле	Қараой а/о	Қараой	5971	7605	8619	10338
80	Іле	Қараой а/о	Қосөзен	2950	3757	3971	4868
81	Іле	Қараой а/о	Нұрғиса Тілендиев	2480	3159	3404	4147
82	Іле	Междуреченский а/о	Междуречен-ское	8608	10963	11065	13771

83	Іле	Междуреченский а/о	Екпінді	2910	3706	4367	5177
84	Іле	Междуреченский а/о	Жауғашты	1420	1809	1964	2386
85	Іле	Боралдай к.	Боралдай	32179	40983	41871	51899
86	Іле	Чапаевский а/о	Чапаев	10055	12806	13823	16832
87	Іле	Энергетический а/о	Қарасу	541	689	721	834
88	Іле	Энергетический а/о	Өтеген батыр	16722	21297	32466	35881
89	Іле	Энергетический а/о	Покровка	7004	8920	9402	10735
	Қарасай ауданы			263145	335144	387852	443758,95
90	Қарасай	Қаскелең қалалық әкімшілігі	Қаскелең	66436	84613	113767	144207
91	Қарасай	Қаскелең қ.ә.	Көктөбе	20	25	29	34
92	Қарасай	Әйтей а/о	Айтей	6897	8784	9804	10704
93	Қарасай	Әйтей а/о	Еңбекші	3316	4223	4731	5209
94	Қарасай	Әйтей а/о	Құмарал	1017	1295	1420	1485
95	Қарасай	Әйтей а/о	Сауыншы	333	424	475	524
96	Қарасай	Әйтей а/о	Үштерек	1515	1930	2088	2111
97	Қарасай	Елтай а/о	71 разъезд	429	546	586	590
98	Қарасай	Елтай а/о	Ақсеңгір	730	930	1024	1082
99	Қарасай	Елтай а/о	Береке	5608	7142	7569	7789
100	Қарасай	Елтай а/о	Елтай	2161	2752	2903	3012
101	Қарасай	Елтай а/о	Жармұхамбет	1142	1454	1559	1573
102	Қарасай	Елтай а/о	Исаев	1777	2263	2394	2471
103	Қарасай	Елтай а/о	Қаратөбе	672	856	934	965
104	Қарасай	Елтай а/о	Көкөзек	2302	2932	3082	3217
105	Қарасай	Елтай а/о	Көктоған	371	473	512	520
106	Қарасай	Жамбыл а/о	Батан	2750	3502	3722	3812
107	Қарасай	Жамбыл а/о	Жамбыл	4522	5759	5997	6361
108	Қарасай	Жамбыл а/о	Қошмамбет	5444	6934	7219	7658
109	Қарасай	Жамбыл а/о	Ұлан	2990	3808	4026	4160
110	Қарасай	Жандосов а/о	Жандосов	7049	8978	10423	12405
111	Қарасай	Жандосов а/о	Қайрат	213	271	315	375
112	Қарасай	Жандосов а/о	Шалқар	4040	5145	5935	6968
113	Қарасай	Іргелі а/о	Іргелі	12862	16381	16417	18577
114	Қарасай	Іргелі а/о	Кемертоған	3065	3904	3914	4426
115	Қарасай	Іргелі а/о	Көксай	12177	15509	15856	17351
116	Қарасай	Жана Шамалған а/о	Жангелді	44	56	68	88



117	Қарасай	Жаңа Шамалған а/о	Көлашы	4494	5724	6405	7038
118	Қарасай	Жаңа Шамалған а/о	Құркұдық	40	51	57	61
119	Қарасай	Жаңа Шамалған а/о	Тұрар	4486	5713	6397	7033
120	Қарасай	Жаңа Шамалған а/о	Шамалған	23303	29679	32682	34555
121	Қарасай	Первомайский а/о	Бекболат Әшекеев	5242	6676	7715	9093
122	Қарасай	Первомайский а/о	Қайнар	1933	2462	2837	3322
123	Қарасай	Первомайский а/о	Сауыншы	338	430	494	574
124	Қарасай	Райымбек а/о	Абай	11314	14410	16049	17434
125	Қарасай	Райымбек а/о	Бұлақты	5250	6686	7400	7918
126	Қарасай	Райымбек а/о	Долан	2287	2913	3236	3496
127	Қарасай	Райымбек а/о	Құмтоған	153	195	208	212
128	Қарасай	Райымбек а/о	Қырғауылды	7722	9835	10862	11567
129	Қарасай	Райымбек а/о	Райымбек	6565	8361	9140	9491
130	Қарасай	Таусамалы а/о	Жаңатұрмыс	4945	6298	7291	8627
131	Қарасай	Ұмтыл а/о	Алмалыбақ	4907	6250	6958	7555
132	Қарасай	Ұмтыл а/о	Жалпақсай	7101	9044	10050	10862
133	Қарасай	Ұмтыл а/о	Көлді	1671	2128	2376	2595
134	Қарасай	Ұмтыл а/о	Мерей	1927	2454	2789	3172
135	Қарасай	Үшқоңыр а/о	Айқым	29	37	44	57
136	Қарасай	Үшқоңыр а/о	Үшқоңыр	19556	24907	28094	31422
	Талғар ауданы			196293	250000	296458	330675
137	Талғар	Талғар қ.ә.	Талғар	44229	56330	83844	100433
138	Талғар	Алатау а/о	Қызылқайрат	7453	9492	10652	11845
139	Талғар	Алатау а/о	Алмалық	1205	1535	1749	2012
140	Талғар	Алатау а/о	Алтындән	186	237	270	310
141	Талғар	Алатау а/о	Амангелді	1130	1439	1555	1579
142	Талғар	Алатау а/о	Байбұлақ	560	713	813	933
143	Талғар	Алатау а/о	Береке	688	876	991	1121
144	Талғар	Алатау а/о	Орман	87	111	126	143
145	Талғар	Алатау а/о	Рысқұлов	3361	4281	4808	5357
146	Талғар	Алатау а/о	Шымбұлақ	904	1151	1309	1499
147	Талғар	Белбұлақ а/о	Белбұлақ	9101	11591	12841	13857
148	Талғар	Белбұлақ а/о	Бірлік	3365	4286	4747	5121
149	Талғар	Белбұлақ а/о	Талдыбұлақ	5866	7471	8284	8959
150	Талғар	Бесағаш а/о	Бесағаш	20472	26073	29020	31664
151	Талғар	Бесағаш а/о	Ақбұлақ	178	227	258	295

152	Талғар	Бесқайнар а/о	Бесқайнар	1932	2461	2672	2746
153	Талғар	Бесқайнар а/о	Қотырбұлақ	97	124	141	162
154	Талғар	Гүлдала а/о	Гүлдала	9828	12517	13689	14319
155	Талғар	Гүлдала а/о	Кіші Байсерке	2008	2557	2707	2598
156	Талғар	Гүлдала а/о	Жаңа Қуат	3600	4585	4768	4984
157	Талғар	Қайнар а/о	Еркін	3986	5077	5568	5867
158	Талғар	Қайнар а/о	Достық	157	200	201	225
159	Талғар	Қайнар а/о	Еламан	984	1253	1366	1417
160	Талғар	Қайнар а/о	Жалқамыс	3069	3909	4127	4255
161	Талғар	Қайнар а/о	Жаңаарна	320	408	453	494
162	Талғар	Қайнар а/о	Жаңалық	3145	4005	4012	4534
163	Талғар	Қайнар а/о	Көктал	2089	2661	3036	3291
164	Талғар	Қайнар а/о	Қайнар	904	1151	1202	1340
165	Талғар	Қайнар а/о	Дәулет	2500	3184	3532	3823
166	Талғар	Қайнар а/о	Сақтан	207	264	296	331
167	Талғар	Қайнар а/о	Тереңқара	367	467	500	504
168	Талғар	Кеңдала а/о	Кеңдала	7307	9306	10251	11726
169	Талғар	Кеңдала а/о	Ақдала	970	1235	1308	1524
170	Талғар	Кеңдала а/о	Ақтас	1080	1375	1378	1647
171	Талғар	Кеңдала а/о	Еңбекші	1836	2338	2415	2670
172	Талғар	Нұра а/о	Нұра	4800	6113	6856	7613
173	Талғар	Нұра а/о	Қаратоған	356	453	511	574
174	Талғар	Нұра а/о	Өстемір	1944	2476	2722	2883
175	Талғар	Нұра а/о	Туғанбай	2236	2848	3243	3726
176	Талғар	Панфилов а/о	Панфилов	10843	13810	15465	17114
177	Талғар	Панфилов а/о	Арқабай	884	1126	1222	1345
178	Талғар	Панфилов а/о	Каменское плато	151	192	256	266
179	Талғар	Панфилов а/о	Қарабұлақ	4313	5493	6126	6716
180	Талғар	Панфилов а/о	Қызылту	5357	6823	7632	8425
181	Талғар	Панфилов а/о	Төңкеріс	2445	3114	3472	3805
182	Талғар	Панфилов а/о	Түзусай	407	518	558	617
	Талғар	Тұздыбастау а/о	Тұздыбастау	17386	22143	23505	24008
183	Қапшағай қаласы			52699	67118	80164	97883
184	Қапшағай қаласы		Қапшағай қаласы	45956	58530	69693	85940
185	Қапшағай қалалық әкімшілік	Заречный а/о	Заречное	5582	7109	8664	9883
186	Қапшағай қалалық әкімшілік	Заречный а/о	Арна	1109	1412	1730	1971
187	Қапшағай қалалық әкімшілік	Шеңгелді а/о	Бөктер	19	24	28	33
188	Қапшағай қалалық әкімшілік	Шеңгелді а/о	Құлантөбе	33	42	48	56

189	Gate City					60000	71594
	Алматы агломерациясы (облысы) бойынша жиыны			985232	1254800	1494345	1715669
190	Алматы қаласы			1801713	2216500	2410335	2876104
	Алматы агломерациясы бойынша барлығы			2786945	3471300	3904680	4591773

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК